

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘӨЖ 279.16

Қолжазба құқығында

Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызы

Мормондар қауымдастығы: дінтанулық талдау

6D020600 – Дінтану

**Философия докторы PhD
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация**

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық ғылыми кеңесші:
филос.ғ.д., доцент Затов Қ.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Хиллари Каел

доктор PhD

Конкордия университетінің (Канада)

ассистент профессоры

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2020

Диссертация құрылымы:

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ИСА МӘСІХТІҢ СОҢҒЫ ЗАМАНДАҒЫ ӘУЛИЕЛЕРІ ШІРКЕУІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ	13
1.1 Мормондар ілімінің пайда болу тарихы және алғашқы қауымдары.....	13
1.2 Мормондардың киелі кітаптары мен мәтіндері.....	23
1.3 Мормондықтың діни ілімі мен ғибадаттары.....	33
2 ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МОРМОНДЫҚ	
2.1 Қазіргі әлемдегі мормондық шіркеулер.....	55
2.2 Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің құрылымы мен ұйымдары.....	67
2.3 Мормондық шіркеудің миссиясы мен қазіргі миссионерлік қызметі.....	77
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МОРМОНДЫҚ ШІРКЕУІ	
3.1 Қазақстандағы діни ахуал және мормондықтың таралуы.....	86
3.2 Қазақстандағы мормондық шіркеулердің миссионерлік, қайырымдылық және ағартушылық қызмет бағыттары.....	96
3.3 Қазақстан Республикасы Алматы қаласы приходында жүргізілген әлеуметтік бақылау нәтижелері.....	105
ҚОРЫТЫНДЫ	117
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	122
ҚОСЫМША	128

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылады.

Аарон (Харұн) - Көне Өсиеттегі Мұсаның ағасы және яһудилерді Мысыр құлдығынан босату кезіндегі серігі, еврей халқынан шыққан ең алғашқы бас діни қызметкер. Ол еврей дінбасыларының жалғыз заңды тұқымы - Коэндердің негізін қалаушы болды. Ааронның тікелей ұрпағының бәрі діни қызметкерлер болуы тиіс. Оның ұрпақтарына Аарондық қасиеттілік шені мұрагерлік жолмен беріледі. Ааронды Құдайдың өзі сайлағанын оның таяғының керемет түрінде гүлденгені растайды. Аарон исламда Мұса пайғамбардың ағасы Харұн ибн Имранның атымен белгілі.

Аарондық (Харұндық) діни шені – Ааронның ұрпақтары қасиетті шенге ие болған. Аароннан тараған ұрпақтар адамдарға Аарондық батасы мен қасиеттілік шенін берген. Мормондық ілімге сәйкес, мормондық дін қызметкерлері де өздерін Ааронның ұрпақтары ретінде санап, әлі күнге дейін осы қасиетті шен беруді жалғастырып келеді.

Конфирмация – мормондардың діни іліміндегі Аарондық немесе Мелхиседектік қасиетті шенге ие ер мормондар жаңадан шоқынған адамды қоршап тұрып басына қол қою арқылы Қасиетті Рухты сыйға беру рәсімі.

Ламаниттер – Мормон кітабындағы ежелгі Америка жерінде өмір сүрген алғашқы пайғамбар Легийдің үлкен ұлы Ламанның ұрпақтары.

Мелхиседек – Көне Өсиеттегі алғашқы бас діни қызметкер, Салимның патшасы, Шалемдегі (Иерусалим) ең жоғары діни қызметкер, Ибраһим кезіндегі патриарх.

Мелхиседек діни шені – мормондық ілімдегі Аарондық діни шенінен жоғарғы тұратын діни шен, ол тек ерлерге ғана беріледі, бұл діни қызметкерлер шіркеудегі құпия рәсімдерді жасауға құқылы.

Мормон – Мормон кітабындағы әскербасы, әрі Американың ежелгі тарихын алтын тақтайшаларға жазып, ұлы Моронийге қалдырған пайғамбар. Мормон кітабы осы пайғамбардың атымен аталған.

Мормондар - Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің мүшелеріне берілген лақап ат. Ол Мормон пайғамбар жазып қалдырған Мормон кітабының атауына байланысты қойылған.

Мороний – Мормон кітабындағы Мормон пайғамбардың ұлы, ең соңғы нефийлік пайғамбар, ол әкесі Мормонның жазып қалдырған тарихи жазбаларын толықтырып, жасырып қойған нефийлік пайғамбар.

Нефиттер – Мормон кітабындағы ежелгі Америка жерінде өмір сүрген алғашқы пайғамбар Легийдің ұлы Нефийдің ұрпақтары, олар б.з. IV ғ. ламаниттермен соғыста жойылған.

Ривайвел – Құрама Штаттардың рухани өміріндегі ұлы діни жаңғырулар. Мормондар Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі осы кезеңде пайда болған деп санайды.

Урим және Туммим – Киелі кітапта аталған заттар, олардың көмегімен бас діни қызметкер халықтың немесе патшаның атынан Құдайдан сұраған. Ал

Мормон кітабында адамға басқа тілдерден аударуға және аян алуға көмектесу үшін Құдай жіберген асыл тастар түріндегі құралдар. Шіркеудің негізін қалаушы Джозеф смит Мормон кітабын көнемысыр тіліндегі алтын тақтайшалардан осы тастардың көмегімен аударған.

Эндоумент – «Endow» сөзі Жаңа Әсиетте кию, киім кию, абыройлы болу деген мағынаны білдіреді. Ғибадатхана қабырғасында өткізілетін мормондардың құпия рәсімі, басқаша «діни киім кию» (облачение) рәсімі деп те аталады. Оған жуындыру және майлау рәсімдері кіреді. Оны өту үшін шіркеу мүшелері шіркеу басшыларынан бір немесе бірнеше рет ғибадатханалық ұсыныс алуы керек. Бұл рәсімді өткен адамға арнайы киім беріледі, оны мормондар киімдерінің астынан үнемі киіп жүреді.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Қазақстанның тәуелсіздік алып егеменді мемлекет болып қалыптаса бастауымен саясат, экономика, әлеуметтік және рухани салада түбегейлі өзгерістер орын алды. Жетпіс жылдан аса үстемдік етіп келген коммунистік идеологиядан бас тарту елімізде дүниетанымдық плюрализмнің кең қанат жаюына ықпал етті. Ал бұл өз кезегінде руханият пен мәдениетке, қоғамдағы діни ахуалға өз әсерін тигізіп, мемлекеттің дін саласындағы ұстанымдарының өзгеруіне алып келді. Қоғамдық санада діни ренессанс үдерістері қарқынды дамыды, бұл дәстүрлі діндердің, соның ішінде, ислам мен православиенің қайта жаңғыруына қолайлы жағдай қалыптастырды. Осы жылдары елімізде дәстүрлі конфессиялардың қайта жандануымен қатар, бұрын бейтаныс болып келген діни ағымдар да бой көрсете бастады. Ал 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы қандай да болмасын діндердің барлығы теңқұқылы, бірдей мүмкіндікке ие дей отырып, дәстүрлі емес діни ағымдардың елімізге келіп, өз жұмыстарын ашық жүргізуіне мүмкіндік берді. Солардың бірі Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі болды. Бұл диссертация Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің генезисін, қалыптасуы мен дамуын зерттеуге, діни ілімнің ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдауға, шіркеудің әлеуметтік құрылымына, осы деноменацияның Қазақстанда таралуының факторлары мен себептерін анықтауға, сондай-ақ Республика азаматтарының осы діни ағымға өту себептерін түсіндіруге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның конфессионалдық кеңістігі өзгеріп жаңа діни ағымдармен толығып күрделене түсті. Егемендік қарсаңында елімізде 700-дей діни бірлестік болған болса, қазіргі таңда олардың қатары 3000-нан асады. Еліміздегі жаңа діни бірлестіктердің қарқынды өсуі мен белсенді қызметі, қоғамның конфессионалдық кеңістігінің саралануы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ дәстүрлі діни бірлестіктердің қызметіне қатысты алаңдаушылық тудырды.

Азаматтардың басым көпшілігі жаңа діни ұйымдардың миссионерлік қызметіне, соның ішінде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі ізбасарларының қызметіне үреймен қарады. Қарапайым азаматтар арасында ғана емес, сонымен қатар дінтанушы мамандар арасында да ЖДА-ның осындай белсенді таралуы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне және ұлттық бірегейлікке қауіп төндіруі мүмкін деген пікірлер болды. Алайда, сонымен бірге, жаңа діни ағымдардың қызметін ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеулер болған жоқ. Бұл диссертациялық жұмыс Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің пайда болу тарихы мен таралуын жүйелі, жан-жақты зерттеуге бағытталған алғашқы әрекеттердің бірі. Мормон қауымдастығының ізбасарларының саны біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде өсіп келе жатқанына қарамастан, бұл ұйымның қызметі қазақстандық ғалымдардың арнайы дінтанулық зерттеу пәніне

айналмады. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін бұл шіркеудің тарихы, ілімі, культі және культтен тыс қызметі туралы басылымдардың саны мардымсыз. Мормон қауымдастығының ілімі мен культінің ерекшеліктері ғана емес, сонымен қатар осы деноменацияның жетістікке жету тарихы, бастапқыдағы кішкентай діни қауымдастықтың АҚШ-та ғана емес, бүкіл әлемдегі ең ықпалды және танымал діни ұйымға айналғаны туралы мәселе ерекше қызығушылық тудырады. Мормондар енді діни субмәдениет деп саналмайды, керісінше, олар табысты бизнесмендер, жақсы көршілер, салауатты өмір салтын ұстанатын, салт-дәстүрлерді сақтайтын күшті отбасылар ретінде қабылданады. Бұл таңқаларлық жайт емес, өйткені осы шіркеу қатарынан АҚШ-та бірқатар беделді саясаткерлер мен басшылар, бизнесмендер шықты.

Бүгінгі күні толеранттылық пен діни плюрализм идеялары, тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу сияқты дамыған демократиялық батыс елдерінің сипаттамалық ерекшеліктері қазақстандықтардың көпшілігіне жақын бола бастады. Діни қауымдастықтардың ерекшеліктерін зерттеуге қоғамның қызығушылығы артып келеді, ілімі мен культтың ерекшеліктері туралы білу азаматтардың санасында басқа діни дәстүрлерге, әдет-ғұрыптар мен рәсімдерге құрметпен және төзімділікпен қарауды қалыптастыруда. Екінші жағынан, адамның өзіндік діни сенімі мен дәстүрін түсінуі де бар. Салыстыру арқылы қазақ халқы өзінің тарихи тамыры мен рухани тәжірибесі бар ерекше бір тұтастық ретінде сезінеді және қабылдайды. Мұның бәрі қазіргі кездегі Қазақстанда тіркелген түрлі діни дәстүрлерді, соның ішінде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің ілімі мен ғибадат ерекшеліктерін, қоғамдық ұйымының эволюциясын терең ғылыми талдауды және теориялық зерттеуді қажет етеді.

Зерттелу деңгейі

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі қалыптасып тарала бастағаннан ақ америкалық рухани және зайырлы мәдениеттің жарқын құбылысы ретінде АҚШ-тың зерттеушілері, жазушылары мен дінтанушыларының назарын өзіне аударта бастады. Дж. Г. Бидль «Тұзды көл» аймағына көш аударған мормондардың қылмыстары туралы жазады, М. Твен өз еңбегінде мормондардың ілімі мен тұрмысын күлкіге айналдырады, Ч. Диккенс мормондардың ұйымшылдығы мен рухани күштерімен басқа иммигранттарға ұқсамайтындығын аса құрметпен жазады, Г. Стэнсбери Солт-Лейк Ситидегі мормондар қауымының өмірі туралы саяхатшы көзқарасымен жазады, бұл қызығушылық шіркеу пайда болғаннан бері екі ғасыр бойы басылмай келеді және ағылшын тілінде мормондар туралы апологеттердің де сыншы көзқараспен жазылған көп мақалалар мен зерттеулер табуға болады. (Tanners J&S, Mauss A.L., Bradford M.J., Dyal D.H., Howsepian A.A., Harrison G.T., Key T., Norwood L.A., Porter L.C. , Ostlings R&J, McKeever B., Marguardt M.H. және т.б.)

Сонымен қатар шіркеудің өзі де құрылғаннан бастап өзін-өзі зерттеуде, шіркеу тарихына байланысты кітаптар жазып, басып шығаруда алдына жан салмады. Атап айтар болсақ «История недавних гонений мормонов в штате Миссури» (1840ж.), Киддер Д. «Мормонизм и мормоны исторический взгляд на

рост и развитие секты Святых последних дней» (1842 ж.), «История Общества молодых женщин» (1910 ж.), «История Церкви» (1989 ж.), «История священства» (1849 ж.), храмдары туралы Тэлмедж Дж «Дом Бога», қағидалары бойынша «Инструкция для всех с Символами Веры и доктриной Церкви Святых последних дней» (1837 ж.), Роберте Б. «Анализ Книги Мормона», «Трактат о Евангелие» (1842 ж.), отбасылық қатынастарға байланысты шіркеу Президенттерінің ілімдері Туллидж Э. «Женщина в мормонизме» (1877 ж.), Телмэдж Дж. «Брачные инструкции», Андерсон Дж. М. «История полигамии фикция и факт» (1979ж.), мормондық пен масондық туралы Ивинс Э. В. «Отношения мормонизма и масонства» (1934ж.), МакГэвин Сэсил «Мормонизм и масонство» (1949 ж.), 1992 жылы шіркеу бірінші рет «Мормондық энциклопедиясын» басып шығарды.

Ресейде мормондар шіркеуі 1991 жылы тіркелген, соған байланысты оны зерттеу бертін келе басталды. 1990 жылдың басында мормондар туралы түрлі газет журналдарда шіркеудің тарихы, ілімі, тәжірибесі туралы, ресейлік мормондармен әңгімелер сияқты ақпарат беруге арналған бірден-саран мақалалар жарық көре бастады. (Устименко Ю. «В гостях у мормонов», Михайлусенко И. «Церковь мормонов», Дремова Г. «Тайна золотых листов», Соколов В. «Апостолы процветания», Синицына Л. «Когда святые маршируют», Федоров В. «Мормоны в России»)

Ресейлік зерттеушілерден С.Г. Антоненконың «Мормоны в России, путь длиною в столетие» (1994 ж.), О.Ю. Кривошеенконың «Церковь Иисуса Христа Святых последних дней как конфессиональный феномен» (2009 ж.) жұмыстарын атап айтуға болады. Мұндай еңбектердің қатарына шетелдік зерттеушілер М. Кованның «В ответ на заявления мормонов», У. Мартиннің «Царство культов», Д. Макдауэлл және Д. Стюарттың «Обманщики», сонымен қатар Э. Кайзердің «Как противостоят мормонам» және т.б. жатқызуға болады. Бірақ, бұл еңбектерде авторлар мормондардың маңызды ілімдеріне талдау жасамайды. Дж. Бидльдің 1892 ж. жазылған «Жизнь мормонов в Юта или тайнства и преступления мормонизма» (орыс тіліне аударылған) еңбегі мормондардың өмірі туралы жақсы жазылған еңбек болып табылады. Сонымен қатар ресейлік православтық авторлардың еңбектері де зерттеу тақырыбы үшін маңызды. Осы тұрғыдан А.Л. Дворкиннің «Пророки и боги мормонов», О. Казаковтың «Плач о мормонах», Ю.А. Кондратьевтің «История и вероучение секты мормонов» атты зерттеулеріне тоқталдық.

Сонымен қатар, Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің бұрынғы мүшелерінің ғаламторда осы ұйымның әдет-ғұрыптары, миссионерлік жұмысы, ілімі мен шіркеу өмірінің ережелерін сынай отырып жазған бірнеше жарияланымдар мен диссертациялық жұмыстар бар, олар Ю. Диденко, Ю. Кондратьев, А. Тарасюк, М. Креонскийлардың тарапынан жазылған.

Зерттеу барысында орыс және шетел тілдеріндегі ғылыми басылымдар, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған шіркеу қызметіне қатысты материалдар, мормон қауымдастығының негізін қалаушылардан басталған қасиетті мәтіндер, сондай-ақ шіркеу ізбасарларының басылымдары талданды.

Негізгі дереккөздер ретінде мормондар арасындағы Киелі кітаппен қатар қасиетті саналатын «Мормон кітабы. Иса Мәсіх туралы тағы бір куәлік», «Ілімдер мен Өсиеттер», «Асыл Маржан», «Шіркеу Президенттерінің Ілімдері» пайдаланылды. Осы алғашқы дереккөздерге терең ғылыми талдау жасау Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуі ілімінің ерекшелігі мен культінің қалыптасуын түсінуге мүмкіндік береді.

Өкінішке орай, қазақ тілінде бұл тақырып бойынша ақпарат пен ғылыми зерттеулер өте аз, қолда бар материалдар сипаттамалық бағытта. Қазақстанға келгендеріне жиырма жылдан аса уақыт өтсе де, бұл ұйым қазақ дінтанушылары тарапынан тереңдетіп зерттелмеген. Оның себебі ұйымның еліміздегі сенушілерінің кішігірім көлемінде және миссионерлік қызметтің ерекшелігінде болуы мүмкін. Бірақ соған қарамастан оны ұстанушылар санының өсуі байқалады, мүмкін болашақта Қазақстан осы конфессияның Орталық Азияға таралуы мен енуінің орталықтарының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұның бәрі осы тақырыпқа деген қызығушылықты оятады.

Зерттеу бағытына бағдар ретінде біз отандық авторлар Н.Ж. Бәйтенова, Қ.А. Затов, Ш. Рысбекова, Қ.М. Борбасова, Б.Б. Бейсенов, А.Д. Құрманалиева, Б.Б. Мейрбаевтардың «Қазақстандағы діндер», «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар», «Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер» сияқты ұжымдық еңбектеріне сүйендік. Дінтану бойынша бұл оқулықтар мен оқу құралдары осы шіркеудің қызметі мен тарихы туралы қысқаша ақпарат береді. еңбектерінен бұл ұйымның қызметі мен тарихы туралы қысқаша мәліметтер алуға болады. Сондай ақ, бұл ұйымның тарихы, ілімі және ғибадатымен таныстыратын ақпараттар энциклопедиялар мен анықтамалық брошюраларда, атап айтатын болсақ, Дін Істері Комитеті, Діндер мен мәдениеттің халықаралық орталығымен жазылған қысқаша «Религиозные объединения в Казахстане: Справочник» анықтамалығында және «Религии в Казахстане: Хрестоматия в 2-х частях» хрестоматиясында келтірілген.

Шіркеу тарихы мен қызметіне байланысты кейбір мәселелер М.С. Халық «Мормоны в Казахстане: история и вероучение», Ишимбетов Р. «Сіз мормондар сектасын білесіз бе?» мақалаларында қарастырылған.

Зерттеуде ағылшын, орыс және қазақ тілінде интернет ресурстарындағы материалдар кеңінен қолданыс тапты. Елімізде бұл тақырыпта жазылған жұмыстар жоқ болғандықтан шіркеу ілімі мен статистикасы жөніндегі негізгі мәліметтер шіркеудің ресми сайтынан алынды. Қазақстандық авторлардың интернеттегі мақалалары сыни тұрғыдан талданды, атап айтқанда: Атақты блогер Сырым Абдрахмановтың 2014 жылдың 23 сәуірінде шыққан «Казахи уходят в мормоны» мақаласы; Айдос Абдулла, АҚШ, Феникс қ. 2014 ж. «Миссионер, который принял ислам в Казахстане» мақаласы; мормон Марианна Гурианың 2011 ж. Азаттық радиосына берген сұхбаты; «Мормонка миссионерка из Казахстана» 2014ж.; «Американские мормоны в Казахстане» ж. шыққан мақала; Кулмуратова Г.: «Учение и Вера членов Церкви Иисуса Христа Святых Последних Дней: религиозно-аналитический анализ» және т.б.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.

Диссертациялық жұмыста жалпы ғылыми әдістермен қатар арнайы – салалық зерттеу әдістері: синхронды-диахронды, феноменологиялық және жүйелі-құрылымдық талдау, кросс және контенттік талдау тарихи-логикалық әдістері пайдаланылды. Әлеуметтанулық әдістер (іштен бақылау, сұхбат) сенушілердің контингенті, жынысы, жасы және әлеуметтік-этникалық құрамы туралы сенімді ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық негізін Алматыдағы мормондар қауымдастығында жүргізілген тікелей бақылаулар құрайды. Бақылау нәтижелері қазақстандық мормонның әлеуметтік-психологиялық портретін жасауға көмектесті.

Диссертациялық зерттеу классикалық дінтанудың объективтілік пен зерттеу бейтараптығы сияқты әдіснамалық қағидаларына негізделген.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Мормон шіркеуінің ілімдік және культтік ерекшеліктерін дінтанулық талдау, оның қазіргі әлемдегі және Қазақстандағы қызметінің негізгі бағыттарын талдау.

Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер қойылды.

- мормондар шіркеуінің пайда болуы мен қалыптасуының және таралуының діни ілімдік, тарихи-әлеуметтік, рухани-мәдени алғышарттарын анықтау;

- мормондар қауымдастығының киелі кітаптары мен қасиетті мәтіндерін талдау негізінде діни сенім жүйесіндегі архаикалық, көне інжілдік және ертехристиандық элементтердің синкретті сипатын ашу;

- мормондар қауымдастығының діни ілімі мен құлшылық рәсімдеріне дінтанулық талдау жасау және оның өзіндік сипаты мен ерекшеліктерін айқындау;

- мормондар шіркеуінің америкалық қоғамдық сана мен идеологиялық ұстындарының қалыптасуындағы орны мен ролін анықтау және оның шіркеу эволюциясындағы маңызын ашу;

- қазіргі әлемдегі және Қазақстандағы мормондық шіркеулердің құрылымы мен таралуын талдау, қызмет бағыттарына дінтанулық зерттеу жасау және даму векторларын саралау;

- мормон шіркеуінің үгіт-насихат, уағыз жүргізу және миссионерлік әдіс-тәсілдерін анықтау және олардың нәтижелігін сипаттау;

- мормон шіркеуінің Қазақстан Республикасындағы діни рухани үдерістерге ықпалын, конфессионалдық кеңістік пен қарым-қатынастағы орнын анықтау;

- Шіркеу қызметіне қызығушылық тудыратын және тартымдылығына ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық себептерді айқындау және конверсиялық факторларды талдау. Шіркеудің тартымдылығын арттыру үшін қауымдастықтың ізбасарлары мен көшбасшылары қолданатын әдістер мен механизмдерді зерттеу;

- Қазақстан Республикасы Алматы қаласы приходында әлеуметтік бақылау әдісі бойынша зерттеу жүргізу нәтижесінде шіркеу қауымының

әлеуметтік, этникалық және жыныстық, жас мөлшерлік құрамын анықтау және осы топтармен жұмыс жасау тәсілдерін саралау.

Зерттеу жұмысының нысаны Мормондар шіркеуінің тарихи эволюциясы, ілімдік және культтік ерекшеліктері, әлеуметтік құрылымы мен негізгі қызмет бағыттары.

Зерттеу жұмысының пәні. ҚР Мормондар шіркеуінің таралуы тенденциялары, миссионерлік әрекетінің әдіс-тәсілдері.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертацияның ғылыми жаңалығы отандық дінтану ғылымында Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі діни ілімі мен құлшылық-ғибадаты, әлеуметтік институттарының өзара байланысындағы тұтас феномен ретінде кешенді зерттеуге бағытталғандығымен айқындалады. Диссертациялық жұмыста алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында туындаған келесі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

- Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің тарихи қалыптасуы мен дамуының американизм, яғни АҚШ-тың қазіргі әлемнің тек саяси-экономикалық қана емес мәдени-рухани орталығы ретінде қалыптасуы идеясымен байланысты екені айқындалды;

- Осы шіркеудің негізін қалаушы Дж. Смиттің тұлғалық портретін саралау ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басындағы американдық әлеуметтік ортадағы діни ізденіс пен жаңғыру үдерістерінің бағытын айқындайды. Бұл бағытқа дәстүрлі шіркеуден тыс діндарлық, индивидуальды діни ізденіс және синкреттілік тән;

- Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің ілімін талдау барысында оның діни доктринасында қайта өңделген христиандық идеялармен қатар оккульттік, магиялық элементтердің және архаикалық пұтшылдық көзқарастардың да орын алғандығы және олардың діни кешендегі өзарабайланысы анықталады;

- Қазіргі уақыттағы әлемдегі және Қазақстандағы мормондар қауымының даму тенденциялары, әлеуметтік коммуникациялары, жаһандық үдерістерге бейімделуінің бағыттары анықталды;

- Құрылымдық-функциональдық талдау негізінде қазіргі мормондық шіркеудің әлеуметтік қызметінің «бастапқы қауымнан жаһандық корпорацияға» трансформациялану үдерісі мен факторлары айқындалды;

- Жаһандық әлемде шіркеудің әлеуметтік престижі, жеке тұлғалық және қауымдық перспективаларының мормондар шіркеуін таңдау мотивациясында жетекші рөл атқаратындығы дәйектеледі;

- эмпирикалық бақылау мен теориялық талдау негізінде мормондар шіркеуінің миссионерлік қызметінің өзіндік ерекшеліктері мен қолданылатын әдістері мен тәсілдері анықталып, сипатталды;

- Қазақстандағы мормондар қауымының қалыптасуы мен дамуын зерделеу негізінде қауым мүшелерінің әлеуметтік-психологиялық портреті жасалып, аксиологиялық-дүниетанымдық ұстанымдары анықталды.

- Мормон шіркеуінің қазақстандық ізбасарының әлеуметтік-психологиялық портретін теориялық модельдеу оның құндылық-дүниетанымдық талғамдары мен басымдықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Диссертациялық зерттеу нәтижелер дінтану ғылымының теориялық және методологиялық негіздерін дамытуға өз үлесін қосады. Қазіргі заманғы діни ұйымдардың қалыптасуы, дамуы мен таралуы, әлеуметтік ортамен коммуникациясын талдау оларға тән ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктерді тұжырымдауға мүмкіндік береді. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуін зерттеу барысында алынған тұжырымдарды дінтанулық зерттеудің әртүрлі салаларында теориялық материал ретінде пайдалануға болады. Зерттеу деректері мен материалдары жоғарғы оқу орны студенттеріне арнайы курстар оқуда, діни ағымдардың қызметін реттейтін мемлекеттік уәкілетті органдардың қызметінде қолданыла алады. Зерттеу материалдары 5B020600-Дінтану мамандығының студенттеріне оқылатын «Дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер» және «Жаңа христиандық ағымдар мен бағыттар» пәндеріне теориялық негіз бола алады.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

1. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің діни ілімдік негіздері мен ерекшеліктерін талдау оның доктринасының көп қырлылығы мен күрделігін байқатады. Шіркеу доктринасы неопротестанттық бағыттылығына қарамастан архаикалық оккульттік-магиялық элементтерді де қамтиды.

2. Шіркеу негізін қалаушы Дж. Смит өзін ерте христиандық бұрмаланбаған ілімді қалпына келтіруші діни реформатор ретінде танытады, бірақ ол сонымен қатар Көне Әсиеттік дәстүрді жалғастырушы ретінде де репрезентацияланады.

3. Өзінің тарихи қалыптасуы мен дамуының барысында мормондық шіркеу әлеуметтік тұрғыдан деноминация деңгейіне өткенімен, «орныққан секталарға» тән кейбір сипаттарын: негізін салушылар мен пайғамбарларының күнәдан пәк болуы, тірі пайғамбарларға сену, рухани элитарлық, прозелитизм, діни маркетингті сақтап қалады.

4. Бұл шіркеудің АҚШ-та кең таралып, табысқа жетуіне оның негізін салушы Дж. Смит пен онан кейінгі көрнекті өкілі Бригам Янгтың шіркеу доктринасын осы елдің саяси идеологиясымен шебер сабақтастыра алуы зор ықпал етті. АҚШ-ты жаңа Сион деп жариялау, адамзаттың рухани құтқарылуының ғаламдық орталығы ретінде қарастыру адам бостандығы мен теңдігін қамтамасыз етуді саяси мақсаттың күре тамырына айналдырған идеологиямен тұспа-тұс келді.

5. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің өміршеңдігі Бригам Янгтан бастап бүгінгі күнге дейін сауатты басқару жүйесіне байланысты болды. Шіркеудің өсу феноменіндегі басты рөлдердің бірі оның экономикалық саясаты болып табылады. Шіркеудің қоғам өмірін ұйымдастырудағы тәжірибесі оларды жеке және жалпы шіркеу үшін жоғары деңгейдегі әл-ауқатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін ең жақсы жұмыс істейтін нарықтық үлгіге айналдырды; экономикалық өзара көмек және әлеуметтік бағдарлама,

мормондарға қиын кезеңдерде ғана емес, АҚШ, Латын Америкасы, Азия, Африка және Тынық мұхиттағы басқа да діни ұйымдармен салыстырғанда тартымды болып көрінуге мүмкіндік береді.

6. Қазіргі уақытта шіркеу өзінің әлеуметтік тартымдылығын дамыту арқылы қоғамдық санаға ықпал етуге және жаңа әдептер тартуға талпынады. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің белсенді қайырымдылықпен айналысуы, білім мен тәрбиеге үлкен мән беруі, салауатты өмір салты мен отбасылық құндылықтарды насихаттауы – әлемдегі мормондар ұйымының имиджіне оң әсер ететін факторлар қатарынан.

7. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі миссионерлік қызметін орналасқан немесе өз миссияларын бағыттаған елдердің салт-дәстүрі мен мәдениетін ескере отырып жүргізуге талпынады. Осыған орай олардың миссионерлік қызметінің жалпы және ерекше тұстарын ажыратуға болады. Әртүрлі танымдық семинарлар, бейресми кездесулер, әлеуметтік жәрдем мен қолдау көрсету, ағылшын тілі курстарын ұйымдастыру шіркеудің жалпы миссионерлік тәсілдеріне жатса, Наурыз мейрамы, ұлттық музыка өнері аспаптарының конкурстарын ұйымдастыру біздің елімізге тән ерекше амалдар болып табылады.

8. Алматы қаласының приходында жүргізілген әлеуметтік бақылау нәтижелері мормон қауымының мүшелерінің көпұлтты сипатын айқындайды және олардың негізгі қызмет бағыттарының әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерімен жұмыс жасауына тән ерекшеліктерінің бар екенін байқатады. Шіркеу динамикасы қауым қатарында баяу болса да өсу тенденциясының бар екенін аңғартады.

9. Еліміздің азаматтары осындай жат діни ағымдардың жетегінде кетпес үшін мемлекетіміз әлеуметтік сала мен жастар ісіне көп көңіл бөліп, әлеуметтік қолдау мен ағартушылық жұмыстарын қолға алу қажет. Жас жеткіншектер мен жас өспірімдерді ғылыми-техникалық, көркем өнер мен гуманитарлық үйірмелерге тарту мүмкіндіктерін қарастыру, ағылшын тілін тегін оқыту курстарын ұйымдастыру маңызды және бұл бағытта мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің серіктестігін тиімді үйлестіру мәселені оң шешуге ықпал етеді. Орталық және жергілікті басқару органдары жастардың бос уақытын ұйымдастырумен айналысатын ұйымдарға гранттық қолдау көрсетулері тиіс.

Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі және мақұлданыуы:

Диссертацияның негізгі теориялық қағидалары автордың 10 ғылыми мақаласында, соның ішінде 3-і ҚР Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясымен бекітілген ғылыми журналдарда, 2-і ғылыми журналдарда, 4-і халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағында, 1-і Scopus базасына кіретін журналдардың бірінде жарияланған.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы: диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, глоссарий мен қосымшадан тұрады.

1 МОРМОНДЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ

1.1 Мормондар ілімінің пайда болу тарихы және алғашқы қауымдары

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі туралы әңгіме бастамас бұрын, Америка Құрама Штаттарының қоғамдық тарихына және осы діни үрдістің дәстүріне біраз үңілуіміз керек. Себебі бұл шіркеудің тарихы АҚШ-тың тарихымен тығыз байланысты. Бәріміз білетіндей штаттар 1775 – 1783 жж. тәуелсіздік үшін болған соғыс нәтижесінде қалыптасқан болатын.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің шығу тегі XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы әлеуметтік-қоғамдық қатынастармен тығыз байланыста болған АҚШ-тың діни өмірінің ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Христиан мемлекеттері арасында алғаш рет діни плюрализм идеясы Колониялы Америкада XVII ғасырдан бастап жүзеге асырыла бастады. Бұл протестантизмнің ішіндегі бір-біріне салыстырмалы түрде жақын келетін, өзін-өзі басқаратын діни қауымдастық қағидасына сәйкес ұйымдастырылған конфессиялардың плюрализмі болды. Дегенмен діни толеранттылық АҚШ өмірінің барлық кезеңдерінде, өзін-өзі басқаратын колониялар ретінде де, қалыптасқан мемлекет ретінде де американдық рухани мәдениеттің өзіне тән ерекшелігі болды. Отарлаушылар түрлі елдерден түрлі діни дәстүрлерімен келген болатын. Вирджиниядағы 1607 жылы құрылған Джеймстаундағы алғашқы тұрақты колонияның тұрғындары ресми Англикан шіркеуіне тиесілі болды. Олардың англикандық шіркеуінің қатаң болғаны соншалық, 1610 жылдан кейін он жылдықтар көлемінде, Вирджинияның заңына сәйкес, жексенбі күнгі құлшылыққа қатарынан үш рет келмесе өлім жазасына кесілетін еді. Сонымен қатар Жаңа Англиядағы (1620) Плимут колониясында және Массачусетс штатындағы (1630) колониясында қоныс аударушылар пуритандар - екі реформаторлық топтың (конгрегационалистер мен пресвитериандар) мүшелері болды. Алғашында Мэриленд колониясы негізінен католиктік еді; Пенсильванияда квакерлер колониясы, неміс протестанттары Пенсильвания штатында және басқа жерлерде қоныстанған болатын.

Нью-Йорктегі колония ресми түрде Англикандық деп саналды, алайда католиктер мен протестанттар онымен қатар бейбіт өмір сүрді (Голландиялық реформаторлар, француз кальвинистері, неміс лютерандары, Жаңа Англияның конгрегационалистері, квакерлер мен баптистер), ол сондай-ақ алғашқы еврейлердің де мекені болды. Род-Айленд 1636 жылы Роджер Уильямс колония құрғаннан кейін баптистердің отанына айналды.

Немістер мен скандинавтықтар қоныс аударған жерлерде, лютерандар мен кальвинистердің үлкен қауымдары құрылды. Сондай-ақ, Америка құрлығының байырғы халықтары туралы да ұмытуға болмайды. Отаршылар, содан кейін

Құрама Штаттарының кейінгі тұрғындары олармен қалай болғанда да қарым-қатынас орнатуына тура келді.

Тайпалық сенімдері әртүрлі американдық үндіс тайпаларының көбісі Құрама Штаттардың діни өмірінің бір бөлігі болды. Құлдықтың пайда болуымен осы көрініс тіпті дамыды. Көптеген құлдарды Батыс Африка, Конго, Анголадан әкелді, олар исламды және әр түрлі дәстүрлі Африка діндерін ұстанды [3]. Осындай діни көптүрлілігіне қарамастан, АҚШ XVIII ғ. бірінші жартысы - XIX ғасырдың екінші жартысында негізінен протестанттық мемлекет сипатында болды. Сол уақытта Құрама Штаттарда бірнеше ондаған протестанттық деноминациялар әрекет етті, олардың ішіндегі ең ірі және ең ықпалдылары: конгрегационалистер, пресвитериандар, баптистер, методистер, англикандар, неміс лютерандары, голландтық және неміс реформаттары мен квакерлер болды [4, 7 б.].

Бұндай діни плюрализм мен төзімділік жаңа діни топтардың пайда болуына қолайлы жағдай жасады. Олар сол кездегі бар діни топтармен бірге заңға және американдық құндылықтарға қайшы келмейінше өмір сүре беретін еді.

Жаңа діни топтардың пайда болуының тағы бір себебі Құрама Штаттардың рухани өмірінің ерекшелігі - діни жаңғырулар. Олар «ривайвелдер» (*revival* - ояту, рухани жаңару) деген атауға ие. Уильям Маклофлин «Жаңғыру, ояну және реформа: Америкадағы дін мен әлеуметтік өзгерістер туралы эссе, 1607-1977» кітабының авторы американдық қоғамдағы Ұлы жаңғырулардың үш кезеңін бөліп көрсетеді: Ұлы жаңғырулардың бірінші кезеңі – 1730-1760 жж., Ұлы жаңғырулардың екінші кезеңі – 1800-1830 жж., Ұлы жаңғырулардың үшінші кезеңі – 1890-1920 жж. Бұл жерде бізді екінші жаңғыру кезеңі, яғни, шіркеудің бірінші пайғамбары Джозеф Смиттің балалық және жастық шағы өткен жылдар (1800-1830 жж.) қызықтырады. Джозеф Смит отбасы мен жеке өзіне осы діни жаңғырудың әсері туралы былай айтады: «Мен басқаларға қарағанда Құдайдың даналығына мұқтажырақ болғандықтан бұл туралы көп ойлайтынмын, түрлі ағымдардың ұстаздары бір Қасиетті Жазуды әр түрлі түсіндіретін, олардың Інжілді түсіндірулері ешқандай сенім ұялатпайтын, мен көбірек даналыққа ие болмай тұрғанда не істеу керектігін білмедім және ешқашанда біле алмайтын едім» [5, 442 б.]. Джозефтің отбасында рухани жіктелу орын алды: оның ата-анасы бастапқыда конгрегационализм ықпалында болғанымен, кейін жергілікті уағызшыларға көңілдері толмай, анасы Люси Смит және оның үш баласы пресвитериандық қоғамға өтті (әкесі, Джозеф Смитпен және басқа балаларымен бұл таңдауды құптамады). Джозеф Смиттің отбасы сол жылдары Нью-Йорк қаласындағы Пальмира қалашығында тұратын. Ол жерде ривайвелистер өте белсенді қызмет етті. Олар адамдарды тәубеге келуге, әділ өмір сүруге, адамзатты құтқару ісінде Америка мен оның тұрғындарының тағдырын есте сақтауға шақырып түрлі уағыздарын айтып қаладан қалаға, ауылдан ауылға көшіп жүретін протестанттық әртүрлі діни ұйымдардың уағызшылары болды. Мұндай ұжымдық уағыз адамдардың эмоциясын тудырып, сенімдерін нығайтты, сондай-ақ бұл қарапайым адамдардың жаңа діни топтарға қосылуы немесе

олардың бұрынғы сеніміндегі белсенділігін жаңғырту үшін қажет болды. У.Г. Маклофлин: «Ұлы Жаңғырулар Америка ұлтын дамуға ынталандырды және американдықтардың ұлттық бірегейлік сезімін тудыруға өз үлесін қосты деп жазады» [4, 37 б.]. «Ұлы Жаңғырудың ұлттық шарықтау сезімі Америка халқының тарихи тағдырының даралығы туралы саяси аңыздың бұқаралық санаға сіңуіне ықпал етті. Әлемді жақсарту және «Құдай патшалығының» идеалдарын жүзеге асыру үшін «америкалықтар Құдай таңдаған бірегей ұлт» деген идеяны ривайвелистер белсенді түрде насихаттады» [4, 53 б.].

Жалпы «Құдай патшалығы» ұғымы Америкада пайда болды. Пуритандықтар өздерін Америка континентіндегі «Құдай патшалығын» құру үшін таңдалғанбыз деп санады. Алғашқы пуритан құжаттарының бірінде: «Біз Израильдің Құдайы арамызда екенін білеміз... біз тау үстіндегі қалаға ұқсайтын боламыз, барлық халықтардың назары бізде болады», - делінген [4, 106 б.]

Екінші ұлы ривайвел толқынында пайда болған Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі, американдықтардың тағдырының бірегейлігі туралы идеядан шабыттанып, оны «Сион» - «Құдай патшалығын» құру идеясына айналдырды. Пайғамбар Дж. Смит Сионды Палестинаның қасиетті жерлерінде емес, АҚШ-та, Миссури штатында орналасады деп анықтады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардан, Құрама Штаттардағы әлеуметтік және діни қатынастардың даму тарихы жаңа діни топтардың пайда болуының алғышарттарын қалыптастырды, ал «ұлы ояну» ривайвелдері сол кездегі протестанттық конфессиялардың деноминацияларын жаңа әрекеттерге жігерлендірді және христиан дінінің жаңа түрленулерінің пайда болуына, оның ішінде ХІХ ғасырда Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қарқынды таралуына ықпал етті. Американдық жазушы Джош Макдауэлл: «ХІХ ғасырда Американың діни ортасы түрлі бөлініп шыққан діни ағымдарға есігін айқара ашты, солардың ішіндегі ең жолы болғандар осы мормондар» деп жазады [6, 45 б.].

Алғашқы мормондар қауымы – тұрғылықты американдықтардан құралды. Англиядан шыққан мормон иммигранттары мінген алғашқы кемелердің бірінде болған Ч. Диккенс, бұл негізінен отбасыларымен бірге шыққан қолөнершілер болғанын жазады [7, 32 б.]. Мормондар қауымдастығының толық дербестігі үшін қолөнершілер мен фермерлер қажет еді және қауымдастықтың құрылып, қалыптасу кезеңінде, яғни ХІХ ғасыр барысында олар мормондық шіркеуінің әлеуметтік тірегіне айналды.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің тарихына көшпес бұрын бұл шіркеудің атауына тоқталып өтейік. 1830 жылы сәуірде құрылған ол бастапқыда Иса Мәсіх шіркеуі деп аталды, 1834 жылы бұл атау соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі деп өзгертілді, ал 1838 жылы бірінші және екінші нұсқалары қосылып Құдайдан түскен: «...Соңғы күндері Менің шіркеуім осылай аталатын болады, атап айтқанда: Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі» (Ілімдер мен Өсиеттер 115:4) деген Джозеф Смитке түскен аянға байланысты Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі атауына ие болды. Ал оның бейресми атауы – мормондар шіркеуі. Бұл атау «Мормон кітабынан» алынған.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің тарихы 1820 жылдың ерте көктемінен, қарапайым фермердің ұлы Джозеф Смитке Көктегі Әке Құдай мен оның ұлы Иса Мәсіх келгені туралы көріністен басталады. Осы сәттен бастап оның өмірі өзгереді. Ол Жаңа өсиет уақытының алғашқы пайғамбары бола отырып, қалпына келтірілген Ізгі хабарды әлемге жеткізу мақсатына қызмет етуі тиіс болды. Джозеф Смит 1805 жылдың 23 желтоқсанында АҚШ-тың солтүстік-шығысындағы Вермонт штаты, Шарон елді-мекенінде, Джозеф пен Люси Мак-Смиттің кедей отбасында бесінші бала болып дүниеге келген. Жастайынан Джозеф дін тақырыптарына қызығушылық танытатын еді. Жас Смит өзінің жазбаларында баяндағандай, ол діни білімін тереңдету, кемелдендіру мақсатында Інжілді көп оқитын. Болашақ пайғамбардың қалыптасуына отбасындағы жағдай да өз әсерін тигізеді. Өйткені оның әкесі мен шешесі де діндар адамдар болды және осындай діни аласапыран заманда өздерінің діни ұстанымдарын анықтау жолында ізденіске түскен-ді.

Болашақ пайғамбардың жастық шағы Нью-Йорк штаты, Пальмир қаласында өтті. Сол кездегі Пальмирде протестантизмнің үш деноминациясы (баптистер, методистер және пресвитериандар) шоғырланған еді, олардың әрқайсысының өзінің қауымы мен ұстанушылары болды. Джозеф Смиттің отбасы мүшелерінің басым бөлігі пресвитериандық қауымның мүшелері болатын. Джозефті осы деноминациялардың әртүрлілігі қызықтырды. Ол аз уақыт методистік шіркеуге барып жүрді. Бірақ ол бұл шіркеулердің қайсысының шынайы екендігін түсіне алмай дал болады. Осындай протестанттық жолайырықта тұрған жас Джозеф Інжілді мұқият оқи отырып, Иаков кітабының 1 тарау, 5-шумағында жазылған: «Егер де сіздердің біреулеріңіздің ақылы жетпей жатса, онда барлығына сұрағанын беретін Құдайдан сұрасын - ол жауабын алады» (Иаков 1:5) деген шумағына келіп тіреледі [8]. Бұл шумақтан ол орманға барып дұға жасауы керектігін түсінеді.

1820 жылдың ерте көктемінде үйіне жақын жердегі орманда Джозеф Смитке алғашқы аян келеді. Ол дұға жасау кезінде кенеттен дауыл тұрып, қап-қараңғы болып кетеді де аспаннан жарық сәуле түсіп, оған Құдай-Әке мен Құдай-Бала көрінеді. Джозеф олардан діни ұйымдардың қайсысының шынайы екендігін, олардың қайсысына сену керек екендігін сұрайды. Мормондық ілімге сәйкес, Иисус Христос оған «олардың ешқайсысы ақиқат еместігін, ешқайсысына қосылмауын» және «олардың барлық ілімдері сыртынан Құдайдың сөзіндей көрінгенімен Оның құдіретін мойындамайтынын, сондықтан да олар Оның көзінде жиіркенішті» екендігін айтады [9].

Гордон Б. Хинкли (1910-2008) – Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің 15-президенті осы жайлы былай деп жазады: «Олардың, тіпті Екеуінің келуі туралы, сонымен қатар Джозефтің оларды көргені, олармен сөйлескені және естігенін жазып алғандығы – осы атаулы оқиғалар туралы біз куәлік етеміз» [10].

Атақты дінтанушы Макс Вебер өзінің «пайғамбар» терминін енгізуде түрлі дін көшбасшыларын, діни жаңашылдық енгізуші, харизматикалық тұлғаларды қарастырған. Джозеф Смит солардың бірі болған [11, 188 б.].

Келесі үш жыл бойы Джозеф ешқандай аян алмайды. Джозеф Смиттің айтуынша, 1823 жылдың қыркүйек айының 21-нен 22-не қараған түні ол Құдайдан бар пейілімен ақиқат жолын көрсетуін сұрайды. Осы кезде оның бөлмесіне көз шағылыстырар жарық түсіп, Джозеф өз төсегінің қасында ауада қалқып тұрған аппақ қардай мантия киген адам бейнесіндегі періштені көреді. Екеуі тілдеседі. Ол Джозефті атымен атап, өзінің есімі Мороний - Құдайдың атынан келген хабаршы екендігін және Құдайдың ісін Джозефке тапсыруға келгендігін айтады. Бірінші күні жас жігітке алтын тақтайшаларға жазылған Інжілдің толық нұсқасы бар Мормон Кітабының шежіресі туралы хабар айтады. «Мормон кітабы бойынша» Мороний – Иса Мәсіхтің туылуына дейінгі IV ғасырдың аяғы мен V ғасырдың басында Америка құрлығының бұрынғы тұрғындары жайлы шежіре жазып, оны Құдайдың бұйыруымен Кумора жотасында (Нью-Йорк штаты), сыртқы қалқанына бекітілген арнайы аударма құралдары - Урим мен Туммим сиқырлы тастарымен бірге тығып қойған ең соңғы Нефийлік тарихшы болған. Киелі кітапта Урим мен Туммим тастары арқылы бас діни қызметкер халықтың немесе билеушінің атынан Құдайдан көмек сұрағандығы туралы жазылады (Сан. 27:21). Олар бас діни қызметкердің төсбелгісінде болған. Тарихта бұрынғы заманда Урим мен Туммим тастарына ие болған адамдарға көріпкелдік қасиет дарыған және бұл тастар Израильдің алғашқы діндарларының Құдаймен қарым-қатынасқа түсу құралы болған деген деректер кездеседі. Қасиетті Жазбаларды зерттеуші кейбір батыс ғалымдарының айтуы бойынша, Урим мен Туммимді ақиқаттың символы ретінде Мұса пайғамбар мысырлықтардан алған, ол жақта бас діни қызметкер мойнына алтын алқа тағып, шындықтың бейнесі немесе ақиқат деп аталатын асыл тасты әшекей тағып жүрген. Ал мормондық ілімге сәйкес, Урим мен Туммимді Құдайдың бұйыруымен алтын табақшаларды аудару үшін Мороний періште дайындап қойған делінеді [12].

Екінші күні Джозеф Смит аянда нұсқалған жерге барып, аталған заттардың барлығын табады. Бірақ Мороний Періште әлі уақыт келмегенін, оны тек төрт жылдан кейін ғана ала алатынын аян еткен болатын. Сонымен қатар, періште Джозефке Құдайдың Патшалығы қалай құрылатыны жайлы айтып береді. Бірақ, бұл көргендерін ешкімге айтпауын бұйырады.

Мороний періште айтқандай, дәл төрт жыл өткен соң, яғни 1827 жылдың 22 қыркүйегінде ғана Джозеф Смитке алтын табақшаларды ағылшын тіліне аударуға үкім беріледі. Мормондық тарихқа сай мәтін түрі өзгертілген көнемысырлық тілде жазылған болатын. Джозеф Смиттің алтын табақшаларды тапқанын естіген алаяқтардың оларды ұрлағысы келген әрекеттерінен кейін, Джозеф әйелі Эммамен бірге Пенсильвания штаты, Гармония қаласындағы қайын атасы Исаак Хейлдың үйіне көшіп келеді.

Алғашында Джозефке Пальмирадан Мартин Харрис есімді шаруа көмектеседі, бірақ алтын табақшалардың аударылған бөлігі жоғалғаннан кейін Джозеф өзінің досы Оливер Каудериге аудармаға көмектесу үшін жүгінеді. 1829 жылдың шілдесінде алтын табақшаларды ұрлатып алу қаупін сезген Джозеф пен әйелі бұл жерден де қашуға мәжбүр болады. Бұл жолы олар Файет (Нью-Йорк

штаты) қаласына келіп сол жерде жұмыстарын жалғастырады. 1829 жылдың жазында кітаптың бірінші аудармасы аяқталып, 1830 жылдың 26 наурызында Нью-Йорк штатының Пальмир қаласында «Мормон кітабының» баспа нұсқасындағы алғашқы даналары пайда болады. Осы оқиғадан соң бірнеше аптадан кейін 1830 жылдың 6 сәуірінде Джозеф Смит бес ізбасарымен бірге АҚШ-тың Нью-Йорк штаты, Файет қаласында «Иса Мәсіх шіркеуін» құрады.

Мормондық шіркеудің тарихи желісі бойынша алтын табақшаларды аудару кезінде 1829 жылдың 15 мамырында Джозеф Смитке Иоанн Шоқындырушы аян кезінде «Аарондық» қасиетті шенін бере отырып, Джозеф пен оның жақын досы Оливер Каудериге бірін-бірі шоқындыруға бұйрық береді. Мұса пайғамбардың інісі Аарон еврей халқынан шыққан алғашқы діни қызметкер болып сайланған, сондықтан оның әулетінен діни қызметкердің қадір-қасиеті ұрпақтан ұрпаққа мұра болатын. Бір сөзбен айтқанда Аарон ұрпақтары ғана діни қызметкер бола алады. Өмір сүрген кезеңінде Аарон және кейін оның ұрпақтары адамдарға Аарондық батасы мен қасиетті шенін берген. Мормондық ілімге сәйкес, олар өздерін Иса Мәсіхтің шіркеуін қалпына келтірушілер деп санайтындықтан, Аарон ұрпағы болып келетін Иоанн Шоқындырушы Джозеф Смитке осындай қасиетті шен берген. Содан бері мормондық дін қызметкерлеріне әлі күнге дейін осы қасиетті шен беру жалғасып келеді. Мормондардың тарихына сәйкес, кейінірек Пётр, Яков және Иоанн аянмен келіп Джозеф пен Оливер Каудериге «Мелхиседек» қасиетті билігін береді.

Шіркеулік оқиғалар желісі бойынша аударма біткен соң Джозеф алтын табақшаларды Моронийге қайтарып беруге мәжбүр болады. Періштенің қаһары мен ұрлатып алудан қорыққан Смит аударма бітпейінше кітапты ешкімге көрсетпейді. Тек аударма біткен соң ғана Құдайдың бұйырыуымен аударманың шынайы екендігін, жалпы алтын тақтайшалардың шынымен де болғанының дәлелі ретінде түпнұсқаның мәтіні үш куәгерге көрсетіледі. Бұл куәлік етулер Мормон кітабының кіріспе бөлімінде жазылған. Олар алтын табақшалардың болғандығын, шынында көнемысырлық тілден аударылғандығын растайтын заңды құжат ретінде қабылданады. Одан соң тағы да сегіз куәгер ежелгі қолжазбаны көргендіктерін жазбаша мақұлдайды [13, 27 б.].

Үштіктің куәлік етуінде Мартин Харрис, Оливер Каудери және Дэвид Уитмерлер қолдары қойылған. Сегіздіктің куәлік етуін: Кристиан Уитмер, Иаков Уитмер, Петр Уитмер мл., Джон Уитмер, Хайрум Пейдж, Джозеф Смит (Әкесі), Хайрум Смит және Самуил Х. Смиттер растап қол қойған [14]. Байқағанымыздай куәлік еткендердің бәрі Джозефтің жақын адамдары, яғни, достары мен туыстары болып табылады.

Мормон Кітабы жарық көрген соң 1830 жылдың 6 сәуірінде Файет қаласында Иса Мәсіхтің Шіркеуі ашылады [12].

Бастапқыда шіркеу жердегі Сион ретінде қабылданған болатын. Бірақ Құдайдың Патшалығы географиялық тұрғыда қай жерде болатындығы бірден белгілі болған жоқ. Белгілісі ол Мормон кітабының оқиғалары болған жерде екендігі еді. Алғашында шіркеу өмірінің жаңа орталығы Киртланд қаласы (Огайо штаты) деп қабылданды. Киртландта мормондық ұйымды коммуна үлгісінде

калыптастыру алға қойылды. [15, 34 б.] Джозеф Смитке осы кезде шіркеу мүшелері бірге тұрып бірге жұмыс істеп, тапқандарын бір-бірімен бөлісіп жекеменшіктен бас тарту керек деген аян келеді. Сөйтіп жеке мүліктің бәрі шіркеу меншігіне өтеді. Кейінірек Джозеф бұл тәртіптің дұрыс еместігін түсініп, бұл заңнан бас тартады. Осыдан кейін шіркеу мүшелеріне жекеменшікке иеленуге рұқсат етілді, бірақ шіркеулік шаруашылықты қолдау мақсатында табысының ондық пайызын шіркеуге беріп тұру тәртібі енгізілді. Көнеөсиеттік дәстүрге сай ондық үлес беру принципі мормондық шіркеудің де теологиялық негізіне айналды. Ондық үлес бұл тек құрбандық емес, сонымен қатар «күн көріс ырзығы» үшін Құдайға ризашылық білдіру, себебі шіркеулік қаражат шіркеудің қажеттіліктеріне немесе кедейлерге және Евангелиені таратуға көмекке жаратылады. Одан бөлек бұл мормондар шіркеуінің экономикалық тәуелсіздігі саясатының элементі болып табылады.

Мормондардың өкінішіне орай, олар тұрып жатқан Огайо штатында діни төзімсіздік орын алады. 1831 жылы Джозеф Сион болатын жер туралы аян алады. Ол Миссури штатындағы – Индепендент деген шағын әрі жаңа қала еді. Бірақ Миссури басшылығы мормондарды қабылдамай 1838 жылы Смит пен оның жақындарын ұстап түрмеге қамайды. Бірақ олар бұл қаладан көшіп кетуге келіскен соң босатылады [12].

Тағдырдың осындай шырғаландарынан кейін мормондық қауым Иллинойс штатындағы Коммерс қаласына көшіп кетеді. Бір жылдан соң бұл қаланың аты Навуға өзгереді. Бұл қала тұрғындары мормондарды жақсы қабылдайды. Джозеф Смит бұл қаланың әкімі болып сайланады. Ол бір уақытта Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің басшысы, Наву қаласының әкімі, сонымен қатар муниципалды сот басшысы қызметтерін атқарады. Генерал-лейтенант атағына ие бола отырып, жергілікті милицияға басшылық етеді. Жеке дүкенін ашып, «Уақыттар мен мезгілдер» газетінің редакторы қызметін басқарады. Бұл қалада мормондардың жолы болып, тіпті, храм сала бастайды.

Осы кезеңнің тағы бір маңызды оқиғасы – көп әйел алушылықты енгізу болды. 1841 жылы Джозеф Смит Көне Өсиет мұрасының бөлігі ретінде көп әйел алу ұстанымын жариялады. Ол көнеінжілдік арғыталардың Авраам, Иаков, Давид және т.б. бірнеше әйелдері болғанына назар аудара отырып көп әйел алу тәжірибесін енгізген болатын. Кейбір мормондар бұл шешімді тек библиялық мұраны қалпына келтіру тұрғысынан ғана емес, басқаша түсінуге бейім. Мормондарға құтқарылу үшін ғибадатханада мөрленген неке өте маңызды. Тек осылай ғана әйел күйеуі арқылы ақырғы соттан кейін жоғары мәртебелі әлемге - целистиалды патшалыққа өте алады. Ерте қоғамда ер адамдардың саны аз болғандықтан, көптеген әйелдер бұл миссиясына қол жеткізе алмаған. Соның шешімі ретінде әйелдер үшін Жоғарғы Даңқ Патшалығына ие болу осындай жолмен қол жеткізіледі.

Дегенмен американдық қоғам бұл діни ілімге сенімсіздікпен қарайды, оған саяси билік пен діни биліктің бірігіуі қосылады. Миссури мен Иллинойс штаттарының басшылары мормондардан және олардың пайғамбарынан құтылу үшін заңдық тұрғыдан себептер іздей бастайды. Доктор Ричард Х. Бушман осы

жағдай туралы: «Джозеф сол кездегі американдық саяси мәдениеттің қасиетті шекарасынан аттап кетті: ол біруақытта Шіркеу мен қаланы басқарды, бір жағынан ол – пайғамбар, екінші жағынан – қала әкімі болды» деп жазады [16, 293 б.]. Штаттың саяси элитасы Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуіне қарсы шыққан кезде, бірде-бір қоғамдық жетекші оларды қорғамаған соң, 1844 жылы Джозеф Смит Америка Құрама Штаттарының президенттігіне кандидатурасын ұсынды. Осылайша мормон пайғамбары өзінің ізбасарларының құқықтарын қорғауға мүмкіндік беретін платформаға ие болды.

Бірақ оппозиция, бұл ағымнан бөлініп шыққан бір топ құрып, пайғамбардың көпәйелділік туралы көзқарасын және көптеген құдайларға табынып, жалған принциптерді үйретеді деп ресми газет бетінде айыптайды. Әкім болып тұрған Джозеф Смиттің бұйрығымен ол газет жабылып, типография талқандалады. Бұл іске Иллинойс штатының губернаторы араласып, Джозеф Смитке қоғамдық тәртіпті бұзды деген айып тағылады да, ол ағасы Хайраммен бірге түрмеге жабылады. 1844 жылдың 27 маусымында Картидж қаласының түрмесіне қаруланған топ шабуыл жасап, Джозеф Смит пен оның ағасы Хайрумды атып кетеді [17]. Ертесіне таңертең пайғамбар Джозеф Смит пен оның ағасының денелері Наву қаласына жеткізіледі. Осылайша Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің алғашқы президентінің өмірі аяқталады.

Джозеф Смиттің өлімі қауым мүшелеріне күтпеген соққы болды. Бірақ мормон шіркеуі көшбасшыларының өлімінен кейін басқа қауымдар секілді тарап кеткен жоқ. Осы оқиғалардан кейін мормондар арасында мұрагер жөнінде мәселе көтерілді. Бұл күреске апостолдарды өз жағына тартқысы келген Сидни Ригдон мен Он екілік Кворумының басшысы Бригам Янг түсті. Сонымен қатар Джозеф Смиттің баласы үшінші Джозеф Смит те шіркеу басшылығына басты үміткер екендігін алға тартты. Арнайы жиылған форумда шіркеудің жоғарышөнді мүшелерінің көпшілігі Бригам Янгты шіркеудің жаңа Президенті әрі пайғамбар ретінде таңдайды. Ал Джозеф Смиттің баласы үшінші Джозеф Смит пен оның отбасы мүшелері бұл шешімге көңілі толмай, негізгі шіркеуден бөлініп кетіп, өздерінің «Иса Мәсіхтің қайта құрылған соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі» ұйымын құрады. Бұл аталған діни ұйымның екіге жіктелуіне әкеліп соқты. Бірақ қайта құрылған шіркеуді қолдаушылардың қатары бас мормондық ұйымның санынан әлдеқайда аз болды және діндарлар арасында үлкен ықпалға ие бола алмады. «Иса Мәсіхтің қайта құрылған Соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің» рухани орталығы қазіргі күнге дейін Индепенденс қаласында (Миссури штаты) орналасқан.

1846 жылдың қысында Жаңа пайғамбар Бригам Янгтың басшылығымен 15 мың мормон тыныш, бейбіт өмір сүру үшін батысқа қарай Үлкен Тұзды көлдің жағалауындағы адам тұрмайтын шөл далаға көшуге бет алады.

Бұл шіркеу тарихындағы ең ұзақ әрі қиын жол болды. Мормондардың бұл жолда көрген қиындықтары жөнінде өз монографиясында С.Г. Антоненко жазады [13, 92-97 бб.]. Бұл сапар мормондардың өз мақсаттарына жетудегі қайтпас қайсарлықтарының көрінісі, сенімдеріне қаншалықты берік екендігінің дәлелі болып табылады. Тұзды көлге көшуді мормондар өздері Инжілдік Көшке

(Исход) теңестіреді. Бұндай сынақта тек сенімі мықтылары ғана қалды. Яғни, мормондықтың қалыптасуы мен дамуында Иллинойстан қуылу керісінше оң нәтиже бергенін көреміз. Сол арқылы Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі жалпы протестанттық көпшілік ағымдардың ішіне сіңіп кетпей, жеке бөлініп шықты [18, 34 б.].

1. Көш 1847 жылдың 24 шілдесінде Үлкен Тұзды көл алқабына келіп жетеді. Қоныс аударып келгендердің жаңа жерлерінің жағдайы мәз емес еді. Бұл өлке шөл дала мен таулардан, тұзды және құмды жерден тұратын. Осының барлығы мормондарға Палестинаны елестетті. Осылайша, мормондар тарихының екінші кезеңі басталады.

1850 жылы АҚШ-тың федералды билігінің өкімімен Бригам Янг қайта құрылған Юта территориясының басшысы болып тағайындалды. 1857 жылы мәжбүрлі түрде жұмыстан босатылса да ол Юта мен оған қарасты аймақтың шаруашылық және мәдени дамуын жалғастыра берді. Бригам Янгтың модернизацияланған, протестанттық еңбек этикасынан нәр алған керемет ұйымдастырушылық қабілеттерінің арқасында мормондар шөл даланы гүлденген аймаққа айналдырады. Бұл жөнінде Ж. Гюрэ таңқалысын жасырмай былай деп жазады: «Ашық шөл дала, тұзды жерде үйір-үйір сиыр жүреді! Ал қаланың барлық жеріндегі тәртіпті көріп тамсандым» [19, 11 б.]. Діни ілім айтарлықтай таралған жерлерде ғибадат үйлері салынды. 1877 жылға қарай Бригам Янгтың тікелей басшылығымен 350-ден астам мормондық елді-мекендер құрылды. Мормондардың экономикалық жағдайының жақсаруы тек жер шаруашылығымен ғана емес, сонымен қатар фабрика, қант заводтары мен темір жол логистикасына да байланысты болды.

Бірақ Үлкен тұзды көлдің айналасындағы аймақ құжат жүзінде Мексикаға тиесілі болатын. Алғашында АҚШ-тың Конгресінде аталған аймақты штатқа қосу жөніндегі ұсыныс қабылданбады. Оның себебі, жоғарыда айтылғандай, мормондардың көп әйел алуы болды (ресми түрде мормондарға 10 әйелге дейін алуға рұқсат етілетін). 1880 жылдың соңында АҚШ-та қосымша заңдар қабылданып, ол заңдарға сәйкес көп әйел алған азаматтар дауыс беру құқынан айырылатын және сот атқару қызметіне тағайындалмайтын. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі үшін бұл заңдар шіркеудің меншігінің көлемі мен құқығын едәуір шектеуді білдірді. Осыған орай, 1890 жылдың 6 қазанында мормондардың Бас конвенциясында көп әйел алу тәжірибесін тоқтататын Манифест қабылданды. Содан кейін көпнекелік заңды бұзғаны үшін тұтқындалған мормондар босатылып, оларды қуғындау негізінен тоқтатылады.

Көпнекеліктен бас тарту мормондардың АҚШ-тың саяси және қоғамдық өміріне енуіне мүмкіндік берді. Нәтижесінде АҚШ үкіметі мен мормондардың келіссөздерінің арқасында 1896 жылы Солт-Лейк-Сити айналасындағы аумақ Юта штаты ретінде 45- штат болып АҚШ-қа қосылады. Тарихшылар 1890-1930 жж. аралығындағы кезеңді Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің сыртқы әлемге танылуы мен американдық қоғамның мормондарды қабылдау уақыты ретінде атап көрсетеді [13, 125 б.].

Шіркеу басшылары ХХ ғасырдың басындағы АҚШ-тағы экономикалық дағдарыс кезінде шіркеу қаражатын сақтап қана қоймай, оны мақсатты түрде жұмсауды қолға ала бастайды. Мормондар шіркеуі түрлі өндіріс орындарының акцияларын сатып алып, инвестициялар құяды. Содан бастап мормондар шіркеуінің экономикалық ахуалы күшейе түседі.

Қорытындылай келе, айтарымыз мормондар шіркеуінің тарихы ХІХ ғасырдың 20-жылдарында Америкада екінші діни жандану кезінен басталады. Джозеф Смит тұлғасы мен оның діни ізденістері «са Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің бастапқы тарихының шешуші сәттері болды десек қателеспейміз. Оның аяндары мен «Мормон Кітабы» Жаңа Англия халқының арасында өз сенушілері мен қолдаушыларын тапты. Мормондықтың алғашқы жылдарында штаттардың тұрғындары бұл сенімді түсінбеді және сол себептен қабылдамады. Бірақ соған қарамастан Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі өсіп, қауым ішінде жайлы тәртіп орнатты. Мормондардың жердегі Құдай Патшалығын орнатуға ұмтылыстары, өздерінің сеніміне сәйкес өніп өсетін жайлы жер іздеуге итермеледі. Осындай ізденістерінің нәтижесінде АҚШ пен Мексиканың ортасындағы шөл далаға тап болды. Бригам Янгтың басшылығымен шөлдалаға көшіп, небір қиындықтарды бастарынан кешірген мормондар ол шөл даланы ауылшаруашылығы дамыған, экономикасы гүлденген керемет аймаққа айналдырды. Осының бәрі мормондар үшін сенімнің ақиқаттылығының дәлелі және таңдаған жолдарының шынайылығын білдірді.

Қауым мүшелері санының өсуі туылуға байланысты болды. Шеттету мен қуғындау мормондық шіркеу басшыларын көпнекелілік идеясын ұстануға итермеледі. Бірақ бұл идеяны американдық қоғам қабылдамады. Бұл мормондардың сыртқы әлемнен оқшаулануына себеп болды. Бірақ экономикалық ынтымақтастық пен географиялық орналасқан жері Ютаға жаңа адамдарды, олармен қоса үлкен капитал алып келді. Бұл мормондардың сыртқы қоғаммен қарым-қатынас орнатуына себепкер болды. Бұл жағдай көпнекеліктен біржола бас тартқан соң тіпті жақсара түсті.

Екі ғасырға жуық уақытта Джозеф Смиттің бастамасымен құрылған шағын қауым миллиондаған сенушілері бар үлкен шіркеуге айналды. Бұл сенім мұхит асып бүкіл әлемге таралды. Қазіргі кезде Юта мормондары бүкіл әлемдегі мормондардың тек алтыншы бөлігін ғана құрайды екен, ал мормондардың жартысы басқа тілде сөйлейтіндер, яғни ағылшын тілді емес елдерден болып табылады.

Бұл бөлімді қорытындылай келе мормондар шіркеуінің пайда болуы мен таралуының себептері мен оған әсер еткен факторлар, олар ХІХ ғасырда АҚШ-тағы діни жаңғырулар мен діни плюрализм мормондық шіркеудің пайда болуына қолайлы жағдай жасауы және мормондық шіркеудің қалыптасуы мен таралуына қоныс аударушылар қатарының артуы және сонымен бірге капиталдың шоғырлануы себеп болды.

1.2 Мормондардың киелі кітаптары мен мәтіндері

Соңғы заман Әулиелерінің Сенім символдарының тоғызыншы тармағында: «Құдайдан түскен барлық аяндарға, Оның қазіргі аяндарының бәріне біз сенеміз және Оның әлі де Құдай Патшалығына қатысты талай ұлы және маңызды нәрселерді аян ететініне біз сенеміз» делінген.

Мормондар әрқашан өздерінің шіркеуін шынайы аян берілетін шіркеу деп санаған. 1820 жылы жас Джозеф Смитке Құдай Әке мен Оның Ұлы Иса көрінгелі әулиелердің Құдаймен байланысы үзілмеді, сондықтан әулиелердің пайымдауынша, әрбір кейінгі пайғамбар тарихына көз жүгіртсек Құдаймен тікелей қарым-қатынас жасау қабілетіне ие. Інжілдік пайғамбарлар замандастары олардың аяндарын ақиқат деп қабылдамаған, пайғамбарларды қорлап қудалаған. Тек біраз уақыт өткен соң ғана көнеөсиеттік пайғамбарлардың аяндары шындық деп қабылданған. Осыған орай, Джозеф Смит: «Біз ежелгі аяндарға сенеміз, өйткені біздің ата-бабаларымыз оларға сенді, бірақ біз қазіргі жаңа аяндарға сенбейміз» дей отырып, мормондық пайғамбар кезінде яһудилер Мәсіхтің ілімін қабылдамағаны сияқты, оның Құдайдың таңдаулы пайғамбары, аян алушы екендігіне сенбеген адамдарға қатысты пікір білдірген [12]. Шіркеудің екінші президенті және пайғамбар Бригам Янг ертеректегі конференциядағы бір сөзінде: «Бізде әлемнің пайда болғанынан бастап біздің заманымызға дейін Құдайдың айтқан жазбаша сөзі бар. Және де мен осы тірі жаршылар тұрғанда бұл кітаптар маған маңызды еместігін білемін; бізге тікелей айтылған Пайғамбардың сөзі немесе қасиетті Руханилықты иеленетін адамның сөзіне қарағанда, бұл кітаптар Құдайдың сөзі емес. Мен кітаптарда жазылғандардың бәрінен гөрі тірі жаршылардың болғанын қалаймын» деген [12].

Шіркеудің бұрынғы және қазіргі президенттері әрі пайғамбарларының аяндары мормондық сенімде ақиқат деп есептеледі және барлық қасиетті жазбалардан жоғары тұрады. Содан бері барлық аяндар, Джозеф Смиттен бері жазбаша түрде жинақталып, Соңғы күн әулиелерінің Киелі Жазбалар Каноны кітаптарын құрады. Яғни, мормон шіркеуі көне кітаптарды емес, Джозеф Смиттің сөзін Құдайдың сөзі ретінде қарастырды.

Бүгінгі таңда мормондардың дәстүрлі канонына мына кітаптар кіреді:

- 1) Ескі және Жаңа Өсиет
- 2) Мормон кітабы
- 3) Ілімдер мен Өсиеттер
- 4) Асыл маржан

Мормондардың діни көзқарастарын ашатын дереккөздер – мормондық шіркеу президенттерінің ілімі, жалпы конференцияларда сөйлеген сөздері мен уағыздары, бейбітшілікке шақыру, шіркеудің Жоғарғы басшылығының еңбектері, Шіркеудің ресми басылымдарының мақалалары («Лиахона», «Ensign») және т.б. болып табылады. Дегенмен, осы секілді көлемді әрі қарапайым жұмыстардың бәрі мормондар үшін канондық кітаптарға негізделген. Ары қарай осы кітаптарды жеке-жеке қарастыратын боламыз.

Ескі және Жаңа Өсиеттер. Көбіне мормондарды Киелі кітапты құрметтемейді, нақтырақ айтсақ, одан Мормон кітабын артық көреді деген сыни айыптаулар айтылып жатады. «... Мормондар христиандар емес, себебі олардың өздерінің Киелі кітабы - Мормон кітабы бар дегенді естігеніңізге сенімдімін. Дәл осылай кез-келген қателескен адамға біздің айтарымыз: Біз Киелі кітапқа сенеміз, оны құрметтейміз және сүйеміз. Бізде қосымша Қасиетті Кітаптар бар, солардың бірі Мормон кітабы, бірақ ол Киелі кітаптың орнын ешқашан алмастырған емес, ол оны тек толықтырып отырады» [20, 12 б.]. Әулиелердің Дін рәміздерінің сегізінші тармағында: «Киелі Кітапта Құдайдың сөзі жазылып, шамамен дұрыс аударылғанына біз сенеміз; тағы біз Мормон Кітабы Құдай сөзі деп сенеміз» делінген. Мормон кітабының өзінде Киелі кітаптан алынған тұстары көп кездеседі. Сонымен қатар Шіркеу басшыларының еңбектерінде, Бас Конференциялардың мақалалары, журнал мақалаларында Інжілге көптеген сілтемелерді кездестіруге болады.

Барлық Киелі жазулардың ішінен Інжіл Иса Мәсіхтің жердегі миссиясы кезінде оның тұлға екенін тікелей түсіну үшін ең жақсы дереккөз болып қала береді. «Инжілді Құдай Сөзі деп танып, Мормондар Иса Мәсіхтің туылу, өмірі, айқышқа керілуі және қайта тірілу туралы Жаңа өсиет тарихын мойындайды. Олар Иса Мәсіх - Құдайдың Ұлы, Мәсіх, Құдай мен адамдар арасындағы делдал ретінде әрекет ететінін адамзаттың Құтқарушысы екендігіне сенеді» [20, 23 б.]. Інжіл - бұл Құдайдың аяндары мен Жердегі Өзінің балаларымен қарым-қатынасын сипаттайтын жазбалар жиынтығы. Інжілдегі тарихи жазбалар Адам атадан бастап, Апостолдардың өліміне дейін ғасырлар бойы жалғасқан. Мормондар, Інжіл - дұрыс аударылған жағдайда ғана Құдайдың сөзі, өйткені ғасырлар бойы христиандықты тарату процесінде оның көптеген аудармашылары мен түсіндірмешілері адам табиғатына тән қателіктер жасады, алайда, бұл Інжілдің кез-келген аудармасында шындықтың бар екендігін жоққа шығармайды деп есептейді.

Әуел бастан Әулиелер канондық басылым ретінде Жақып (Иаков) Патшаның Киелі кітабын қолданған. 1830 жылы Джозеф Смит осы Киелі кітаптың классикалық аудармасында аудармашылар мен көшіріп жазушылар жіберген қателіктердің көп екенін мәлімдей отырып, оның рухтандырылған аудармасымен жұмыс істей бастады. Үш жылға созылған бұл жұмыс «Джозеф Смиттің аудармасындағы Киелі кітап» деп аталды.

Мормон кітабы. Иса Мәсіх туралы жаңа куәліктер. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің Сенім символдарының сегізінші тармағы: «... біз Мормон кітабы Құдайдың сөзі екеніне сенеміз» сөздерімен жалғасады.

Мормон кітабының жылнамасы Иса Мәсіх дүниеге келерден бұрынғы б.з.б. 600-ші жылдардан Иса Мәсіх дүниеге келгеннен кейінгі 421 жылдар аралығын қамтиды. Бұл әңгіме Легий отбасының вавилондықтар басып алған Иерусалимнен Америка континентіне жер аударылуынан басталады. Бұл жерде Легийдің үлкен ұлдары Нефий мен Ламанның әкелері қайтыс болғаннан кейін қарым-қатынастарын үзіп, кейінгі ғасырларда Легийдің ұрпақтарының, нефиттер және ламаниттердің рухани және әскери күресінің тарихы бейнеленеді.

Бұл соғыста Құдайға ұнамды халық нефиттердің Құдайға мойынсұну немесе бағынбауына байланысты екі жақтың жеңісі мен жеңілісі кезекпен орын алып отырды. Осы азаматтық соғыс аясында нефиттердің рухани жолының тарихы басталады: пайғамбарлардың аяндары мен шақыруларына еру, күнәһарлыққа бату, рухани қайта бас көтеру, Исаның қайта келуін күту және т.б. оқиғалар орын алады. Осы кезеңде Иса пайғамбар нефиттерге келіп шіркеу құруға бұйырады. Нефиттер Құдаймен жасасқан келісім туралы ұмытып, ақырында Құдайдың жолымен жүрмей, шынайы шіркеу жоғалады. Мормон кітабының тарихи желісі бойынша б.з.д. 400-ші жылы Кумор жотасының жанында нефиттер және ламанамиттердің арасындағы соңғы шайқас орын алады. Бұл соғыста Мормон пайғамбардың ұлы Моронийдан басқа барлық нефиттер қайтыс болады. Мороний 400 - 421 жылдар аралығында шежірені аяқтап, оны Кумор жотасында, Құдайдың оның қай жерде екендігі айтылатын адам пайда болғанша жасырып қояды. [14].

Жалпы, Мормон кітабы екі негізгі идеяға құрылады:

1. Құдайға мойынсұну;
2. пайғамбарлардың Иса Мәсіхтің қайта тіріліп Америка құрлығына келуін жариялауы.

Джозеф Смиттің айтуынша, Мормон кітабы алтын табақшалар немесе алтынға ұқсас метал табақшаларда ойылып жазылған төрт түрлі парақшалардан тұрған:

1. Нефийдің парақтары екі түрлі: рухани сұрақтарға арналған Кіші Парақшалар мен сол кездегі тайпалардың бейбіт тарихын сипаттайтын Үлкен Парақшалардан тұрған.

2. Мормонның парақтары, ол Мормон пайғамбардың өзінің түсіндірмелерін қоса отырып жасаған Нефийдің Үлкен Парақшаларының қысқартылған нұсқасы. Бұл парақшалар Мормон пайғамбар жазып, оның ұлы Мороний толықтырған халықтың тарихының жалғасын қамтиды.

3. Иаредиттердің тарихын сипаттайтын Ефердің парақтары. Вавилон мұнарасының құрылысы кезінде Иаредит ағасы, отбасы және достарымен өз жерлерін тастап теңіздің арғы бетіндегі америка құрлығына тап болады, сөйтіп, көптеген жылдарға созылған шайқастардан соң иаредиттер ішкі жанжалдың салдарынан жойылып кетеді. Бұл оқиғаны сипаттайтын жазбаларды Мороний қысқартып, оған өз жазбаларын қоса отырып, оларды Ефер кітабы деген атаумен жалпы тарихпен біріктірген.

4. Лаванның мыс парақтары, оларды б.з.д. 600 жылы Иерусалимнен Легий халқы әкелген. Оларда Моисейдің Бескітабы мен Седека патшалық еткенге дейінгі яһудилердің шежіресі жазылған.

Соңғы заман Әулиелерінің айтуынша, Мороний шамамен 421 жылы өз халқының шежіресін Құдай тағайындаған уақытта ашылуы үшін мөрмен басып көміп тастаған. Моронийдің кітабы келесі уәдемен аяқталады: «Осы жазбаларды алған кезде Иса Мәсіхтің атымен Мәңгі Әке Құдайдан, осылардың шынайы екендігін сұрауларыңызды өтінемін; егер сіз Иса Мәсіхке сене отырып, шын жүректен және шынайы ниетпен сұрасаңыз, Ол сіздерге Киелі Рухтың күшімен

олар туралы шындықты ашады. Киелі Рухтың күшімен сіз барлық нәрселер туралы шындықты біле аласыз ... Сіз Киелі Рухтың күшімен Оның бар екенін біле аласыз; сондықтан менің сізге айтарым - Құдайдың күшінен бас тартпаңыз ...» (*Мороний, 10:4-5, 7*). Соңғы заман Әулиелері бұл сөздерді сенімнің іргетастарының бірі деп есептейді. Осы шіркеудің миссионерлері «қазіргі заман аяны» және «қалпына келтірілген Ізгі хабар» туралы алғаш естігендерге «таза жүрекпен» Мормон кітабының шынайылығы туралы Киелі Рухтан сұрауға кеңес береді; Құдай Киелі Рух арқылы, бірден болмаса да міндетті түрде жауап береді деп есептейді.

«Мормон кітабы» пайда болған кезден бастап, қазіргі күнге дейін, оның шығу тегі мен авторлығы туралы пікірталастар тоқтаған емес. Джозефке, оның қабілетіне сенбеген замандастары нефиттер мен ламаниттер шежіресін Джозефтің өзінің шығармасы дегенді құптамады. Кітаптың шығу тегіне түсініктеме берудегі бір нұсқасы әдеттегідей плагиат дегенге келіп сайды. Бұл нұсқада протестанттық секталардың бірінің бұрынғы уағызшысы Соломон Сполдинг шамамен 1812 жылы болашақ Мормон кітабының барлық негізгі тақырыптарын қамтыған «Табылған қолжазба» деп аталатын фантастикалық роман жазған. С. Сполдинг қайтыс болғаннан кейін, оның ешқашан жарияланбаған романының қолжазбалық бір көшірмесі Смиттің досы Сидни Ригдонның қолына түсіп, олар бірге «Табылған қолжазба» кітабын Киелі Жазу түрінде қайта жазып шығарады. Плагиатқа күдік пайда болған кезде, мормондар С. Сполдингтің мұрагерлерінен романның түпнұсқасын ұрлап, жойып жібереді. Соңғы кезге дейін «Сполдинг теориясы» мормондарды «әшкерелейтін» материалдардың басым көпшілігінде үстем болды. Алайда, бұл нұсқа бүгінде сонша танымал емес. Себебі, Гавайиде 1884 жылдан бері Сполдингтің (бірақ басқа атымен) жұмысының қолжазбалық көшірмесі табылған. Оберлин колледжінің (Огайо штаты) кітапханасына жіберілген ол көшірме зерттеушілердің мұқият назарында болды. Көп ұзамай, анықталған сюжетке ұқсас болғанына қарамастан, бұл мәтін Мормон кітабының негізі деп қарастырыла алмайтындығы анықталды. Мормонизмнің қарсыластары Дж. Смит немесе С. Ригдон, «Мормон кітабының» плагиат еместігіне сендіру үшін С. Сполдингтің атынан «Табылған қолжазба» кітабының басқа нұсқасын басып шығарған деген болжам айтады.

XX ғасырдың екінші жартысында Мормон кітабын зерттеушілер оны Құдайдың қатысуынсыз адам жазған деген қорытынды шығарды. Сонымен қатар, Мормон кітабында сипатталған тарихи оқиғалардың болмағандығын алға тартады. Джозеф Смиттың авторлығының жалғандығын дәлелдеуге бағытталған тарихи, археологиялық, генеалогиялық, лингвистикалық ғылыми зерттеулер жүргізілді және нәтижесінде Әулиелер шіркеуінің шынайы шіркеу еместігі туралы пікірлер айтылды. Мұндай қорытындыларды Сандра мен Джеральд Таннерлер жүргізген зерттеулерінен көруге болады. Олардың айтуынша Мормон кітабын оқыған кезде, тіпті арнайы зерттеуші болмай-ақ, келесі ерекшелікті байқауға болады. Таннерлердің пікірінше «кітаптың басында біз кейіпкерлердің есімдері, ежелгі Израильдегі жергілікті жерлердің атауларын кездестіреміз.

Содан кейін американдық континентке көшіп, негізгі кейіпкерлер нефиттер мен ламаниттер қайтыс болғаннан кейін атаулары кітап беттерінен жоғалып кетеді де тарихи оқиғалар желісі үзіледі. Мосияға дейін Мормон кітабы рухани уағыздарға баса назар аударады, іс жүзіндегі іс-қимылдар мен қозғалыстар туралы айтылмайды. Ал Мосиядан бастап кітаптың желісі күрт өзгереді: патшалар, соттар, пайғамбарлардың және басқа да тұлғалардың есімдері, қалалар мен елді-мекендердің есімдері пайда бола бастайды. Кітапты зерттегеннен кейін және осы ерекшелікті анықтағаннан кейін, Таннерлер Джозеф Смит өзі сипаттаған кітабының шамамен 180 парағының жоғалу тарихына негізделген болжамды ұсынады. Ол 1 Нефий мен Мосия арасындағы оқиғалар желісінің болмауын кітаптың жоғалған тұсы екендігімен түсіндіреді. Ол жоғалған беттерді қайта жазбаған, себебі, кейін жоғалған беттер табылған жағдайда екеуін салыстырып, сәйкес келмей қалатынын Смит түсінген. Демек, Смитке, «Құдайдың қайталап аударуға тыйым салу туралы бір оқиға қажет болды» деген қорытынды шығарады [21].

1841 жылдың 28 қарашасында Джозеф Смит былай деген: «Мен бауырларыма Мормон кітабының жердегі ең дұрыс кітап екендігін және адам барлық басқа кітаптарға қарағанда тек Мормон кітабының нұсқауларын орындау арқылы ғана Құдайға жақындайды деп айттым» [12]. Дж. Смиттің осы сөздерінен кейін де мормондардың Мормон кітабын Інжілден жоғары қоятынын түсінуге болады.

Енді осы «Мормон Кітабының» мазмұнын теріске шығарушы негізгі дәйектерге тоқталайық:

1) Джозеф Смит тек қана бірнеше «куәгерлерге» «алтын табақшаларды» көруге рұқсат бергені; содан кейін, оның сөзі бойынша алтын табақшаларды Мороний періште көкке алып кетуі. Бірінші мәрте «алтын табақшаларды» үш адам көреді (Оливер Каудери, Давид Витмер және Мартин Харрис), одан кейін оны сегіз адамнан тұратын тағы бір топ «куәгерлер» көрген. Кейіннен Смит барлық үш куәгерді мормондар қауымдастығынан белгісіз себептерге байланысты қуып жібереді. Одан басқа куәліктер өзара сәйкес келмейді. М. Харристың айтуынша, ол «алтын табақшаларды» тек қана «сенім көзімен» көрген. Қалған сегіз «куәгердің» төртеуі Уитмердің балалары, Уитмердің әйелі, Смиттің әкесі және оның екі бауыры. Уитмерлер отбасы соңында «Құдайға және пайғамбарға тіл тигізгені үшін» мормондар шіркеуінен қуылады. Осылайша «алтын табақшаларды» көрген бірде бір сенімді куәгер қалмайды. Бұл деректерден Мормон кітабын өз көзімен көрген ешкімнің болмауы, ол кітаптың шынайылығының күмәнді екенін дәлелдейді.

2) Дж. Смиттің айтуынша «Мормон Кітабы» Иса Мәсіх туылғанға дейін 428 ж. көмілген. Бірақ оның құрамында Інжілдің (1611 ж.) якобиттік ағылшын аудармасынан алынғандары бар – бұл алынғандардың көлемі 25 000 сөз. Бұл дегеніміз барып тұрған анахронизм және сөзбе сөз плагиат: аудармашылардың қаламынан мың екі жүз жыл кейінірек көрініс тапқан жазбалар V ғасырда жазылған деген деген болжамдар бар. Иса, Петр, Павл, Иоанн және де Жаңа Өсиеттің өзге де авторларының сөздері еш қымсынбастан Иса Мәсіхтің

туылғанына дейінгі бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген адамдардың ауыздарына салынады, осы сөздердің барлығы XVII ғасырдағы Інжілдің яacobиттік ағылшын аудармасының мәтінін сөзбе сөз қайталайды. Дж. Смит өзінің «алтын табақшаларды» «өзгертілген көнемысырлық иероглифтік тілден» «аударғаны» өте қызықтырарлық жайт. Сонымен, бүкіл «Мормон Кітабы» XVII ғасырдағы Інжілдің яacobиттік ағылшындық нұсқасына еліктеушілікпен жазылған.

3) Кітап тарихи және деректік қателіктерге толы. Американдық үндістер – «Мормон кітабында» айтылғандай семиттік нәсілдің емес, монғолоидтық нәсілдің тармағы болып табылады [22]. Дж. Смиттің «Мормон кітабында» сипаттаған Америкада дамыған өркениеттердің болғандығына дәлел бола алатындай бірде бір археологиялық куәлік табылмаған. Америка өркениеті тарихының колумбқа дейінгі кезеңіне байланысты белгілі нәрселердің барлығы Дж. Смиттің «қасиетті жазбасына» қарама-қайшы келеді.

4) 1830 жылдағы «Мормон кітабының» бірінші басылымынан бері оған 2000 ға жуық толықтырулар мен өзгертулер енгізілген екен [23]. Осы өзгертулердің көбісі мәтін мағынасын айтарлықтай өзгеріске ұшыратқан. Бұл өте күмәнді, себебі, Дж. Смит «алтын табақшаларды» «аудару» барысында «жоғарыдан түскен шабытқа» ие болуға тырысқан. Көптеген өзгерістерге қарамастан, кітапта нақты әрі грамматикалық қателіктер, анахронимдер, қарама-қайшылықтар, жалған пайғамбарлық өсиеттер көптеп кездеседі. Дж. Смиттің «аудармасы» Інжілдің яacobиттік аудармасының белгілі бір басылымындағы баспадан жіберілген қателіктерін қайталайтындығы сөзімізге дәлел бола алады.

5) Ешқандай да «реформаланған» болмаса «өзгертілген» көнемысырлық иероглифтік жазуды зерттеушілер таппаған, тіпті оны колумбқа дейінгі Америка тұрғындары пайдалана алмаған.

Мормон кітабын зерттеген батыстық ғалымдардың келтірген осындай дәйектеріне қарап мормондар қасиетті Құдай сөзі ретінде сенетін «Мормон кітабының» шынайылығына күмән келтіріледі.

Ілімдер мен Өсиеттер.

Соңғы заман Әулиелерінің канонында «Ілімдер мен Өсиеттер» кітабы айрықша орын алады. Пайғамбар Джозеф Смит: «Аян арқылы алынған ілім аянсыз берілген ілімнің маңыздылығынан асып түседі, өйткені көктен түсірілген бір шындық, басқа шіркеулердің бар ілімдерінен артық» деген [12].

«Ілімдер мен Өсиеттер» кітабының басылым тарихы 1831 жылдың қараша айында Огайо штаты, Хайрамда өткізілген арнайы конференцияда пайғамбар Джозеф Смит шіркеудің басқа басшыларымен бірге оның сол кезге дейінгі алған аяндар жинағын шығаруға шешім қабылдағанынан басталады. Бұл шешім қабылданғаннан кейін, Пайғамбарға жаңа аян келеді, ол аянда Құдайдың Кітапқа берген атауы «Менің өсиеттерім кітабына Менің Кіріспем» (Учение и Заветы 1:6). Қазір Ілімдер мен Өсиеттердің бірінші бөліміне енгізілген осы аянда, Құдай аяндарды жариялауды мақұлдады және оларды қандай мақсатта түсіргенін түсіндірді. «Бұл өсиеттерді оқып шығыңыз, - деп жариялады Құдай, - олар шынайы әрі дұрыс, әрі олардағы барлық болжамдар мен уәделер орындалады» (Ілімдер мен Өсиеттер 1:37).

Аяндардың көпшілігі Джозеф Смит арқылы алынды, кейіннен кейбір мәтіндер алғашқы Пайғамбардың ізбасарлары арқасында пайда болды. «Ілімдер мен Өсиеттер» кітабының көлемі ХХ ғасырда шіркеу тарихшыларымен қайта зерттелген Дж. Смиттің кейбір аяндарын енгізгеннен кейін үлкейе түсті. Бұл жинақтың бірінші нұсқасы 1833 жылы «Иса Мәсіх шіркеуін басқаруға арналған Өсиеттер кітабы» деген атаумен пайда болды, ал 1835 жылы ол қазіргі атауына сай «Ілімдер мен Өсиеттер» болып қайта басып шығарылды.

Бұл кітаптың кіріспесінде оның мазмұны қысқаша сипатталады: «Бұл қасиетті аяндар қажет болғанда және нақты адамдардың қатысуымен нақты өмірлік жағдайларда дұғаға жауап ретінде алынған болатын. Бұл аяндарда Інжіл ілімдерімен бірге Құдайдың мәні, адамның шығу тегі, Шайтанның шынайылығы, жердегі өмірдің мақсаты, мойынсұну мен өкіну қажеттілігі; Киелі Рухтың іс-әрекеттері, құтқарылуға қатысты құпиялар мен рәсімдер, Жер тағдыры, қайта тірілу мен Құдайдың Соңғы сот шешімінен кейінгі адамның болашақ күйлері сияқты негізгі мәселелер түсіндіріледі. Аяндарда шіркеудің басшылық құрылымының: епископ міндеті арқылы Бірінші Президенттіктің құрылуы, Он екілік Кеңестің, Жетпістік Кеңестің құрылуын және басқа да басқару органдары мен кворумдарды құру арқылы біртіндеп дамуын көрсетіледі [24].

Бұдан басқа, Ілімдер мен Өсиеттер «Даналық сөзін» қамтиды – ол 1833 жылы Құдайдың өсиеттері ретінде Джозеф Смит жариялаған тәндік және рухани саулықтың өзіндік кодексі. «Даналық сөзі» тәндік саулықты, адалдық пен сабырлықты рухани өсудің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

«Ілімдер мен өсиеттер» - бұл Джозеф Смит тұсындағы 140 аянның баяны. Бұл кітапқа тек қана мормондарға тән доктриналар енген: полигамияны (көп әйел алу) қоса, полигамиядан бас тарту, көктегі неке, өлгендерді шоқындыру, көпқұдайлық, құдайдың адамға, адамның құдайға айналу мүмкіндігі, Әке-Құдайдың сүйек пен еттен тұратын тәнінің болуы; «Даналық сөзіндегі» темекіден, ыстық сусындар мен алкогольден (денені сылаудан басқа жағдайда) және жазды күні еттен толықтай бас тарту сияқты ілімдік ерекшеліктер туралы жазылған.

Бұл кітапта Джозеф Смиттің әйгілі «азаматтық соғыс» сияқты пайғамбарлық сөздері бар. Ол туралы 87 бөлімде, солтүстік және оңтүстік штаттар арасында соғыс орын алады және ол Оңтүстік Каролинадағы бас көтеруден басталады делінген. «Ілімдер мен Өсиеттердің» жеті тарауы орындалмаған пайғамбарлықтардан тұрады. Жоғарыда аталған «азаматтық соғыс туралы пайғамбар сөзінің» кейбір тараулары мүлдем шындыққа жанаспайды. Мысалы, Ұлыбритания өзге елдерге соғысқа араласу туралы үндеу тастайды делінген, алайда бұл орындалмады. Бұл кітапта осы тектес орындалмай қалған пайғамбарлық аяндар көптеп кездеседі, шіркеу мүшелері олар туралы әңгімеден айналып өтуге тырысады.

Асыл маржан

Соңғы күн әулиелерінің канондалған кітаптарының тағы бірі – Асыл Маржан бірнеше кітаптардан тұратын жинақ болып табылады. Оның құрылымына:

а) Мұсаның (Моисей) кітабы - бұл Джозеф Смиттің Киелі кітаптың рухтандырылған аудармасынан үзінді. Бұл кітапта жер бетінде топан су баспас бұрын өмір сүрген жаратылыс иелері мен адамдар туралы әңгіме Киелі кітапқа қарағанда кеңінен баяндалған. Сонымен қатар құтқарылу жоспары, Жердің жаратылуы және Құдай, Адам мен Енохтың қарым-қатынасы туралы жаңа мағлұматтар беріледі

ә) Ибраһим (Авраам) кітабы - мормондардың айтуынша, Киелі кітапқа кірмей қалған патриарх Ибраһимнің жазбаларынан тұрады. 1835 жылы Джозеф Смиттің қолында түпнұсқалық Мысыр папирусындағы жазбалар болған, ол бұл жазбаларды библиялық патриарх Ибраһимнің өз қолымен жазған жазбалары деп санаған. 1838 жылы шіркеу бұл жазбаларды сатып алады да, Джозеф Смит оларды аян арқылы аударды. «Авраам Кітабында» Көктегі Кеңес, жердің жаратылуы, Құдайдың табиғаты және діни қызметкерлер туралы мәліметтер бар.

б) Джозеф Смит аян арқылы құрастырған Матай жазған Ізгі хабардың аудармасы - Мәсіхтің Екінші Келуі туралы қосымша ақпарат береді;

в) Джозеф Смит шығармалары – бұл алғашқы аян туралы, яғни, Мороний періштенің Смитке келуі, оның алтын табақшаларды табуы және оның Аарондық қасиетті шенін қалпына келтіруі секілді әңгімелерден тұрады;

г) «Сенім символдары» - Джозеф Смит жазған шіркеу доктринасының негізгі қағидалары. Мормондардың «Сенім символдары» сенімге қатысты 13 бөлімнен тұрады.

«Ибраһим кітабы» Болмыс Кітабының 1-ші тарауын қайталаушы, Құдайдың емес «құдайлардың» пайда болуы туралы әңгіме ретіндегі египеттік папирустың аудармасы сияқты. Дж. Смит алғаш 1835 жылы басып шыққаннан бастап «Ибраһим кітабы» қарама-қайшы пікірлерді тудырды. 1967 жылы «Ибраһим кітабының» қайнар көзіне айналған папирустар Нью-Йорктегі Метрополитен Мьюзеумнен табылды. Бұл египтологтарға Джозеф Смиттің жұмысына жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Алайда мормондар тарапынан түсініспеушілік туындағанына қарамастан египтологтар Смиттің аудармаларының бірде бір сөзін растамады. Тіпті бұл папирустардың Ибраһимға ешбір қатысы жоқ екендігі, оларда тек қана қарапайым египеттік жерлеу рәсімдерінің ережелері жазылғаны белгілі болды. Бұл айтылғандардың барлығы Джозеф Смиттің аудармаларының жалған табиғатын ашып көрсетеді.

Мормондардың ұстанатын Сенім символдары төмендегі пункттерден тұрады:

1. Құдайға, Мәңгілік Әкеге, Оның Ұлы Иса Мәсіхке және Киелі Рухқа біз сенеміз.

2. Адамдардың Адам атаның күнәға батқаны үшін емес, өздерінің күнәлары үшін жазаға тартылатынына біз сенеміз.

3. Иса Мәсіхтің барлық адамзаттың күнәсін өтеуі арқылы олардың Інжіл заңдары мен құпиялық рәсімдеріне бағына отырып құтқарылатынына біз сенеміз.

4. Інжіл ілімінің ұстанымдары мен құпиялық рәсімдерінің негіздері ол: біріншіден - Иса Мәсіхке сену; екіншіден - тәубеге келу; үшіншіден - күнәлардан

арылу үшін шоқындыру; төртіншіден – қол қою арқылы Киелі Рухты сыйға беру мүмкіндігіне біз сенеміз.

5. қасиетті билікке ие адамдар қол қою және пайғамбарлық арқылы Ізгі хабарды уағыздау және оның ережелерін орындау үшін адамды Құдай шақыруы керек деп санаймыз.

6. Біз ең әуелгі Шіркеуде болған қауымға, дәлірек айтқанда: апостолдарға, пайғамбарларға, пасторларға, ұстаздарға, Ізгі хабарды таратушыларға және тағы басқасына сенеміз.

7. Біз тіл, пайғамбарлық, аяндар, терең зеректік, сауықтыру күші, тіл аударма қабілетіне және тағы басқа да сыйына біз сенеміз.

8. Киелі Кітапта Құдайдың сөзі жазылып, дұрыс аударылғанына біз сенеміз; оған қоса біз Мормон Кітабы Құдай сөзі деп сенеміз.

9. Құдайдан түскен барлық аяндарға, Оның қазіргі аяндарының бәріне біз сенеміз және Оның әлі де Құдай Патшалығына қатысты талай ұлы және маңызды нәрселер аян ететініне біз сенеміз.

10. Біз Израильдің тура жиналуына және он екі рудың қалпына келтірілуіне, Сион (Жаңа Иерусалим) Америка құрлығында салынатына, Мәсіхтің өзі жер бетінде билік ететініне және жер жаңарып, жұмақтық ұлылығын алатынына сенеміз.

11. Біз құдіретті Құдайға сиыну құқығымызды ар-ожданымыздың үніне сәйкес жариялаймыз және барлық адамдарға бірдей құқықты мойындаймыз: олар қай жерде, кімге немесе неге болса да табына алады.

12. Біз мемлекет басшыларына, президенттерге, басқарушыларға, сот өкіметі басқармасына бағыну керектігі және заңды құрмет етіп, ұстанып, қолдау керектігіне сенеміз.

13. Біз адал, әділ, пәк, қайырымды, ізгілікті болуға және барлық адамдарға жақсылық жасауға тиіс екенімізге сенеміз; шын мәнінде біз Павелдың өсиеттерін ұстанамыз деп айта аламыз; біз бәріне сенеміз, бәріне үміт артамыз; біз көп нәрсені басымыздан өткердік және біз бәріне де төзетінімізге сенеміз. Егер ізгілікті, ғажап, құрмет етуге лайық немесе мақтауға тұрарлық бір нәрсе болса, біз соған ұмтылатын боламыз [25].

Мормон шіркеуінде христиандық дәстүрге сәйкес тазару рәсімі нан жеп су ішу арқылы (евхаристия) және суға толығымен батыру арқылы шоқындыру құпиялықтары жасалады.

Мормондардың түсінігінде өзге христиандық шіркеулердің барлығы шынайы христиандықтан алыстап кеткен және тек қана өздерінің шіркеуі ғана Құдаймен мойындалған алғашқы христиандықтың ақиқат ілімдерінен тұрады. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі мен христиандық көпшілік арасындағы келіспеушіліктердің ішінен Никейлік сенім Символын қабылдамауы, басқа еш жерде кездеспейтін Көктегі үш Патшалықтың («даңқ патшалығының») бар болуын білдіретін «құтқарылу жоспарына» деген сенім, Көкке көтерілу туралы ілім, яғни адамдардың құдайға, Иса Мәсіх арқылы өлгеннен кейін Құдайдың мұрагерлеріне айналу мүмкіндіктері (Римдіктерге

8:16,17), диеталық кодекс «Даналық сөзі» және храмдық өсиеттер мен құпиялықтар, неке мен отбасын мөрлеу секілді ілімдері жатады.

Ірі христиандық конфессиялар ресми түрде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуін христиандық дәстүрлерден тыс қауым деп қарастырады.

Дәстүрлі сенімді ұстанушы христиандардың ойынша, христиандық сенімнен айтарлықтай алшақтау ол Никейлік Сенім Символын мойындамау, дәлірек айтсақ, Құдайдың үштік бірлік принципін («Бір денедегі үш бас») мойындамауды, дәстүрлі христиандық шіркеулер Құдай мен Оның тұлғасына қатысты тіл тигізу деп санайды. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің ілімі Құдай-Әке, оның ұлы Иса Мәсіх және Киелі Рухтан тұратын Құдайлық концепциясын қамтыған, бірақ бұлардың әрқайсысы жеке дара тұлға, жеке тіршілік иесі, қалғандарымен бір ерік пен бір мақсатпен біріктірілген. Соңғы замандағы әулиелері шіркеуін христиандар деп қабылдамаудың тағы бір маңызды себебі Інжілден басқа Киелі Мәтіндердің, Мормон кітабының болуы, Құдайдың адам баласымен үздіксіз аян арқылы байланысқа түсетінін айтуға болады (Еврейлерге 13:8) .

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің киелі кітаптары мен мәтіндерін талдай отырып, жоғарыда келтірілгендерді негізге ала отырып негізгі сипаттамалары мыналар деп қорытындылай аламыз:

1. Үштік және Киелі Рух ілімін қайта қарау;
2. Америка әлемдік оқиғалардың орталығы деп санау;
3. дұғалардың канондалған мәтінінің жоқ болуы;
4. осы дінді ұстанушылардың айтарлықтай қатаң нормалары.

Қорытындылай келе, Көне және Жаңа Өсиеттен басқа, авторы Джозеф Смит болып табылатын соңғы үш кітаптың маңыздылығы Көне және Жаңа Өсиеттен кем емес екендігі анықталды. «Мормон Кітабы» - мормондар сенімінің негізі болып табылады. Мормондар үшін Інжіл мен Мормон Кітабының арасында келіспей қалатын тұстарында Мормон кітабында баяндалғандар ақиқат болып табылады.

Мормондар басшылыққа алатын негізгі дереккөздерді қарап шығып келесі бөлімде мормондардың екі ғасырға жуық уақыт бойы дамып келе жатқан діни ілімі мен ғибадаттарын қарастырамыз. Православие мен католицизмдегі сияқты канондық теология, мормонизмде жоқ екенін бірден айта кету керек. Догмат, доктрина сөздері мормондардың дереккөздерінде сирек кездеседі, олар үшін «ілім» сөзі тән. Джозеф Смит «Өзінің ілімдерінде» жария етпеген немесе жеткілікті түрде ашпаған тұстарын ашуды, түсіндіруді шіркеудің келесі пайғамбарлары жалғастыруда. Олардың ілімдерінде мормонизмнің догматикалық негіздері қасиетті канонмен қатар тұрады.

1.3 Мормондықтың діни ілімі мен ғибадаттары

Бұл бөлімде мормондықтың діни іліміндегі Құдайдың, Иса Мәсіх пен Қасиетті Рухтың мәні, әлемнің пайда болуы, адамның жерге дейінгі, жердегі және жерден кейінгі тіршілігі, құтқарылу жоспары, мормондардың эсхатологиясы және т.б. ілімдер туралы, сонымен қатар мормондардың культтік және культтен тыс ғибадаттарын қарастыратын боламыз.

XIX ғасырдың 40-шы жылдарында Джозеф Смиттің, содан кейін Жоғарғы шіркеу билігінің басқа өкілдерінің Құдайдың мәні туралы, оның кемелденген тұлға болғандығы және адам Құдай бола алады деген тұжырымдар алғашқы басылымдарда пайда бола бастады. Джозеф Смит: «...Мен сіздерге Құдайдың қалай Құдай болғанын айтып беремін. Біз Құдайдың мәңгі Құдай болғандығын елестете аламыз... Біздің ортақ Әкеміз, Иса Мәсіх секілді жер бетінде өмір сүрген... Сіздерде өздеріңіз Құдай дәрежесіне жете аласыздар...» [21, 173 б.].

Исаия 44: 8 кітабында: «... Менің қасымда Құдай бар ма? Иә, Құдай жоқ; Мен ешкімді де білмеймін» (Исаия 44: 8). Бұл Джозеф Смиттің алғашқы шығарған «Мормон кітабынан» келтірілген үзінді, ол Киелі кітаптың ілімдеріне сәйкес келеді, өйткені онда жалғыз Құдай ғана бар екендігі айтылған. Ал енді «Мормон кітабының» кейінгі басылымында [Алма 11: 26-31]-де: «Біріншіден, көктегі тақта отырған Құдайдың өзі - сізге ұқсайтын адам, бұл өте үлкен құпия... Мен сізге Құдай қалай Құдай болғанын айтамын. Біз Құдайды мәңгіліктен Құдай деп ойладық Құдайдың өзі, біздің бәріміздің Әкеміз, жер бетінде Иса Мәсіхтің өмір сүргеніндей өмір сүрді... Сіз өзіңіздің қалай Құдай бола алатыныңызды үйренуіңіз керек...» деп Құдай туралы көзқарасының өзгергендігін байқаймыз.

Бригам Янг өзінің президенттігі кезінде көпқұдайлық доктринасын дамытуды жалғастырды: «Ол - біздің Әкеміз - біздің рухымыздың Әкесі және бір кездері біз сияқты адам болатын... Қанша құдай бар екендігін мен білмеймін. Бірақ олар болмаған уақыт болмады...» деп жазады [21, 173 б.] Оның осы ойын мормон шіркеуінің апостолы Орсон Пратт ары қарай былай түсіндіреді: «Жаннатта өмір сүріп жатқан құдайлар жердің пайда болуына дейін өмір сүрген әлемдегі қабірден құтқарылды. Олар және олардың қазіргі кездегі Құдайлық денелері бір кездері күйреген күйде болды... олар күнәһар адам күйінен көк аспанға Целестиалды патшалыққа, Құдайларға дейін көтерілді» [21, 173 б.].

Шіркеудің Президенттері осы кезге дейін өз ілімдерінде Әке-Құдайдың, Оның Ұлы – Иса Мәсіхтің маңызды сипаттамаларын түсіндіреді, бірақ Джозеф Смит өзі көзі тірісінде жалпы Әке-Құдай мен Иса Мәсіхтің адам болғандығы туралы ілімнің негізін қалаған болатын.

1844 жылы қайтыс болардан екі ай бұрын, Джозеф Смит, жария уағызында: «Мен сендердің барлығыңның Құдаймен танысып, Оны білгендеріңді қалаймын. Құдай бастапқыда қандай жынысты болған еді? Біріншіден, көкте отыратын Құдайдың өзі адамдарға ұқсайды, сізбен бізге... Егер сіз бүгін онымен кездескен болсаңыз, сыртқы бет-бейнесі бар тұлғаны - адамды көрген болар едіңіз... Мен сіздерге Құдайдың қалай Құдай болғанын айтып бергім келеді. Адамдар Құдайдың мәңгіден Құдай екенін ойдан шығарды. Олардың ақыл-ойы бәріне

жетпейді, бірақ Ізгі хабардың бірінші және негізгі қағидасы - Құдайдың сипатын дәл білу, Онымен адам мен адам сияқты қарым-қатынас жасау және Иса Мәсіх сияқты Құдайдың өзі, біздің Әкеміз, жер бетінде өмір сүргендігін білу...» [26].

Мормондық доктрина бойынша Әке-Құдай – Жоғарғы тіршілік иесі, Құдіретті Жаратушы, барлығының Билеушісі және Сақтаушысы. Ол мінсіз және барлық билік пен білімге ие. Бірақ Әке-Құдай ғарыштың алғашқы жасаушысы емес, тек онымен бірлескен, бізге белгілі универсумның және бүкіл адамзаттың Жаратушысы. Құдайдың «адамның тәні секілді ет пен сүйектен тұратын тәні» бар (Ілімдер мен Өсиеттер 130:22). Құдай туралы мұндай антропоморфтық түсінікке дәлелді мормондар Көне және Жаңа Өсиеттен табады: Иаков айтқан: «... мен Құдайды бетпе-бет көрдім» (Болмыс 32:30), Мұса Құдаймен «өзінің досымен сөйлескендей бетпе-бет сөйлескен» (Мысырдан шығу 33:11). Бұл тартпайтын дәлел ретінде мормондар Иса Мәсіхтің өлгеннен кейін рухы емес, өзінің физикалық денесімен қайта тіріліп келіп, шәкірттеріне: «Менің қолдарыма және Менің аяқтарыма қараңдар, бұл - Мен Өзім; Маған мұқият қараңдар, немесе Рух мендегідей ет пен сүйекке ие емес» (Лұқадан 24:39) дегенді алға тартады. Құдайдың материалдылығы оны біруақытта барлық жерде болу қасиетінен айырады. Сәйкесінше мормондар да Құдай бір уақытта бірнеше жерде бола алмайтындығын алға тартады. Құдай-Әке, Элогим және Иса Мәсіх, Көне Өсиеттің Иеговасы – олар екі бөлек, жеке, мәңгі жасайтын Тұлғалар. Иса Мәсіх Әкесімен осы әлемді жаратуда бірге болған; Оған Әкесінің басшылығымен жердегі бар тіршілік иелері мен адамзаттың рухани дамуы мен өмір сүруіне арналған жерді жасау жауапкершілігі артылған. Христиандық ілімге сәйкес Иса Мәсіх – Құтқарушы, ол адамдардың мәңгілік өмірде қайта тірілуі және Құдайдың құтқару жоспары жүзеге асу үшін өз өмірін құрбан еткен.

Джозеф Смит Үштік Құдай идеясын үш жеке тұлға ретінде дамытқан болатын. Осы тұста «Үш бейнедегі бір Құдай» туралы христиандық діни дәстүрден мормондықтың айырмашылығы айқын көрінеді. Ол мормондықтың Үштік Құдай идеясының догматикалық түсіндірмесі болып қабылданды. Бұған Джозеф Смиттің: «Мен әрқашан Құдай – жеке тұлға, Иса Мәсіх – Әке-Құдайға тең емес басқа жеке тұлға, ал Қасиетті Рух – рухани бейнедегі жеке тұлға, және бұл үшеуі үш жеке тұлғалар, үш Құдай ... Петр мен Стефан Құдайдың оң жағында тұрған Адам Баласын көргендеріне куәлік еткен. Аспандағы сәуле түскен саңылауларды көрген әрбір адам, ол жақта биліктің кілтіне ие үш Тұлғаның бар екендігін біледі. Және олардың біреуі басқаларын басқарады» деген сөздері дәлел бола алады [12, 47 б.].

Осы тұрғыда «Дін рәміздерін» түсіндіру барысында, Джозеф Смит Үштік Құдай – үш келбетті бір Құдай доктринасынан тікелей бас тартты. Ол: «Көбісі тек қана бір Құдай бар деп айтады; Әке, Ұл және Қасиетті Рух – мұның бәрі тек бір құдай! Меніңше, бұл өте біртүрлі Құдай – біреуде үшеу және үшеуде біреу!.. Демек бұл өте үлкен Құдай – гигант немесе құбыжық» деген тұжырым жасайды. («История церкви», 6:476). Және де Смит бұл ойынан ешуақытта бас тартқан емес. Оның монотеизмнен бас тартып политеизмді жария еткенін келесі сөздерінен байқаймыз: «Мен көптеген құдайларды уағыздаймын... Менің

айтқым келгені, мен үнемі барлық жиналыстарда, құдай туралы айтқанымда, мен мысалға көп Құдайды келтіретінмін» (бұл да сонда, 6:474). Аталып өткендей «Ибраһим кітабы» да политеистік. «Сонда Құдай айтты: Төменге түсейік... Құдайларда... Құдайлар Рухы да сулардың бетіне еңкейді... Құдайлар жарық күнді шақырды... Құдайларда кеңістікті биледі» деген мысалдар келтіреді (Ибраһим 4:1-7).

Ары қарай Джозеф Смит бұл идеяны былайша тарқатады: «Жер қалыптаспай тұрғанда, осы Үш Тұлғаның арасында мәңгілік келісім жасалды. Ол келісімде: Бірінші Құдай – Жаратушы; Екінші Құдай – Құтқарушы; Үшінші Құдай – Куәгер... Әке-Құдайдың міндеті төрағалық ету, Басшы және Төраға болу, Бала-Құдай Исаның міндеті – делдал болу, Қасиетті Рухтың міндеті – куәгер болу. Бала-Құдайдың Әке-Құдай секілді тәні бар, ал Қасиетті Рух – рухани Тұлға, оның тәні жоқ... Барлығы және әрқайсысы жеке тұлғалар болғандықтан сәйкесінше Құдай да, Иса Мәсіх те, Қасиетті Рух та жеке тұлғалар, бірақ олар ақыл мен ерікте Бірге» [12, 48 б.].

Сонымен, Әке-Құдай, Бала-Құдай және Қасиетті Рухтың абсолюттік бірлігі, Әулиелердің пікірі бойынша, ілімдері мен мақсаттарында және Әке-Құдайдың жасаған құтқару жоспарын жүзеге асыруда болып табылады.

С. Антоненконың пікірінше мормондық теорияда политеистік болғанымен, күнделікті өмірде монотеистік дін болып табылады, себебі құдайлардың көптігін мойындай отырып, мормондар осы әлемнің Құдайы – Иса Мәсіх арқылы көрінетін Мәңгі Әке-Құдайға табынады [13, 27 с.]. «Біздің дініміздің негізгі қағидалары - Иса Мәсіх туралы Апостолдар мен пайғамбарлардың жасаған куәліктері – оның өлгені, жерленіп үшінші күні аспанға көтерілгені туралы; біздің дінімізге қатысты қалған барлық нәрселер тек осы куәлікке қосымша болып табылады» [12, 56 б.].

Мормондық діни іліміндегі Мәрияның Иса Мәсіхті дүниеге әкелуін түсіндіру Құдайдың тәнилігі туралы идеядан шығады. Мәрия – жердегі әйел, басқа күйеулерінен туған әйелдер сияқты тәні бар Құдайдан туады. Ал мәңгілік өмірде Мәрия – Элогимнің әйелі, ол Исаның туылуы үшін жердегі өмірге жіберіледі. Жердегі өмірде ол Иосифке әйелдікке беріледі, бірақ өліп қайта тірілгеннен кейін Құдайдың мәңгі әйелі мәртебесіне қайта оралады. Осылайша, Исаның туылуы Қасиетті Рухтың қатысуымен емес, табиғи жолмен іске асады.

Мормондық шіркеудің адам туралы ілімі адам өмірінің жерге дейінгі, жердегі және жерден кейінгі өмірі болып бөлінеді. Мормондық антропологияға сәйкес, адам басынан бастап Құдаймен бірге болды. «Біз барлығымыз: бастапқыда көкте болдық және Құтқарушының қалай таңдалғанына, Жаратылыстың жоспары қалай жасалғанына куәгер болдық және біз оны мақұлдадық».

Құдайдың Жоспары бойынша адам кемелденіп толығу үшін, яғни, адамның өзі Құдай бола алуы үшін ол физикалық сипат алу керек болды. Адамды жаратқан кезде Құдай оны өзіне ұқсатып жаратқан, оған мормондар Ескі және Жаңа Әсиетте келесідей дәлелдерді алға тартады: «Құдай былай деді: адамды өз бейнемізге ұқсатып жаратайық» (Болмыс 1:26), «...мен Құдайды бетпе-бет

көрдім және менің жаным сақталып қалды» (Болмыс 32:30). «Жаратқан Ие Мұсамен, біреудің досымен сөйлескені секілді, бетпе-бет сөйлесті» (Мысырдан шығу 33:11), «Менің қолдарыма және менің аяқтарыма көз салыңыз... Мені ұстап көріңіз және ойланыңыз; өйткені сендер менде көргендей, рухтың тәні мен сүйектері жоқ» (Лұқадан 24:39).

Дәстүрлі христиан дініндегідей адам табиғатынан тән мен жанның үйлесімін білдіреді. Егер тән туралы жалпы түсінікті болса – яғни, тән жердегі ер мен әйелден туылатын болса, ал жанның пайда болуына қатысты, мормондық теологиясында дәстүрлі христиан тұжырымдамасынан айырмашылық бар. Адам эмбрионындағы тән мен жанның бірігу уақыты жөнінде, сондай-ақ дәстүрлі христиандықта жанның қайдан пайда болғандығы туралы пікірталастар мен түсініксіз тұстары бар, бұл шын мәнінде жанның алдын-ала бар болуын мойындамайды, ал жанның бұрыннан бар болуы мормондық шіркеу ілімінің догмасы болып табылады. Әулиелердің ілімінде адам жанының жаратушысы – Әке-Құдай болып табылады. Адам жаны – Әке-Құдай мен Ана-Құдайдың мәңгілік одағынан туылған, себебі әулиелердің түсінігі бойынша туылу – міндетті түрде екеудің қатысуы арқылы жүзеге асады. Ана-Құдай туралы пайғамбарлардың еңбектерінде, Мормон Кітабында, не болмаса Ілімдер мен Өсиеттерде айтылмаған. Әулиелердің пікірі бойынша, бұл өз алдына түсіндіруді, ол туралы арнайы жазуды қажет етпейтін өздігінен түсінікті идея – «Егер Әке мен Бала бар болса, демек Ана да бар» деген сөз. Айта кететін жайт, жанның бұрыннан бар болуы христиандық үшін жаңа нәрсе емес. Бұл идеяның дамуын Платон философиясынан табамыз: «Пифагор, Платон және Плотин және оның пікірлестері жанның мәңгілік өлмейтінін мойындай отырып, олар тәннен бұрын да болғанын, сан жетпейтін көптеген жандардың бар екендігін, олардың күнә жасағандары тәнге жіберілетіндігі, сол жаза арқылы тазарып қайта орнына келетіндігі, ал денедегі өмірді жақсы көретіндер жануарларға жіберілетіндігі жөнінде мәлімдеген» [27, 153 б.].

III ғасырда бұл идеяны шығыс христиандық шіркеудің құрметті Әкейлерінің бірі Ориген мен оның бірқатар шәкірттері дамыта бастаған болатын. Ол Қасиетті Жазудан былайша мысал келтіреді: «Адамдарға қатысты, жанды тәнмен бірге пайда болды деп қалайша ойлауға болады, егер Иаков құрсақта жатып ағасын тепкен болса» (Болмыс 25:22)... Сондай ақ құрсақта жатқанда Құдайға мәлім болған және сол құрсақтан шықпай тұрғанда Құдаймен құрметтелгеннің жаны тәнімен бірге пайда болды ма? (Иер. 1:5)» [28].

Бұл мәселе Бесінші Ғаламдық Соборда (543 ж.) анафемаға ұласқан христиан діндарларының арасында дау туғызды: «Кімде кім адам жаны бұрыннан болған, олар бұрын Құдайдың қасында болған, Құдайдың ой-санасының толыққандығын көрген, ал кейіннен жамандыққа бет бұрып, сол арқылы Құдайға деген махаббаттары суыған, сол үшін де рух, жан деп аталып, тәнге жіберу арқылы жазаланған деп ойласа немесе айтса, сол анафема болсын» [27, 234 б.].

Джозеф Смит Оригеннің немесе оның қарсыластарының, мысалы әулие Кирилл Александрийскийдің еңбектерін, Ғаламдық Соборлардың шешімдерін

оқыды деп айту қиын, бірақ қалай болғанда да ол жанның бұрында өмір сүргендігі туралы идеяны жалғастырушы болған. Бұл ілімге тереңдемей ақ, мормондардың ілімінде айтып өтетін жайт, жанның адам денесіне кіріп, дамып, өсіп, Құдайдың деңгейіне көтерілу мүмкіндігіне берілген сый болып табылады.

Әулиелердің іліміне сәйкес әрбір рух немесе жан тіршілік етудің үш кезеңінен өтеді:

1. Жерде туылуға дейінгі кезең – жерге дейінгі немесе өлім алдындағы өмір: Өзінің ертедегі өмірінде жанның адам сияқты формасы болады, оның дәл сондай жердегі тәндік іспеттес сыртқы және тұлғалық сипаттамалары бар екендігін атап өту керек. Сәйкесінше, жан әйел және еркек жынысты болып келеді, олардың қандай да бір таланттары мен қабілеттері болады. Құдай оларды түрлі қызметтерді орындауға бағыттаған, Ол сондай ақ Адам, Ибраһим, Джозеф Смит сияқты рухани басшылардың рөлін алдын ала анықтап қойған. [29, 1 б.]. Бұл жағдайда Құдайдың қасиеттеріне жақын, арнайы рухани материядан тұратын «рухани адам» туралы айтуға болады.

2. тәндік дененің жер бетіндегі өмірлік кезеңі.

3. өлген адамдардың рухтары өмірдегідей көріністе сақталған, ал рух рухани денеге айналған кезең. Олар өлімнен кейін де сол өмір сүргендегі мінез-құлық сипаттамаларын, өмір бойы болған тілектер мен бейімділіктерін сақтайды. Бала кезінде қайтыс болса да жанның бәрі ересектер бейнесінде болады. Адам денесі өлгенде, оның жаны қайта тірілу сәтіне дейін және жаңа денеге енгенше Құдай алдындағы өзінің жердегі еңбегі арқылы анықталатын жерде болады. «...Әділ өмір сүрген адамдардың рухтары жұмақ деп аталатын демалыс, тыныштық орнына қабылданады, онда олар барлық қиындықтарынан, қамқорлықтарынан және қайғыларынан тынығатын болады» (Алма 40:12). Бірақ зұлым рухтар «...жылау, өкіну, тістену болатын қараңғылыққа, тозаққа түседі» (Алма 40:13).

Мормондар шіркеуінің пайғамбарына берілген аяндарда тозақ деген сөз екі мағынада айтылады. Біріншіден, рухани әлемде «күнәларынан арылмай өлгендер, шындықты білмей-ақ, Пайғамбарларды қабылдамай күнәһар болып өлгендер баратын рухани зынданд айтады (Ілімдер мен Өсиеттер 138:32). Бұл рухтарға Інжілді оқып, тәубасына келіп, олар үшін храмда жасалатын құтқарылу құпиялығын қабылдау, Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы ретінде қабылдау мүмкіндігі берілетін уақытша күй. Тозақта рухтарды «Құдайға сену, тәубесіне келу, күнәларынан айырылу үшін оларды ғибадатханада орындалған өсиеттерді қабылдау, қол қою арқылы Қасиетті Рухты сыйға алу және оларға Інжілдің басқа да принциптерін оқытады» (Ілімдер мен Өсиеттер 138:3334).

Егер олар Інжілдің осы заңдарын қабылдап, күнәларына өкініп, олар үшін ғибадатханада орындалған өсиеттерді қабылдайтын болса, онда олар жұмаққа кіріп, қайта тірілгенге дейін жұмақта қалады. Қайта тірілу мен үкім шығарғаннан кейін, олар лайықты даңққа бөленеді. Тәубеге келгісі келмейтіндер Мыңжылдықтың аяғына дейін тозақтан босатылып жазалауға дейін рухани түрмеде қалады. (Ілімдер мен Өсиеттер 76:81-85).

Екіншіден, «тозақ» деп сыртқы қараңғылықты атайды – ол Шайтан мен оның періштелері және азап шеккен ұлдары өмір сүретін жер (Ілімдер мен Өсиеттер 29:36-38; 76:28-33). Азап шеккен ұлдар дегеніміз – Қасиетті Рухты қабылдағаннан кейін Одан бас тартқан адамдар, оларға «осы дүниеде де, о дүниеде де кешірім болмайды, өйткені олар, Әке-Құдай мен Бала-Құдайдан бас тарта отырып, Оны өзімен бірге айқышқа шегелеп, сатқындық жасады» (Ілімдер мен Өсиеттер 76:34-35; 31-33, 36-37). Олар Даңқ Патшалықтарының ешқайсысынан орын ала алмайды; олар тозақта болады (Ілімдер мен Өсиеттер 76:38; 88:24, 32). Жоғарыда айтылғандай, адам жаны мормондық ілімде Құдаймен мәңгілік болып саналады. Пайғамбар Джозеф Смит былай дейді: «Адам рухының өлместігі туралы мәселеге тоқталайын. Рух ақыл-ойының басы да, аяғы да жоқ. Бұл түсінікті. Бастамасы бар нәрсенің аяғы да болуы керек. Рухтар әрқашан болған... Барлық ақымақтар, барлық ғалымдар мен данагөйлер жаратылыстың басынан бастап адамның рухы болғанын және ол аяқталуы керек екенін дәлелдейді және егер бұл теория рас болса, онда жалпы жойылу туралы ілім де дұрыс болады. Егер менікі дұрыс болса, онда мен Құдайдың ешқашан да адам рухын жарататындай күші болған емес деп нақты айта аламын. Құдай өзін-өзі жаратуы мүмкін емес. Ақыл-ой мәңгілік және де ол тәуелсіздік пен өздігінше дербестік принципі бойынша тіршілік етеді. Ол жаратылмаған және ғасырдан ғасырға ұласып өмір сүре беретін рух» [12, 231 б.].

Мормондықта Әлемнің осы деңгейін тіршілік ететін рухани тіршілік иелерінің үш түрі туралы айтуға болады: өлген адамдардың жандары, періштелер мен рухтар. Періштелер – ол қайта қалпына келтірілген Ізгі Хабардың діни және этикалық нормаларын ұстанған, мормондық шіркеудің мүшесі болған, бірақ отбасын құрып балалы болмағандардың рухтары. Бұл жалғыз рухтарға Құдай патшалығында қызметші рухтар болу жазылып қойылған. Аспандық Әке-Құдай мен Ана-Құдайдан туған рухтар – әлі физикалық тұрғыдан тәнге енбеген рухтар, Құдайдың құтқарылу жоспарын жүзеге асыруға және жердегі өмірді көру мүмкіндігін күтіп жүрген рухтар. Назар аударарлығы тәнге енген рухтардың тәнсіз рухтардан артықшылығы бар екенін ескеру керек, себебі, құтқарылу жоспарында тәндік өмір сүру өте маңызды, ал қайта тірілу кезінде рухтар өздерінің денелерімен біріктірілуі тиіс, ал тәнде өмір сүрмеген рухтардың, Құдайға тәндік өмір сүру мүмкіндігінен айырылып жазаланған Шайтан секілді бірігетін тәндері болмайды.

Мормондық ілімде құлдырау актісі мен күнәнің мәні, өлімнің екі түрі туралы доктринасы бар. Сенім символдарының екінші постулатында: «Адамдардың күнәларына емес, өз күнәларына жазаланатынына сенеміз» делінген. Мәселен, мормондар Адам Ата мен Хауа Ананың қателесуіне жауап бермейді, бірақ өз күнәларына жауапты. Адам Ата мен Хауа Ана жердегі алғашқы адамдар еді. Олар жұмаққа жіберіліп, бұрынғы өмірлерін есіне алмаған, бірақ олар әлі де Құдаймен және мәңгілік өмірмен байланыста еді. Көктегі Әке алғашқы адамдарға таңдау еркіндігін берген. Алайда, ол таным ағашының жемісін жеуге тыйым салды. Бұл олардың жетіле алмауын, Құдайылық кемелдікке жете алмауын білдіретін еді. Оларға қуаныш пен өкініш сезімдері тән

емес-тін. Сондықтан жоспардың бір бөлімі Шайтанның Адам Ата мен Хауа Ананы алма жеуіне көндіруге рұқсат ету еді, таңдау еркіне ие болған Адам мен Хауа құлдырауды таңдады. Нәтижесінде олар тәни және рухани тұрғыда Құдайдан алыстады. Олар қарапайым адам болып Құдайдың көмегінсіз Оған қайтып орала алмайтын болды. Оларда жақсылық пен жамандықты, күнә мен әділ өмірді таңдау мүмкіндігі пайда болды, ал бұл өз кезегінде дамудағы прогресті тудырады. Осылайша, мормондардың ілімінде Адам мен Хауаның құлдырауы құтқарылу жоспарының бір бөлігі ретінде Құдайдың қалауына сәйкес жүзеге асты. Жәннаттағы мәңгілік өмір адамға өкінуге мүмкіндік бермейтін еді, Құдайдың қалауы және құтқарылу жоспары жүзеге аспайтын еді. Тек осылайша ғана, физикалық денедегі жердегі тіршілік арқылы, Құдайдың балалары дамып, мәңгілік өмірге ие болады және Құдайылық сипатқа ие болады.

Мормондардың қандай да болмасын догматтарын сипаттауда «құтқарылу жоспары» деген түсінік бірнеше рет кездеседі. Қасиетті Жазуларда оны «құтқарылу жоспары» (Алма 24:14; Моисей 6:62), «күнәлардың өтелуі» (Иаков 6:8; Алма 12:30) және «қайырымдылық жоспары» (Алма 42:15) деп атайды. Құтқарылу жоспары - Иса Мәсіхтің жаратылуын, құлдырауын, құтқарылуын және барлық заңдарды, әдет-ғұрыптар мен Ізгі хабардың ілімдерін қамтиды. Жоспарға сәйкес, Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх Ұлы Кеңесте адамзат болашағының Құтқарушысы ретінде таңдалған. Құтқару жоспарына, кеңеске және Құтқарушыны таңдауға байланысты мормондық теологияның тағы бір маңызды аспектісі - Люцифердің Иса Мәсіхтен кейінгі Көктегі Әкенің екінші ұлы ретінде әрекет етуі. Оның Құдайға қарсы шығуы осы Үлкен кеңесте орын алады. Элохим жоспарға сәйкес, жерге адамдарды жіберіп, олардың болашақ күнәлары мен жалған ақыл-ойларын болжап, екі ұлымен кеңеседі. Люцифер: «... мені жібер... мен ешбір жан өлмейтіндей бүкіл адамзатты құтқаратын боламын...» (Мұса 4:1) дейді, ал Иса әкесіне: «Әке, Сенің еркің болсын, және Сенің даңқың мәңгілік болсын» (Мұса 4:2) дейді. Бірақ Құдай құтқару ісін Исаға сеніп тапсырды. Бұл шешім Люцифердің бас көтеруіне себеп болады.

Кейінірек көретініміздей, Құдайдың құтқарылу жоспарында адамның еркіне маңызды рөл беріледі. Люцифер адамды ерік бостандығынан айыруға, оны жақсы амалдар мен ойларға жетелейтін жолға алып келуді және сол арқылы барлық адамзатты құтқаруды ұсынды, бірақ құтқарылу жоспары Көктегі Әкенің кемелділігіне ие болу үшін адам рухының өсуі мен дамуын білдірді, ал ол әділдік пен Құдайға мойынсұну, тәубеге келу және өкінуге, күнәға толы өмірсіз жүзеге аспайтын еді. Осыдан шығатыны, құтқару жоспары Әкесіне қарсы Люцифердің көтерілісінсіз бастапқыда түкке тұрғысыз болар еді, өйткені сол кезге дейін адамзатты дұрыс жолдан адастыратын күнәлар мен күштер болмады. Демек, Шайтан мен азғырушы рухтардың болуы адамның рухани өсуі мен дамуының қажетті элементі, ал Люцифер жоспардың ажырамас бөлігі болып табылады: «...барлығында қарама-қайшылық болу керек. Олай болмаған жағдайда әділдік те, әділетсіздік те, қайғы да, жақсылық пен жамандықта болмайтын еді» (2 Нефий 2:11). Шайтан, дәстүрлі христиандықтағы сияқты, соңғы шайқастан

кейін, басқа да зұлым рухтармен бірге құлайтын болады, бірақ ол Көктегі Әкесінің жоспарына сәйкес жақсы жұмыс істегені үшін марапатталуы керек еді: «Мен Оны күйретуге бұйырдым; және ол барлық алдаудың әкесі Шайтанға айналды.., менің жолыммен жүрмейтін адамдарды өз тұтқынына алып, алдап арбау үшін» (Мұса 4:3-4). Жоғарыда айтылғандай, жоспардың маңызды бөлігі Құдайдың адамға оның жерге келгенге дейінгі және жердегі өмірінде ерік бостандығын беруі. Мормондардың сенімі бойынша, адамдардың рухтары жерге келгенге дейінгі өмірінде сол Кеңеске қатысып, құтқарылудың Құдайлық жоспарын қабылдады, оны ұстануды таңдады және Иса Мәсіхті өздерінің Құтқарушысы деп қабылдады. Рухтың тәнге енуінің басты мақсаттарының бірі - Құдайды саналы түрде қабылдауы болып табылады. Балалар өздерінің ата-аналарын таңдамайтыны сияқты, Құдай жаратқан жандар да оны таңдаған жоқ, бірақ туған кезде және адамға таңдау еркіндігі берілгенде, жанның Құдайды саналы таңдауына мүмкіндігі бар. Осылайша, мормон теологиясында, Құдайдан тыс жерде ғана Оның бар екенін сезіну мүмкіндігі болады деген идея қалыптасады. Құтқару жоспарының тағы да бір негізгі мақсаты - Құдайдың кемелділігіне жету деңгейіне байланысты адам рухының өсуі мен дамуы. Мормондар жерге дейінгі өмірде рухтың жеке тұлға ретінде дамып, рухани қабілеттерін дамытатынына сенімді. Өмір сүрудің жердегі кезеңі өсу мен дамудың, Құдайды және оның заңдарын білудің жалғасы дегенді білдіреді. Ерік бостандығының арқасында адамның, Құдайдың жолымен жүріп, Оған сенуге, тәубесіне келуге, шоқындыру рәсімінен өту, Киелі Рухты сыйға алу сияқты заңдарды ұстану таңдауы бар.

Інжіл ілімінің ұстанымдары мен құпиялық рәсімдерінің негіздері ол: біріншіден - Иса Мәсіхке сену; екіншіден - Тәубеге келу; үшіншіден - Күнәлардан арылу үшін шоқыну; төртіншіден – қол қою арқылы Киелі Рухты сыйға тарту ететініне біз сенеміз» делінген. Сонда ғана Құтқарылу жоспары Әулиелерге жердегі сүрген өміріне сай Даңқ Патшалықтарының бірінде қайта тірілуді, мүмкін тіпті Құдайылық кемелділікке жетіп, Құдайға айналуына, Өзінің Әлемінің Жаратушысы болу мүмкіндіктеріне кепілдік береді.

Мормондардың әлемдік және тұлғалық эсхатологиясына біршама тоқталып өтсек. Әлем мен адамның соңғы тағдыры туралы доктрина негізінен христиандық теологияда пайда болды, ал одан кейін ғылыми әдебиетте эсхатология деп аталды (грекше Eschatos - соңғы, logos - ілім, ғылым). Сонымен қатар, ол тұлғалық және әлемдік эсхатология болып бөлінеді, жеке эсхатология дегеніміз бір адамның өлімнен кейінгі өмірі туралы ілім болса, әлемдік эсхатология – дүниенің соңы, ақырзаман туралы ілім болып табылады [30, 44-46 бб.].

Мормондардың дәстүрінде эсхатологияның тұлғалық және әлемдік бағыттары да дамыды. Соңғы заман Әулиелерінің Дін рәміздерінің оныншы постулатында былай делінген: «Израильдің дәлме-дәл қайта құрылатынына және Он екі Буынның қалпына келетініне; Сионның (Жаңа Иерусалим) Америка континентінде орнығатынына; Мәсіхтің жер бетінде тікелей патшалық құратынына және жер жаңарып, өзінің жұмақтық даңқына бөленетініне біз

сенеміз». Мормондар Мәсіхтің Екінші Келу уақыты туралы христиандармен бірдей көзқарасты ұстанады: «Бірақ ешкім, аспан періштелері де ол келетін сағатты, күнді де білмейді және Ол келмейінше біле алмайды» деп санайды (Ілімдер мен Өсиеттер 49:7). Дегенмен, Иоанның апокалиптикалық болжамдарының жалғасы ретінде, Иса Мәсіх соңғы заман Әулиелерінің пайғамбарларына Өзінің Екінші Келуінен бұрын болатын оқиғалар мен белгілер туралы білдірді. Олар:

- Ізгі хабар мен Иса Мәсіх шіркеуінің қайта қалпына келтірілуі («...Құдайдың тарапынан қуаныш уақыты келеді, және Ол сіздерге арналған Иса Мәсіхті жібереді...») (Деяния 3:19-21);

- Қасиеттілік шенін қалпына келтіру {Малахия 4:5-6; Ілімдер мен Өсиеттер 110:11-16}.

- Мормон Кітабының пайда болуы {Исайя 29:4-18; 3 Нефий 21:1-11}.

- Ізгі Хабардың бүкіл әлемге таратылуы («Патшалық туралы осы Ізгі хабар барлық ұлттарға қуәлік ретінде бүкіл дүние жүзінде уағыздалады; сонда ақырзаман келеді») (Матфейден 24:14).

- Зұлымдық, соғыс және дүрбелең уақыты (Матфейден 24:6-7; Тимофейге 2-сі, 3:17; Ілімдер мен Өсиеттер 29:17; 45:26-33; 88:91).

- Көктегі және жердегі белгілер (от Матфея 24:29-30; Ілімдер мен Өсиеттер 29:14-16; 45:39-42; 49:23) [31, 33 б.].

Әулиелердің сенімдеріне сәйкес, Иса жерге келгенде, оны күнәһарлардан тазартады, Мыңжылдық Патшалығын орнатады, қайта тірілтуді аяқтайды. Мәсіхтің қайта тірілгенінен кейін басталған дін жолындағылардың алғашқы қайта тірілуі ғасырлар бойы жалғасып, Исаның екінші рет келуімен аяқталады. Нәтижесінде Целестиалды және Террестриалды патшалықтарға лайықты адамдар қайта тіріледі. Мәсіхтің екінші рет келуінен кейін жерде әділдік пен тыныштықтың мыңжылдықтары болады, барлық араздықтар тоқтатылады және Шайтан «адам баласының жүрегінде орын алмауы үшін байланып тасталады» (Ілімдер мен Өсиеттер 45:55; Откровение 20:1-3). Жер бетіндегі барлық адамдар мейірімді әрі әділ болады, балалар қазіргідей туыла береді. Алайда, адамдардың көпшілігі Ізгі хабардың кемелдігіне әлі де ие болмайды. Сондықтан шіркеудің мүшелері миссионерлік жұмысты жүргізіп, храмдар салуды және өлген ата-бабаларын шоқындыруды жалғастырады.

Аян арқылы басшылық жасаған олар, сонау Адам ата мен Хауа анаға дейінгі ата-бабаларының толық жазбаларын дайындайды. Мәсіхтің Жердегі билік етуі, Соңғы заман Әулиелерінің түсінуінде, Ол әрдайым жерде болатынын білдірмейді, Ол кейде көктен түсіп, адал соңғы заман әулиелерін Жердегі өмірдің дұрыс ұйымдастыруына нұсқайды дегенді білдіреді. Мыңжылдық кезінде жер Адам мен Хауа өмір сүрген Эдем бағы сияқты болады. Құрлықтар мен елдерге бөліну болмайды, бәрі біртұтас болады: «... Ол ұлы тұңғықтың суларына бұйырады, олар кері кетеді... аралдар біріктіріледі... Жер бұрынғы қалпына келеді» (Ілімдер мен Өсиеттер 133:23-24).

Иса Мәсіх Әулиелерге Жерді дұрыс басқару нұсқауын беріп қана қоймай, сондай-ақ әділдік заңдарына негізделген және барлық халықтардың еркіндігін

сақтайтын Жердің саяси билігін басқаруға бағыт беріп отыратын болады. Бұл кезеңде дүние жүзінде екі астана болады: Иерусалимде және Америкада «Сионнан заң шығып, Құдайдың сөзі Иерусалимнен шығады» (Исайя 2:3). Мыңжылдық кезінде адамдар ауырып, әдеттегі өліммен өлмейді. Керісінше, олар бір сәтте өздерінің қарапайым адам сипатынан өлмейтін күйге көшеді. Мыңжылдықтың соңында Екінші қайта тірілу орын алады. Телестиалдық патшалығына немесе қараңғылыққа Шайтанмен бірге түсетін Өлгендердің бәрі қайта тіріледі, Шайтан өзінің әскерін жинап алғанша қысқа уақытқа босатылады. Шайтанның әскері Михаил (ескі өсиеттің Адамы) басқарған Көктің әскерімен қарсы күресетін болады. Соңында Шайтан мен оның ізбасарлары мәңгілікке жойылады (Ілімдер мен Өсиеттер 88:111-115). Шайтан әскері жеңілген соң, барлығы қайта тіріліп, ақырзаман болады. Барлық адамдар қайта тірілгенде, «олар өздерінің өмірде жасаған істері бойынша жауапқа тартылады... Біз өзіміз білетін нәрсені толық сезініп, біздің барлық күнәларымызды ашық есте сақтай отырып, Құдайдың алдында тұрамыз» (Алма 11:41,43). Иса Мәсіх адамдарға үкім шығаратын болады, бірақ оған Израильдің бұрынғы 12 буыны көмектеседі, он екі Нефийлік нефиттер мен ламаниттерді жауапқа тартады, ал осы құрылымдағы адамдарды Бірінші Президенттілік пен Он екі Апостолдар жауапқа тартатын болады [29, 294 б.]. Өлген адамдар Жердегі жазбалар және көктегі «Өмір кітабы» бойынша жауапқа тартылады.



Сурет 1. Мормон шіркеуінің құтқарылу жоспары

Джозеф Смиттің аянынан біз аспан патшалығының үш деңгейінің бар екенін байқаймыз: Целестиалды, Террестриалды және Телестиалды Патшалық (Сурет 1).

- Целестиалды Патшалық - бұл үш патшалықтың ең ұлысы. Осы Патшалыққа түсетіндер мәңгілікке Әке мен оның Ұлы Иса Мәсіхпен бірге өмір сүреді. Бұл патшалыққа кіру үшін мормондар көктегі даңқты иемденіп, басқа адамдарға осыған ие болуға көмектесуі тиіс. Бұл мақсатқа адамдар белгілі бір әрекет арқылы қол жеткізе алмайды; оған тек адалдық пен әділ өмірдің арқасында қол жеткізіледі. Яғни, адал өмір сүрген, Ізгі хабардың барлық ғұрыптары мен заңдарына бағынған соңғы заман Әулиелері ғана целестиалды патшалыққа барады. Целестиалды Патшалық – бұл «Исаның куәлігін қабылдағандарға» және «Өзінің қанын төгу арқылы бүкіл адамзаттың күнәларын өтеуді жүзеге асырған Жаңа өсиеттің пайғамбары Иса арқылы кемелділікке қол жеткізгендерге» дайындалған орын (Ілімдер мен Өсиеттер 76:51, 69).

1836 жылы қаңтарда Джозеф Смит аспан даңқына ие болу үшін қажетті шарттар туралы түсініктерін кеңейтетін аян алды. Оның алдында аспан ашылып, ол аспан патшалығын көрді. Ол жерде шоқындыру рәсімінен өтпей-ақ қайтыс болған үлкен ағасы Алвинді көріп таң қалады. (Ілімдер мен Өсиеттер 137:1-6). Содан кейін Джозефке Жаратқан Иенің дауысы естіледі: «Ізгі хабарды білместен қайтыс болған және оны өмір сүрген кезінде қабылдайтындай адамдар мен оны жердегі өмірінде қабылдаған адамдар Құдайдың аспан патшалығын иемденетін болады, сонымен қатар білместен өлгендердің бәрі шын жүректен қабыл алатындарға Бұл патшалық мұра болады, өйткені Мен, Құдай, барлық адамдарды іс-әрекеттері мен жүректерінің қалауы бойынша жауапқа тартамын» (Ілімдер мен Өсиеттер 137: 7-9). Бұл аян туралы Жүсіп пайғамбар: «Мен сонымен бірге кемелет жасына жетпей қайтыс болған барлық балалардың Көктегі Аспан Патшалығында құтқарылатынын көрдім», - деді.

Джозеф Смиттің басқа аянынан целестиалды патшалықтың өз ішінде үш деңгейі бар екенін түсінеміз. Целестиалды Патшалықтың ең жоғары деңгейіне жету үшін мормондар ғибадатханада «мәңгілік некеге отыру» керек және бұл некеге адал болуы керек (Ілімдер мен Өсиеттер 131:1-4) деп жазады.

- Террестриалды патшалық – «... заңсыз өмір сүргендер; сондай-ақ, оларға Құдайдың Ұлы барып Ізгі хабарды уағыздағанда құлақ аспай, қараңғылыққа қамалған адамдардың рухтары... Исаның куәлігін фәни өмірінде қабылдамай, өлгеннен кейін қабылдағандар... Иса туралы куәлік етуде белсенді болмағандар» баратын даңқ патшалығы (Ілімдер мен Өсиеттер 76:72-75, 79).

- Телестиалды Патшалық - «Иса Мәсіхтің Ізгі хабарын немесе куәлігін қабылдамағандар»... Киелі Рухты жоққа шығармайтындар... бірақ тозаққа баратындар... қайта тірілуге дейін шайтаннан құтылмайтындар... Бұл мәңгілік әлемде Әке-Құдайдың кемелділігінен емес, Киелі Рухтан алатындар үшін дайындалған патшалық (Ілімдер мен Өсиеттер 76:82-86). Кейбір адамдар даңқ патшалықтарының ешқайсысына да лайық болмайды. Олар: «өтірікшілер, сиқыршылар, неке адалдығын бұзушылар, азғындар және Құдайдың қаһарына ұшырағандар...» (Ілімдер мен Өсиеттер 76: 103-104). Олар «Құдайдың құдіретін

білетін», бірақ оларды шайтан жеңіп, шындықты [Құдайдың] жоққа шығарғандар (Ілімдер мен Өсиеттер 76:31). Жоғарыда айтылғандарға қосымша, шіркеу екі ұғымды бөліп қарастырады: мәңгілік өмір мен өлместіктің айырмашылығы бар. Жер бетінде туылған әрбір адам, ол Құдайдың жолымен жүрсе де жүрмесе де өлместікті сыйға алады. Мәңгілік өмір - тек өзінің Ізгі хабарын қабылдаған адамдарға берген Құдайдан келген сый. Бұл - Құдайдың өсиеттері мен қағидаларын ұстану арқылы қол жеткізуге болатын ең жоғарғы күй, және бұл Иса Мәсіхтің күнәларды Өтеуі арқылы азап пен күнәдан босатылғандарға ғана келеді. Яғни Мәңгілік өмір, қайта тірілуден кейін Целестиалды патшалықтың ең жоғарғы деңгейлерінде өмір сүруді білдіреді.

Сонымен Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің онтологиялық доктринасын келесідей сипаттауға болады:

- бұл негізінен өздігінше түсіндірген христиандық доктринаға негізделген, атап айтқанда: әлемді жаратылыс арқылы құру, ақыретке деген сенім, Үштіктің болуы және т.б.;

- рухани қауыздағы өмір алдындағы өмірдің болуы;

- рухты материядан тыс өмір сүре алмайтын субстанция ретінде қарастыру; мормондық шіркеу пайғамбарларының ілімі бойынша «кез-келген рух материя»;

- адамның рухани-материалдық болмыс ретіндегі мәңгілігі, ол дүние жаратылғанға дейін және өзінің дүниеге келуіне дейін рухани қауызда болған және мәңгілік жалғасады;

- Үштік Құдай табиғаты үш түрлі тұлға ретінде, бүкіл әлемді құра отырып, адамзаттың Құдайдың «құтқарылу жоспарына» сәйкес келетін материяларды ретке келтіру мәселесінде бірлікте қарастырылады;

- Әке Құдай (Көктегі Әке) мен Бала Құдай (Иса Мәсіх) «ет пен сүйектен» тұратын кемелденген тәнге ие. Құдай адамды өз бейнесіне ұқсатып жаратқан;

- Иса Мәсіх әлемді Құдай Әкенің жобасы бойынша жасайды;

- Қасиетті Рух - бұл рухани субстанция, яғни мормондар доктринасынан туындайтыны, оған қандай-да бір жұқа материалды қауыз тән;

- бүлік шығарғаннан кейін шайтан көктен қуылды, сонымен қатар рухани субстанцияға айналды;

- болашақ материалдық әлем Даңқтың үш патшалығына айналады, оның сыртында ретсіз материя мен хаос әлемінде осы патшалықтарға өз әрекеттері үшін кіре алмаған барлық мәңгілік рухани мәндер болады [32, 5 б.].

Соңғы заман Әулиелерінің діни ілімін таратуда немесе жүзеге асыруда діни ғибадаттардың орны ерекше. Ендігі кезекте осы қарастырып отырған мормондық шіркеудің діни ғибадаттарына тоқталып өтейік.

Діннің құрылымында діни қызметтің екі түрі бар: культтік және культтен тыс. Культтік қызмет қарапайым әрекеттерді (иілу, тізерлеп тұру, төмен қарай еңкею, басын ию) және одан да күрделі нәрселерді (құрбандықтар, салт-жоралар, уағыздар, дұға оқу, ғибадаттар, мерекелер) орындау арқылы тылсым күштермен байланыс орнатуға бағытталған. Культ міндетті түрде діни мәтіндерді қамтиды: дұға, діни жырлар, діни әндер және т.б., ал культтің құралдары діни ғимараттар мен діни заттарды қамтиды. Практикалық саладағы культтен тыс қызмет

миссионерлік жұмыс, білім беру мекемелерінде теологиялық пәндерді оқыту, діни көзқарастарды баспасөз, радио, теледидар арқылы тарататын әртүрлі имидждік іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады [33, 55-56 бб.].

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің діни қызметі - дәстүрлі және реформаланған христиандықтың элементтерін мормондар шіркеуіне ғана тән өзіндік тәжірибелермен біріктірген түрлі культтік және культтен тыс тәжірибелер кешенін қамтиды.

Мормондық шіркеудің культтік қызметіне тоқталып өтейік. Әулиелердің күнделікті культтік тәжірибесінің бір бөлігі - дұға оқу. Христиандыққа тән діни насихаттың негізгі үш түрі: жеке, отбасылық, ұжымдық дұға оқу мормондарда да қолданылады. Таудағы уағызында Иса Мәсіх былай деп үйреткен: «... бөлмеңе кіріп, есіңді жауып, Әкелеріңе дұға етіңдер, барлығын көретін Әкең саған сұрағаныңды анық береді» (Матай 6:6). Таудағы уағыздың бұл бөлігі Мормон кітабында, 3 Нефий 13:6-да қайталанатын. Ілімдер мен Өсиеттер жеке-жеке дұға жасауға қатысты мынадай нақты нұсқаулар береді: «Кем дегенде әрбір таң, әр кеш сайын өзіңіз көңіл бөле алатын оңаша орын табуға тырысыңыз. Көктегі Әкелеріңмен тізе бүгіп кішіпейіл қарым-қатынаста болыңыз. Үнсіз дұға етуге де болады, бірақ бірте-бірте дауыстап дұға етуге тырысыңыз» (Ілімдер мен Өсиеттер 19:28; 20:51). Дұға оқып болғаннан кейін, адамдарға ішкі жан дүниесіне көңіл бөліп өзін тыңдауға кеңес беріледі, өйткені шынайы дұғаға жауап бергенде, Құдай өзі немесе Киелі Рух арқылы алдында тізерлеп тұрған адамға жауап немесе нұсқаулар береді. Жасалған дұғаларға жауаптар түрлі жолдармен келеді. Көбінесе олар басқа адамның іс-әрекеттерімен өмірде болып жатқан кейбір жағдайлар арқылы немесе адам өзінің ішінде Киелі Рухтың дауысын естиді. Отбасылық дұға жасау қажеттігі Мәсіхтің Мормон кітабындағы: «Отбасыларыңмен бірге, әйелдерің мен балаларың шарапатқа ие болу үшін әрдайым Менің есімімді атап дұға етіңдер» деген сөздерімен дәлелденеді (3 Нефий 18:21). Мормондарға күн сайын таңертең және әр кеште отбасымен бірге тізерлеп, отбасылық дұға айтуға кеңес беріледі. Мұндай дұғаның ұзақтығы мен мазмұны қажеттіліктерге байланысты өзгеруі мүмкін. Ата-аналардың балаларымен бірге жасаған дұғалары мазмұнды және жалықтырмайтындай қысқа болуы керек, ата-аналар отбасы мүшелерінің әрқайсысының дұға етуін қадағалайды, әдетте дұғаны отағасы бастайды. Отағасы болмаған жағдайда, анасы дұға жасайды, ал ата-ананың екеуі де болмаса, балалардың ең үлкені жасайды. Ұжымдық дұға жалпы жиналыстарда, семинарларда, институт сабақтарында, отбасылық кештерде, ғибадатхана жиналысында, Әулиелер өткізетін конференциялар мен басқа да іс-шараларда жасалады. Әулиелердің тәжірибесінде дұға барлық діни және діни емес іс-шараларды бастау мен аяқтауда маңызды роль атқарады, мәтін бойынша олар ризашылық сөздерімен қоса таза импровизация түрінде жасалады. Кез-келген адам дұға жасай береді, бұл үшін адамның шешен сөйлеуі, терең ойы немесе даналығы керек емес. Дегенмен, жалпы шараларда ұйымдастыру процесін жеңілдету үшін бастапқы және қорытынды дұғаларды оқитын екі адам алдын-ала сайланып қойылады. Шіркеудің мойындаған құпиялары - бұл шіркеудің өзіне тән ерекшеліктерімен

бірге дәстүрлі христиан шіркеулерінің қоспасы болып табылады. Оларды екі топқа: біріншісі ғибадатхана қабырғасында ғана жасалатын құпиялар (өлі адамдар үшін шоқындыру рәсімі, мәңгілікке некені бекіту, балаларды ата-аналарына бекіту, киім кию) және жиналыс үйлерінде немесе жай табиғатта (шоқындыру рәсімінен өту, Қасиетті Рухты сыйға беру, қол қою, тазару) өткізілетін құпиялар деп бөлуге болады.

Барлық мәсіхшілер сияқты, Әулиелер де шоқындыру рәсімін шіркеуге мүшелікке енгізетін алғашқы құпиялық деп санайды. Бұл сенім, өкіну, шоқындыру рәсімін және ақырына дейін шыдамдылықты білдіретін жолдағы алғашқы қадам, ол аспан патшалығына жету мен мәңгілік өмірге әкеледі. Шоқындыру рәсімінен өтпей, құтқарылу мүмкін еместігі мормондардың қасиетті мәтіндерінде жазылады, мысалы Мормон кітабында: «Маған сенген және шоқындыру рәсімінен өткен адам құтқарылады... Ал маған сенбейтін және шоқындыру рәсімінен өтпеген адам айыпталады» (3 Нефий 11:34-35). Мормон кітабының сөздерінің шынайылығын дәлелдеу үшін, Әулиелер Иса Мәсіхтің Жаңа Өсиетте Никодимге: «Сендерге шындығын айтамын, егер біреу судан және Рухтан туылмаса, ол Құдай патшалығына кіре алмайды» деген сөздерін келтіреді (Иоанн 3:5). Шоқындыру рәсімінен өту адамның Құдаймен жасаған келісімін білдіреді, ол Мәсіхтің атын қабылдап, оның куәгеріне айналуына, оның өсиеттерін сақтауға уәде етеді.

Мормондар 1829 жылы 15 мамырда Иоанн Шоқындырушы келіп Джозеф Смит пен Оливер Каудериге Аарондық қасиетті шенін бере отырып, оларға мормондарды шоқындыру құқығы мен билігін берген деп сенеді. Иса Мәсіх Джозеф Смитке шоқындыру рәсімінің дұрыс тәртібін аян арқылы жеткізіп, осы рәсімді діни қасиетті шені бар дін қызметкері шоқынушыны толықтай суға батыру арқылы орындауы керектігін көрсеткен. Шоқындыру адамның күнәға толы өмірінің аяқталуын және рухани өмірде қайта туылуын білдіреді. Шоқындыру рәсімі Жиналыс үйінде орнатылған арнайы су құйылатын хауызда немесе осы рәсімді орындау үшін жарамды тереңдігі жеткілікті суда орындалады. Мормон кітабы шоқындыру рәсімінен өту үшін шоқынушыға қандай сөздерді айту керектігі туралы нұсқаулар береді: «Бұдан былай, сендер әркімді атымен атай отырып, былай айтыңдар: Мен Иса Мәсіхтің берген билігі арқылы мен сізді Әке-Құдай, Бала-Құдай және Қасиетті Рухтың атымен шоқындыру рәсімінен өткіземін. Аминь» (3 Неф. 11:24-25). Дәстүрлі христиандықтан айырмашылығы, мормондар 8 жасқа дейінгі сәбилер мен балаларды шоқындырмайды, яғни, Құдайдың аяны бойынша ақыл кіріп, жауапкершілік жасына жеткенде ғана шоқындыруға болады делінген (Ілімдер мен Өсиеттер 68:27). Бұл ілім: «Олар Менің алдымда жауапты болмай тұрып күнә жасай алмайды, өйткені Шайтанның жас балаларды азғыруға күші жетпейді» деген аянмен түсіндіріледі (Ілімдер мен Өсиеттер 29:46-47).

Суға толық батыру арқылы шоқындыру ол бұл рәсімнің тек жартысы ғана, ал екінші, одан да маңызды бөлігі - бұл Киелі Рухпен шоқындыру. Киелі Рухты сыйға тарту қасиеттілік шен өкілдерінің шоқынушының басына қолын қоюы арқылы беріледі. Дегенмен, бұл сыйды қол қоюмен ала салмайды. Шоқынушы

өзі шын ниетімен Қасиетті Рухты сезініп алуы керек. Соңғы заман әулиелері әр жексенбі сайын сиыну үйінде Мәсіхтің қаны мен тәнін бейнелейтін нан мен судан ауыз тию арқылы тазару рәсімін жасайды. Бұл рәсімнің мағынасы – Құдаймен жасалған келісімді саналы түрде жаңартып отыру. Дәстүрлі христиан дінін ұстану рәсімінің бөлігі ретінде қолданылатын әдет-ғұрыптық христиандық шіркеу доктринасы мен мормондардың тәжірибесі аясында сақталған. Қасиетті Рухты сыйға беру кезіндегі қол қою рәсімі, дәстүрлі христиандағы рухани лауазым қатарына қосудың бір бөлігі сияқты мормондардың шіркеулік ілімі мен тәжірибесінде де кең таралған. Мелхиседек қасиетті шені бар әрбір адам шіркеудегі әртүрлі деңгейдегі басшылық қызметтерге ие бола алады және сиыну үйлері мен ғибадатханалардағы рәсімдерді өткізу құқығына ие. Соңғы заман Әулиелерінің ғибадатханасы - бұл қасиетті аумақ, сондықтан шіркеудің мүшелерінен басқа адамдар үшін ол жабық. Сол себептен мормондардың ғибадатханасын мормон емес адамдар құрылыстың аяқталуы мен ғибадатхана ашылмай тұрғанда ғана көре алады. Себебі, мормондар үшін, ғибадатхананың ашылуы сол ғибадатхананың Құдайға арналуын білдіреді. Сонымен қатар, ғибадатханаға кез-кезген мормон кіре алмайды. Оған кіруге рұқсат алу үшін епископпен, содан кейін епархияның төрағалығымен құпия сұхбаттасу керек, содан соң ғана ғибадатханалық ұсыныс шығарылады. Ғибадатханаға кіруге арналған ұсыныс бір жылға жарайды. Ғибадатханаға келетіндер өздерімен бірге арнайы бірыңғай ақ түсті киім алып келеді немесе ғибадатханадан жалға алады. Ақ түс - тазалық символы. Құдайдың киелі үйіне таза емес адамның кіруге құқы жоқ. Біркелкі киім кию Құдайдың алдында барлық адамдардың тең екендігін білдіреді.

Мормондар шіркеуінің өзіндік ерекшелігі – өлген адамдар үшін шоқындыру рәсімін өткізу. Бұл – ғибадатхана қабырғаларында ғана орындалатын қасиетті рәсімдердің бірі. Жоғарыда шоқындыру рәсімі туралы айтқан кезде, онсыз Құдай Патшалығына кіре алмайды делінген болатын, сондықтан шынайы Шіркеуді қалпына келтіргенге дейін өмір сүрген барлық ұрпақтар Құдай Патшалығына кіру құқығын жоғалтқан болып табылады. Бірақ, мормондар, Құдайдың мейірімі бұны осылайша қалдыра алмайды және құтқарылу жоспары бұрыннан өмір сүрген барлық жандардың құтқарылуын білдіреді, өйткені олар да Құдайдың балалары және Ол олардың бәрін бірдей сүйеді деп сенеді. Сондықтан, Құдай адамдарға Оны қабылдап, Патшалығына кіре алатын екі жол ұсынған. Біріншісі - өлген адамдар үшін шоқындыру рәсімі. Бұл ілім Павелдың Коринфяндықтарға арнаған алғашқы хатына негізделеді: «Өлген адамдар үшін шоқындыру рәсімінен өткендер не істейді? Егер өлгендер кейін мүлдем қайта тірілмесе, онда неге олар өлгендер үшін шоқындыру рәсімінен өтеді?» (7 Коринфянам 15:29). Мормондардың сенімі бойынша, апостолдық христиандық кезінде өлгендер үшін шоқындыру рәсімі кең тараған болатын, бірақ кейінірек Павелдың сөзін дұрыс түсінбей, Мәсіхтің ілімдерін бұрмалаудың нәтижесінде мұндай шоқындыру рәсімі тиылған. Сонымен қатар, басқа христиандық конфессиялардың өкілдері, мормондар қайтыс болған ата-бабаларын қандай сенімде болғанына қарамастан шоқындыра береді деп

айыптайды. Мормондар рухқа берілген ерік бостандығы әрдайым сақталатынына және жердегі шоқындыру рәсімінен өту сол рухтың Құдайды қабылдауға және оның Патшалығына кіруіне мүмкіндік беретініне сенімді. Ол рух оның атынан жердегі ұрпақтары тарапынан жасалған шоқындыру рәсімін қабылдай ма, жоқ па, өзі біледі.

Католицизм және православие сияқты дәстүрлі христиандық деноминацияларда неке - бұл құпиялық, ал отбасы «кішкентай шіркеу» ретінде түсіндіріледі, ал некесіздік немесе некеге отырмай өзін Құдай жолына арнау, некеге қарағанда Құдайға қызмет етуде жоғары тұрады. Ал өз кезегінде мормондар шіркеуі некені некесіз қарым-қатынастардан жоғары қояды, ол адамның жердегі өмірінде ғана емес одан кейінгі өмірінде де маңызды болып табылады. Бұл мәселе олардың қайтыс болғаннан кейін күйеулері, әйелдері, балаларымен о дүниеде де бірге болуға ұмтылысынан шыққан сияқты. Бұл тұрғыда мормондар ғибадатханада мәңгілік некеге отыру және балаларды ата-аналарына бекіту, ерлі-зайыптылар мен балалардың кейінгі өмірдегі бірлігін қамтамасыз етеді деп сенеді.

Ғибадатханада некеге тұру, яғни, «целестиалды неке», құтқарылудың бас жоспарында да маңызды орын алады. Егер отбасылар мәңгілікке біріктірілмесе және балалар мен ата-аналар мәңгілікке бекітілмесе, онда Құдайдың ісі аяқталмайды және түпкі мақсат орындалмайды. Оның үстіне, адам құтқарылуға жеке өз жолымен барады, бірақ аспандағы патшалыққа көтерілу тек отбасылық қарым-қатынастар аясында ғана мүмкін. Құдайылық кемелдікке жету үшін және аспан патшалығының үш деңгейінің біреуіне ену үшін ғибадатханада некеге отыру керек және ғибадатханадағы өсиеттерге сәйкес әділ өмір сүру қажет. Мормондардың түсінігінде балалар тек некеде туылуы керек, ол туралы «...Құдай бала туудың қасиетті күшін тек заңды некеде тұрған күйеуі мен әйелі ғана пайдалануын бұйырды» делінген [34, 42 б.]. Отбасы тұлғаның рухани дамуында маңызды рөл атқарады: «отбасылар сенім, дұға, кешірім, тәубеге келу, құрмет, сүйіспеншілік, мейірімділік, еңбекқорлық арқылы құрылып, нығайтылады». Отбасы - Құдай туралы білімнің алғашқы көзі, ата-аналар бірінші өздері - өсиеттерге бағынуда үлгі болуы керек, сондықтан мормондар шіркеуі бір-біріне және балаларына сүйіспеншілік көрсету мен қамқорлық жасау, олардың дүниелік және рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыру, оларды Құдайдың өсиеттеріне бағынуға үйрету, өз елінің заңына мойынсұнғыш азаматтарды тәрбиелеуге міндеттейді. Осы міндеттерді орындау үшін ата-аналар Құдайдың алдында жауап береді.

Әрине, ғибадатханада некеге тұрып, некені бекіткен ерлі-зайыптылардың ажырасуы туралы мүлде сөз болмауы керек. Соған қарамастан, кейбір мормондық отбасылар ажырасып жатады. Мұндай ажырасулар шіркеу тарапынан «Отбасының жойылуы, ежелгі және қазіргі заманғы пайғамбарлардың адамдарға, қауымдастықтарға және бүкіл халықтарға пайғамбарлық еткен апаттар әкеледі» деген аянды алға тарта отырып, айыпталады.

Ғибадатханада мәңгілікке некені мөрлеу рәсімі тек жігіт пен қалыңдықтың қатысуымен өтеді. Қонақтар мен туыстары, тіпті ата-аналары да ерлі-зайыптыларды ғибадатхананың қасиетті бөлігі болып саналмайтын кіреберістегі фойеде күтеді. Рәсім барысында гүлдер, музыка қойылмайды, суретке түсіруге болмайды. Рәсімнің өзі өте қысқа уақытты алады. Ерлі-зайыптылар алтарьдың алдында тізе бүгіп, бір-біріне қарама-қарсы қолдарынан ұстап тұрып, ант береді, діни қызметкер оларды «мәңгілікке» әйелі мен күйеуі деп жариялайды. Неке сақинасын айырбастау міндетті емес.

Ғибадатханалық рәсімдерді келесі екі түрі бұл балаларды ата-аналарына мөрлеу арқылы бекіту және өлген адамдарды өз отбасына бекіту. Бұл рәсім мәңгілік өмірде отбасылар мен туыстардың бірлігін қамтамасыз етеді. Егер бала ғибадатханада мөрленген некеден туылса, онда оны мөрмен бекітудің қажеті жоқ. Егер ерлі-зайыптылар зайырлы некеге тұрса, біраз уақыттан кейін ол ғибадатханада неке мөрін жасай алады. Егер ерлі-зайыптылардың балалары болса, оларды да мөрлеу үшін ғибадатханаға алып барады. Балаларға бұл жағдайда сұхбаттан өтудің қажеті жоқ, оларды ақ түсті киіндіріп тікелей мөрмен бекіту бөлмесіне апарылады.

Ғибадатханада жасалатын ғибадаттардың ішінде эндоумент «діни киім кию» (облачение) рәсімі ерекше орын алады. Мормон шіркеуінің ілімдеріне сәйкес, «аспан патшалығының» жоғары деңгейіне жету және құдайға айналу тек ғибадатханадағы рәсімдерден өту арқылы ғана жүзеге асады. Көктегі Даңқ патшалықтарына кірер кезде сол жақтағы ғибадатхананың қызметшісі адамның жоғары деңгейге баруға құқығы бар-жоғын білу үшін арнайы құпия қолтаңбалар мен құпия сөздерді сұрайды. Мормондардың ғибадатханадағы рәсімдері дәл осы көріністі қайталайды, яғни бұл рәсім аспан патшалықтарының біріне өтуге дайындық деуге болады. Діни киім кию рәсімі арнайы құпия сөздерді, арнайы қолтаңбалар мен мормондардың іліміне сәйкес, аспан патшалығына өту жолындағы кедергілерді жену үшін қажетті дағдыларды үйретуден тұрады.

Эндоумент діни киім кию (облачение) рәсімі бірнеше бөлімнен тұрады, олардың әрқайсысының қасиетті мәні бар. «Endow» сөзі Жаңа Өсиетте кездесетін кию, киім кию, абыройлы болу деген мағынаны білдіретін сөз. Оларды төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

1. Діни рәсімге дайындық бөлімі – жуындыру және майлау рәсімі ғибадатханалық киім киюмен аяқталады. Ерлер мен әйелдердің әдет-ғұрыптары бөлек орындалады. Жуындырғаннан кейін арнайы ғибадатханалық ақ киім: ерлер – костюм-шалбар мен галстук, әйелдер - ұзын көйлек киеді. Бұл рәсімде мормондарға қасиетті киім беріледі, оның міндеті – оны киген адамның денесін кез-келген ауру, жарақат және т.б. физикалық қолайсыз әсерлерден қорғау болып табылады. Ал бұл рәсімнен өткен мормондардың міндеті осы киімді жалаңаш денеге үнемі шешпей киіп жүру, тек ерекше жағдайларда ғана шешуге рұқсат етіледі (спортпен айналысу, шомылу, дәрігерге қаралу) [35].

2. Екінші бөлім театрланған көрініс немесе бейнефильм көрсетілімі түрінде өтеді. Бұл көріністе негізгі оқиғалар: Адам Ата мен Хауа ананың

жәннатқа кіруі, одан қуылу және жердегі өмірі, олардың Құдайға қайта апаратын құтқару жоспарын алғандығы туралы сипатталады.

3. Құпия түрде жасалатын барлық рәсімдерді сақтауға ант бергеннен кейін, бұл адам құпия есімге ие болады. Содан соң оны «аспан патшалығын» бейнелейтін залға әкеледі. Салтанатты рәсімнің маңызды құрамдас бөлігі - бұл Құдайдың қатысуын сезіну, оны бұл рәсімге қатысушылардың барлығы сезінуі керек. Кейбір зерттеушілер, Джозеф Смит өзі, ағасы және кейбір ізбасарлары Масондық шіркеуде болған деген тұжырым жасайды. Ол осы эндоумент рәсімін (сөз, ым-ишара, рәміздер, киім элементтері және т.б.) масондықтан алған дейді. Алайда Смиттің өзі де бұл ұқсастықты жоққа шығармады, Құдайдың берген аянына сәйкес, ол Құдайдың берген ежелгі салт-жораларына өзгерістер енгізіп, қалпына келтірген [35]. Мормондық ілім бойынша, шын жүректен өкініп күнәсін қайталамайтын адам, ол тәубесіне келген болса, Мәсіхтен кешірім ала алады. Тәубеге келу (исповедь) – күнәні мойындау арқылы өкінудің бір бөлігі болып табылады. Шіркеу басшылығына міндетті түрде мойындауды талап ететін күнәлар бар: неке адалдығын бұзу, азғындық, басқа жыныстық ауытқулар, ал басқа да отбасылық даулар, кішігірім ашулылық, дау-дамай, әдетте, шіркеу билігінің қатысуынсыз қатысушы тараптар арасында шешілуі тиіс.



Сурет 2. Солт-Лейк Сити (АҚШ) қаласындағы ғибадатхана

Мормондар Демалыс күнді қасиетті күн деп есептейді. Бұл туралы «Демалыс күнін еске түсіріп, оны киелі ету керек» делінген (Мысырдан шығу,

20:8). Аптаның әрбір жетінші күні – бұл сенбі. Ежелгі Израильде жетінші күн сенбі болатын, бірақ Мәсіхтің қайта тірілгенінен кейін жетінші күн жексенбі болды. Сондықтан мормондар жексенбі күнін Құдайға арнап Демалыс күні деп атайды. Демалыс күнін киелі дей отырып, мормондар оны жиналыс үйінде, дұға жасап, тәубеге келіп шіркеуде өткізеді. Бұл күні олар жұмыс істемейді, ештеңе сатып алуға болмайды, спорттық іс-шараларға және басқа да сауықтыру іс-шараларына қатысапайды. Бұл күні оларға Құдайға дұға ету, сабақтарға дайындалу, Інжілді оқу, науқастарға бару, миссионерлер мен туыстарға хат жазу, рухани музыка тыңдау, күнделік жазу, демалу, пайдалы кітаптар оқу және шіркеу жиналыстарына бару ұсынылады.

Соңғы заман Әулиелерінің культтік тәжірибесінің негізі - причастиелік жиналыс (наннан дәм татып, судан ұрттау арқылы тазару, нан Иса Мәсіхтің тәні, су оның қаны). Ол бірнеше бөлімнен тұрады. Біріншісі - жиналыстың өзі. Бұл жиналысқа қауымның барлық мүшелері қатысады. Оның құрылымы қарапайым, кіріспе гимн шырқаудан, кіріспе дұға оқудан және причастиелік рәсімнен тұрады. Бұл рәсімде нан мен судың үстін ақ матамен жауып, дұға оқиды. Содан соң нан мен суды миссионер жігіттер сол жердегі отырған адамдарға таратады. Одан кейін шіркеу басшылары немесе алдын ала дайындалған адамдар өз басында болған жайттарды қоса отырып, осы сенімге қалай келгенін, Қасиетті Рухты қалай алғаны туралы айтады. Сөз сөйлеп болған соң бірінші бөлім қорытынды дұға оқу және гимн айтумен аяқталады.

Бірінші бөлімнен кейін келушілер топтарға бөлінеді:

1) Жаңадан шоқынғандар мен тыңдаушыларға арналған жексенбілік мектеп жұмыс жасайды;

2) Сонымен қатар осы уақытта 1,5 мен 12 жас аралығындағы балаларға арналған бастапқы қоғамда өз жұмысына кіріседі, ол жерде кішкентай балалармен ойын түрінде сабақтар өткізіледі. Балалар тек бір ғана сабақ өтетін болғандықтан, қалған уақытта олар бір-бірімен ойнап жүреді;

3) Одан кейін 12-18 жас аралығындағы қыздарға арналған «Жас қыздар қоғамы», ал 12-18 жас аралығындағы жас жігіттерге арналып «Жас жігіттер қоғамы» жұмыс істейді. Бұл қоғамдардағы сабақтардың мазмұны моральдық мәселелерге қатысты болып келеді;

4) Жиналыстың үшінші бөлімі – «Мейірімділік қоғамының» жиналысы. Бұл жиналысқа жексенбілік мектептен шыққан 18 жастан асқан қыз-келіншектер қатысады, бұл жерде де гимн айтылады және белгілі бір тақырыпта шіркеу басшыларымен жазылған кітаптардан үзінділер оқылады, өмірде өзін-өзі ұстау ережелері айтылып, қоғамдағы түрлі мәселелер талқыланады;

5) Старейшиналар кворумы; олардың жиналыстары 18 жастан асқан ер адамдардан тұрады, олар пайғамбарлардың жолдауларын оқиды және арнайы діни қызметке арналған кітаптағы тақырыптарды талқылайды.

Барлық шараларға қатысуға жарты күн уақыт кетеді, сол себепті келушілер шіркеуге отбасыларымен, балаларымен бірге келеді. Сабақтарды қатардағы қарапайым келушілер емес, оқытушы ретінде шіркеу мүшелері, яғни миссияда болып келген, шіркеу басшылығымен осындай қызметтерге тағайындалғандар

ғана жүргізеді. Жалпы, жексенбілік мектептің мәні «барлық шіркеу мүшелерінің бір-біріне Ізгі хабарды оқыту болып табылады».

Сонымен, мормондардың культтік тәжірибесі, бір жағынан, протестанттық дәстүрге сәйкес жеңілдетілген, салт-жоралғылары азайтылған, Жазбаларды оқуға, Құдаймен және қасиетті Рухпен жеке қарым-қатынасқа баса назар аударылады. Екінші жағынан, арнайы храмдық киім талап етілетін арнайы мәтіндермен, белгілермен қоса, күрделі храмдық ғұрып қалыптасқан. Бұл мағынада мормонизм дәстүрлі христиан дініне жақын, соған сәйкес қасиетті мәтіндер, ым-ишара (иіліп сәлем беру, айқышты қолдану) және арнайы ғибадатханалық киімдері бар.

Соңғы заман әулиелерінің культтен тыс тәжірибесінде зайырлы түрдегі іс-шаралар культтік ғибадаттармен (дұға оқу, уағыз, гимн айту және т.б.); миссионерлік және білім беру қызметі, түрлі деңгейдегі конференциялар (бүкілшіркеулік, бас конференция, аймақтық және т.б.) үйлесіп аралас сипатта өткізіледі.

Мормондар дүйсенбілік кешті отбасылық кездесулерге арнайды. 1915 жылы шіркеу Президенті Джозеф Ф. Смит және оның Бірінші Президенттегі кеңесшілері шіркеулік отбасын нығайту бағдарламасын енгізу туралы жариялаған болатын. Отбасылар аптасына бір рет кездесіп, дұға етіп, ән шырқап, аяттарды оқып, бір-біріне Ізгі хабарды үйретуі керек және отбасын нығайтатын басқа да міндеттерді орындаулары керек. 1970 жылы Президент Джозеф Филдинг Смит бірінші Президенттіктегі кеңесшілерімен бірге, дүйсенбінің кешін отбасылық кеш болатын уақыт деп енгізді. Содан бері, отбасылар осы уақытты бірге өткізе алуы үшін дүйсенбі күні кешке шіркеу ешқандай іс-шаралар өткізбейді. Осы кешті өткізудің ұсынылған кетесі де бар, оған: кіріспе гимн айту; кіріспе дұға оқу; Қасиетті Жазуларды оқу; сабақ; тапсырма; қорытынды гимн; қорытынды дұға; кешкі ас кіреді. Бұл кестеден бөлек дүйсенбілік кешті әр отбасы түрлі өткізе алады.

Әйелдерге арналған «Мейірімділік қоғамы» аптасына бір рет жиналады. Әйелдер мұқтаждарға азық-түлік дайындайды, қайырымдылыққа арналған көрпелер тігеді және т.б. істермен айналысады. «Мейірімділік Қоғамының» аясында келіп кетуші мейірбикелерге арналған бағдарлама бар: бір немесе екі мейірбике шіркеуге келе алмайтын мүшелеріне бекітіледі, олар аптасына бір немесе екі рет келіп тұрады, бірақ кемінде айына бір рет келіп тұруы тиіс. Олар үй шаруасына көмектеседі, дүкенге барады және т.б. істерді атқарады. Әсіресе, шоқынған бірақ шіркеуге келмей жүрген шіркеу мүшелеріне айрықша назар аударылады. Мейірімділік қоғамы отбасын және жеке адамды нығайтуға бағытталған іс-шараларды жылына төрт рет өткізеді. Мұндай іс-шараларды шіркеуге келуші қыз-келіншектердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін осы қоғамның басшылары жоспарлайды және ұйымдастырады. Бұл кездесулердің мақсаты - Сиондағы әйелдер, аналар, әпкелер мен Құдайдың қыздары рөлдерінде бір-біріне қолдау көрсету болып табылады.

Христиандыққа тікелей ұқсастығы жоқ культтен тыс қызмет түрі - Әулиелердің отбасылық-тарихи және генеалогиялық жұмысы. Бұл қызметтің

мақсаты – мормондардың ата-бабаларын мүмкіндігінше терең және кең іздестіру болып табылады. Бұл жұмыс жекелеген жандардың да, адамзаттың да құтқарылуының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл тәжірибенің пайда болуының негізін – Илия пайғамбардың аяндарынан табамыз, яғни, Құдайдың оны «әкелердің жүректерін балаларға және балалардың жүрегін әкелерге бұру үшін» осы дүниеге жіберуі керек болатын. (Ілімдер мен Өсиеттер 110:14-16). Біз осы аянға қатысты қайтыс болғандарды шоқындыру тақырыбын қозғағанда айтқан болатынбыз. Әулиелер алдын ала іздестіру жұмыстарынсыз бұл рәсімді жасай алмайды. Қайтыс болған ата-бабалары туралы қажетті ақпаратты жинағаннан кейін, мормондар олар үшін ғибадатханалық рәсімдердің (шоқындыру рәсімі, Қасиетті Рухты сыйға беру, бекіту) бұрын қайтыс болған адамның отбасынан бір туысы немесе есімдердің ғибадатханаға жіберілуі арқылы орындалуын қамтамасыз етуі керек. Шіркеу өз мүшелеріне көмектесу үшін генеалогиялық ізденістерді жүргізуді үйрететін отбасылық-тарихи жұмыс орталығын ұйымдастырады. Нәтижесінде табылған туыстары мен олар үшін жасалған рәсімдер туралы барлық мәліметтер - отбасылық тарих кітапханасына, АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында орналасқан жалпы деректер банкіне түседі.

Культтен тыс қызметтің тағы бір түрі - Шіркеудің қайырымдылық бағдарламалары, ол бір жағынан, кейбір елдерде БАҚ-тардың мормондар туралы жағымды ойлауына мүмкіндік беретін жалғыз құрал болып табылады. Екінші жағынан, қайырымдылық – бұл Құдайға қызмет ету түрі ретінде мормондардан материалдық және уақыттық шығындарды талап етеді. Бұл тақырып туралы келесі бөлімдерде толығырақ тоқталатын боламыз.

Қорытындылай келе, Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің діни ілімі дәстүрлі христиандықтан өзгеше болып келеді. Атап айтатын болсақ:

1. Құдай туралы түсінігі. Мормондар Үштік Құдайды жоққа шығарады. Әке-Құдай, Бала-Құдай, яғни Иса Мәсіх және Қасиетті Рух үшеуі үш бөлек мәнге ие. Әке-Құдай мен Бала-Құдайдың тәндік денесі бар, себебі «Құдай адамды өзіне ұқсатып жаратқан». Құдайдың Жоспары бойынша адам Құдайға айналуы үшін ол физикалық сипат алу керек болды. Ал Қасиетті Рух ол көзге көрінбейтін, тек оның қатысуын сезінуге болатын Мән иесі. Мормондар үшеуін үш бөлек Құдай деп қарастырады. Оған қоса Әке-Құдай мен Бала-Құдай бар болса, Ана-Құдай да бар деп есептейді. Ана-Құдай ол – Әке-Құдайдың әйелі, яғни Иса Мәсіхтің анасы Мәрия-қыз. Ол Иса Мәсіх туылуы үшін Жерге жіберіліп, қайтыс болған соң Әке-Құдайдың қасына көкке көтерілген. Құтқарылу жоспары орындалу үшін Әке-Құдай жерге түсіп Мәрия-қызбен тәндік байланысқа түсе отырып, олардан табиғи жолмен Бала-Құдай Иса Мәсіх туылған. Олардан басқа аспан әлемінде өте көп құдайлар бар және олар да біркездері Жерде өмір сүрген, яғни адамдар болған деп сенеді;

2. Мормондық шіркеудің адам туралы ілімі. Мормондық ілімнің ең басты ерекшеліктерінің бірі – адамның құдайға айналу мүмкіндігі. Мормондық антропологияға сәйкес, адам басынан бастап Құдаймен бірге болды және қайтыс болғаннан кейін оған қайтып оралады. Адам өмірі жерге дейінгі, жердегі және

жерден кейінгі өмір болып үшке бөлінеді. Адам тән мен жаннан тұрады. Тән – ол Құдайдың аманаты, сол үшін оны «Даналық сөзіне» сәйкес күтіп ұстау керек, ал жанға келетін болсақ, жанның бұрыннан болуы мормондық шіркеу ілімінің догмасы болып табылады. Адам жаны – Әке-Құдай мен Ана-Құдайдың мәңгілік одағынан туылған, себебі мормондардың түсінігі бойынша туылу – міндетті түрде екеудің қатысуы арқылы жүзеге асады.

3. Ғибадаттық ерекшеліктері. Мормондардың күнделікті ғибадат жасау тәжірибесі жеңілдетілген, рәсімдері азайтылған. Протестанттық дәстүрге тән Жазбаларды, Құдаймен және Қасиетті Рухпен тікелей сұхбаттасуға баса назар аударылады. Дұғаларының қатып қалған нұсқасы жоқ. Екінші жағынан, ғибадатханаға арнайы киімдерді қажет ететін нақты мәтіндер, белгілермен бірге күрделі ғибадатхана салты құрылған. Осы тұста дәстүрлі христиандықтан ерекшелігі – ол ғибадатханада өткізілетін ерлі-зайыптылар мен отбасы мүшелерін бір-біріне бекіту, қайтыс болған адамдарды шоқындыру сияқты құпия рәсімдерді атауға болады.

2 ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МОРМОНДЫҚ

2.1 Қазіргі әлемдегі мормондық шіркеулер

Бұл тарауда Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қазіргі кездегі жағдайы мен өсу факторлары, құрылымы мен ұйымдары, шіркеудің миссиясы мен қазіргі миссионерлік қызметі қарастырылатын болады.

Христиан дінінің тарихында оның көптеген модификациялары мен тармақтары кездесті, олардың басым көпшілігі уақыт сынына шыдамай өзінің көшбасшыларымен бірге жойылып, жоғалып кетіп отырды. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелелері Шіркеуінің қызметі көшбасшысының кенеттен қаза табуымен тоқтап қалған жоқ, керісінше одан бері 190 жылдың ішінде үлкен американдық деноминацияға айнала отырып бүкіл әлем бойынша өзінің ықпалын нығайта түсті.

Шіркеу мәліметтеріне сүйенсек, қазір әлемнің 177 елінде мормондар шіркеуі бар. Америка Құрама Штаттарында бұл төртінші үлкен шіркеу. 1830 жылы Нью-Йорк штатында алты адамнан құралған шіркеу екі жүз жыл ішінде әлемдік ұйымға айналды. Олардың әлем бойынша 167 ғибадатханасы бар [36].

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелелері шіркеуінің көптеген ізбасарлары бар, бірақ ғибадатханасы жоқ елдер бар. 2020 жылдың сәуір айының басында Солт-Лейк-Ситиде (Юта, АҚШ) өткізілген мормондардың жыл сайынғы халықаралық конференциясында шіркеу Президенті Рассел Нельсон бірнеше ғибадатханалар салу жоспарланғанын жариялады. Олар:

1. Байя-Бланка, Аргентина
2. Таллахасси, Флорида штаты, АҚШ
3. Лубумбаши, Конго Демократиялық республикасы
4. Питтсбург, Пенсильвания штаты, АҚШ
5. Бенин-Сити, Нигерия
6. Сиракьюс, Юта штаты, АҚШ
7. Дубай, Біріккен Араб Эмираттары
8. Шанхай, Қытай Халық Республикасы

Солардың бірі Дубай ғибадатханасы Таяу Шығыстағы алғашқы ғибадатхана болмақшы. Ол Парсы шығанағы елдеріндегі және Таяу Шығыстағы, Солтүстік Африкадағы, Шығыс Еуропадағы және Батыс Азиядағы бірнеше округтердегі мыңдаған «әулиелерге» қызмет ететін болады. Қазіргі уақытта БАӘ-де бес мормон қауымдастығы бар: екеуі Дубайда, екеуі Абу-Дабиде және біреуі Аль-Айнде. Мормондар сайтының мәліметтері бойынша, Әмірліктерде 1700-ге жуық осы елдің азаматтары болып табылатын мормондар бар [37].

Сонымен қатар, мормондар шіркеуі Шанхайға да ғибадатхана салу жоспарлаған. Оған тек ҚХР-ның мормон азаматтары ғана кіре алады. Конференцияда түсіндірілгендей, мормондар шіркеуі Қытайдағы мойындалған діндердің қатарына енбейді. Алайда, Гонконгтағы ғибадатхана жөндеуге жабылғандықтан қытайлық мормондарға ғибадатхана қажет екендігі айтылды.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуінің президенті Рассел Нельсон бір кездері Қытайда кардиохирург қызметін атқарған және Шаньдунь университетінің медицина бойынша құрметті докторы дәрежесіне ие болған. Өткен қыста Қытайда коронавирустық пандемия өрши бастаған кезде, АҚШ-тың мормондары медициналық жабдықтар тиелген екі ұшақты Аспан асты еліне жіберген [38].

Мормондық дереккөздерге сәйкес шіркеу құрылғаннан кейін он үш жылдан соң, 1843 жылы Джозеф Смит Орсон Хайд пен Джордж Дж. Адамсты Ресейдегі миссияға қызмет етуге жібереді. Бірақ олардың миссиясы Джозеф Смиттің қайтыс болуына байланысты тоқтатылады. 1895 жылы Швецияның тумасы старейшина Аугусто Джоэль Хоглунд Санкт-Петербургке жіберіледі. Онда ол Иоганн М. Линделофтың отбасымен кездесті. 1895 жылы 9 маусымда ол Иоганн мен оның әйелі Алманы Невада шоқындырады. Бұл Ресейдегі алғашқы шоқынған мормондар болған. 1900 жылға қарай Кенигсбергте (кейін Калининград) приход құрылды. Бірақ Ресейдегі Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің одан әрі өсуіне революция кедергі болған. 1959 жылы Он екі Апостолдық кворумынан, сол кездегі Америка Құрама Штаттарының ауыл шаруашылығы министрі қызметіндегі старейшина Эзра Тафт Бенсон Мәскеудегі Орталық баптисттік шіркеуге қатысып, уағыз айтады. 1989 жылы волонтерлар Венгрияда, Италияда және Финляндияда бірнеше кеңес азаматтарын шоқындырады. 1990 жылы волонтерлар қайтадан Санкт-Петербургке келеді, ал 1990 жылы 3 ақпанда Ресейдегі алғашқы шіркеу мүшесі Санкт-Петербургте шоқындыру рәсімінен өткен. Алайда бұл ақпарат мормондар шіркеу сайтында ұсынған мәліметтерден алынып басқа ақпарат көздерімен расталмаған [39].

Ал Ресейлік дереккөздер ондағы мормондардың тарихын 1989 жылдан басталған деп береді. Ол АҚШ елшілігінің қызметкері ұйым мүшелерінің кездесулерін өз пәтерінде өткізуге өкілеттік алған кезден басталады. Алғашқы миссионерлер Ленинградқа 1990 жылы келген. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуі Ресейде ресми түрде 1991 жылдың мамырында тіркелген.

1992 жылы 3 ақпанда Ресейде 750-ге жуық шіркеу мүшелері болған кезде Ресейдің Мәскеу және Ресейдің Санкт-Петербургтік миссиялары құрылған. Көп ұзамай Ресейдегі шіркеу мүшелері екі еседен астам көбейіп, Самара, Ростов, Новосибирск, Екатеринбург және Владивостокта миссиялар ашылған. Қазіргі кезде бүкіл Ресей бойынша 120-дан астам приходтарда 23000-нан астам шіркеу мүшелері бар [40]. Шіркеу президенті Рассел Нельсонның Бас конференцияда хабарлауы бойынша жақын уақытта Ресейде ғибадатхана салу жоспарланып отыр.

Ресей астанасы Мәскеу – мормондардың Шығыс Еуропа аймағының орталығы, оған Ресейден басқа Украина, Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Болгария, Эстония, Латвия, Литва, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия және Өзбекстан кіреді.

Бұл ұйым мүшелерінің Украина елінде де сенушілері аз емес. Қазіргі кезде бұл елде мормондардың 2 миссиясы, 48 приходы және 11 000-нан астам сенушілері бар [40].

Мормондардың мүдделері тек прагматикалық қана емес, сонымен қатар геосаяси тұрғыдан да мүдделі екендігіне олардың Украинаға деген көзқарасы дәлел. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің Черкассктегі қауымын бес жыл бойы басқарып, кейін ол қауымнан шығып кеткен Александр Тарасюк: «Мормондар біздің елімізді «Таяу Шығысқа қарай шығу дәлізі» ретінде қарастырады. Осылайша, Украина арқылы Түркия мен Болгарияға, әсіресе мұсылмандар көп болатын оңтүстік-шығыс бөлігі арқылы жетті. Экспанция Ливанға, Пәкістанға, Иранға бағытталған» дейді. Түрік қауымдастықтары Украинадағы Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қауымдастығы ретінде әрекет етеді. Сондықтан да шіркеу 2010 жылы Киевте Шығыс Еуропа, Азия, Таяу Шығыс аймақтарына қызмет ететін ғибадатхана салған болатын [41].

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің назары Орталық Азия елдеріне де түсіп отыр. Оның ішінде біздің елімізде бар.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі американдық үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп гуманитарлық көмек көрсетумен және қайырымдылықпен айналысады. Орталық Азия елдерінің ішінде мормондар шіркеуі тек біздің елімізде ғана тіркелгендіктен олар қайырымдылық және гуманитарлық қызметпен ашық айналыса алады. АҚШ-тан Қазақстанға гуманитарлық көмек қызметін жүзеге асыруға келген мормондық миссионерлік жұп Тайлорлар отбасының айтуынша қайырымдылық акцияларын біздің елімізден Қырғызстанға барып жүріп жасаған. Себебін ол елде мормондар шіркеуі тіркелмеген және миссионерлерге кіруге рұқсат жоқтығымен түсіндірді. Седьмица.ру сайтында: «Егер үкімет республика аумағында осы діни ұйымның қызметіне рұқсат берсе, мормондар Қырғызстанға беретін қаржылай көмек көлемін ұлғайтады» делінген [42].

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің қайырымдылық қызметі американдық үкіметтік емес ұйымдар, атап айтқанда Project Hope, Адвентистік көмек және даму агенттігі (ADRA) және Globus Relief ұйымдарымен бірлесіп Өзбекстанға 1,8 миллион доллардан астам сомада гуманитарлық көмек жобасын іске асырды. Бұл туралы Өзбекстанның «Дунё» АА хабарлады [43]. Жоба Өзбекстанның коронавирус пандемиясына қарсы әрекеттерін қолдауға, сондай-ақ Сырдария ауданындағы су тасқыны салдарын жеңілдетуге бағытталған.

Мормондық шіркеу басшылары Орталық Азия елдеріне гуманитарлық көмек және қайырымдылық шараларын бағыттау арқылы сол елдердің билік басындағылардың оң көзқарасына ие болғылары келетіндей.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі болашақта Қазақстанды Орталық Азиядағы өз ілімдерін тарату орталығы ретінде қарастыру мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз.

Соңғы жылдардың статистикасына сәйкес әлемде мормондардың қатары жылына орташа есеппен 250 000 адамға артып отырады екен. Оны 1-диаграммадағы соңғы бес жылдың статистикасынан көруге болады (Диаграмма 1.) [44].

Диаграмма 1. 2015-2019жж. арасында әлем бойынша шоқынғандар саны



Шіркеудің сандық көрсеткіші негізінен Латын Америкасы (Бразилия, Мексика), Африка, Азия, тынықмухиттық аймаққа байланысты көбеюде. Осы жерде, қалайша 1830 жылдың сәуір айында 6 адамнан құралған топ 16,565,036 адамнан тұратын шіркеуге дейін құлаштап өсті деген орынды сұрақ туындайды, оның үстіне шіркеу қауымының санының артуы соңғы 50 жылда орын алған [36]. Осындай өсім феноменінің себебі неде және де Шіркеудің сенушілерінің қатарын үнемі толықтырып отыратын неофиттерді не қызықтырады? Алдыңғы тараулардағы келтірілген Шіркеудің пайда болуы мен дамуына қатысты талдау нәтижелеріне, оның билікпен қарым-қатынасы, қоршаған қоғамға саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салалардағы қатынасына қарай, Шіркеудің табыстылығын бірнеше факторлармен байланыстыруға болады:

– *Тиімді менеджмент.* Шіркеудің тарихын зерттеу барысында бірден бір көзге түсетін тұсы, оның мемлекетпен қарым-қатынасы, оның экономикалық және әлеуметтік саясаты – XIX – XX ғғ. барлық қиын мәселелерден шіркеуді аздаған шығындармен әрбір нақты жағдайға сәйкес анағұрлым ұтымды алып шыға білген жетекшілерінің арқасы. Шіркеудің жетістігін Бригам Янг тұсынан қазіргі күнге дейін жалғасын тапқан сауатты менеджмент екендігін мойындау керек. Шіркеу христиандық және өзге де діни секталарға тән классикалық түрде пайда болған. Оның көш басында харизматикалық тұлға, лидер Джозеф Смит тұрған, мормондардың естеліктері бойынша және де мормон еместердің айтулары бойынша да ол өзінің идеяларына сендіріп, артынан ілестіре алатын қасиеттері бар болған. Ол мықты рухани көшбасшы болған, бірақ ұйымдастыру мәселесінде осалдық танытқан. Ол Шіркеудің іргетасын қалаған рухани еңбектерді жазып қалдырған (Мормон Кітабы, Ілімдер мен Өсиеттер, Асыл Маржан, Жақып патшаның Інжілінің аудармасы, Джозеф Смит ілімі). Ол шіркеудің сенім негіздерін, мормондар осы күнге дейін басшылыққа алатын өмір

сүру ережелерін, мормондардың санын арттыру мақсатындағы миссионерлік тәжірибесін қалыптастырды, алайда Джозеф Смит басшылық еткен тұста оның өзі де оның артынан ерушілерде экономикалық және саяси сипатта айтарлықтай қиын қыстау кездерді бастарынан өткізген. Олар үнемі Джозеф Смиттің қолы бағыттаған жерлерде өмір сүру үшін күресуге мәжбүр еді. Жергілікті халықпен және билікпен болған қақтығыстар, енді ғана орныққан жерлердегі мүліктен айырылуға байланысты экономикалық келеңсіздіктер, Шіркеудің ішінара жіктелуі, осының барлығы Шіркеудің тіршілік етуіне кері әсерін тигізу қаупі бар еді. Сондықтан шіркеу өзге протестанттық секталардың тағдырын қайталап, 20-50 жылдар арасында құрдымға ұшырауы әбден мүмкін еді. Алайда, Джозеф Смиттің бағына орай оның Бригам Янг сияқты арқасүйер көмекшісі бар еді. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, рухани мәселелерде білікті маман болмаса да Бригам Янг өте жақсы ұйымдастырушы және басқарушы бола білді. Оның уақытында пайда болып дамыған догматтардың (Адам-Құдай жайындағы ілім, Янг тұсында ресми түрде қабылданып жария етілген көп әйел алушылық) ғұмыры қысқа болды, алайда соның еңбегінің нәтижесінде Шіркеу өте күрделі дағдарыстардан аман қалды. Ол Шіркеуді бүкіл дамуы барысында сәтті басқара білген, ақылды жетекшілерін тәрбиелеп шығарды.

– *Экономикалық табыстылық.* Мормондар шіркеуінің экономикалық саладағы саясатының екі негізгі тұжырымын айтуға болады:

1) Шіркеулік қауымдастықтың экономикасын ұйымдастыру саласындағы тәжірибелері жекелеген адамның жағдайының жақсаруы сәйкесінше жалпы Шіркеудің жағдайының жақсаруына ұласатын анағұрлым жұмыс істейтін нарықтық модельге алып келді;

2) экономикалық тұрғыдан қолдау көрсету және жақсы тұрмысты тұрақты ұстап тұрудың арқасында Мормондар Шіркеуі тек қана қиын қыстау кезеңдерді басынан өткеріп қана қоймай (30 жылдардағы ұлы депрессия, соңғы жылдардың әлемдік дағдарыс) сонымен қатар өзге діни ұйымдарға қарағанда жоғарыдан көрінуіне мүмкіндік тудырды: «... Епископ Джим Гудричтың азық-түлік дүкенінде кассалық аппарат жоқ: бұл жерде азық-түлік сатылмайды. Сөрелерге рет-ретімен қойылған ірімшік, сүт, жеміс-жидектер мұқтаж шіркеу мүшелеріне тегін таратылады» [45]. Әрине мұндай коммунистік идеал өте жақсы ұйымдастырылған шіркеушілік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады, бұл әсіресе халқының көп пайызы кедей болып табылатын мемлекеттерге (мысалы, Латын Америкасы) ерекше әсер етеді.

– *Жастармен жұмыс.* Кез келген шіркеудің болашағы оның қатарындағы жас сенушілердің санына тәуелді, ал мормон шіркеуінің болашағы туылғанынан ата-анасының немесе өзінің қалауы бойынша Шіркеудің мүшелері болып табылатын жастарға байланысты. Бұл санаттағы жастардың барлығының ерте ме кеш пе өз қалауларын тексеру мәселесіне тап болады, осы орайда егер шіркеулік өмір деңгейі әртүрлі болып келетін жас буынның рухани қажеттіліктерін қанағаттандырмаса, ол осы буынның алдында өзінің потенциалын жоғалтып алу қаупіне тап болады. 2015 жылы американдық институттардың жүргізген зерттеулерінің нәтижелеріне сәйкес 70% ға жуық жас

мормондар ата-аналарының дінін таңдайды, қалған 30% не атеисттерге айналады, болмаса басқа Шіркеуге қосылады екен. Бұндай мәліметті Понд Э. «Портрет мормонов в США» еңбегінде келтіреді [46]. Мормондар шіркеуінің басшылығы осы мәселеге тап болған кезде, бұл сұрақты шешуге қатысты белсенді іс-қимылдарды кешіктірмей жүзеге асыру қажет екендігін түсінеді. Сондықтан шіркеу жетекшілері өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың шіркеудің әр түрлі діни және зайырлы бағдарламалары арқылы жүзеге асатын білімі мен тәрбиесіне көп назар аударады. Бұл бағдарламаларда тікелей білім беру әдістерімен қатар рекреациондық әдістерде қолданылады, сонымен қатар жастарға, көзқарастары жақын болып табылатын өз замандастарымен, күнделікті өмірде немесе болашақ мамандығында пайдалана ала алатындай қосымша бір дағдыларға ие болуға жағдай жасайды. Ең алдымен айта кететіні, жастардың бойында шіркеулік бағдарламалар аясында коммуникативті және басқарушылық біліктіліктерді тиімді дамыту қолға алынады. Жастарды басқару біліктіліктеріне үйрету өте ерте кезден басталады. Олардың өздеріне тән басқару ұйымдары бар: дьякондар кворумы, оқытушылар, әулиеәкейлер; оларға осы аты аталғандар шіркеу ішінде басқару қызметін жүзеге асыруға, жаттығуға жағдай жасалынады. Киелі Жазбалардағы өлең жолдарына қатысты өз ойларын жеткізе білу, топтық пікірталастарда Інжіл қағидаларын ақтап шыға алу, өз идеалдарын «өзінің шеңберінен» тыс жерлерде жеткізе алу сынды қабілеттеріне өте үлкен мән беріледі. Мұның барлығы жастарды тек қана шіркеулік өмірге дайындап қана қоймай, сонымен бірге олардың болашақта өздерін кәсіби маман ретінде танылуына үлкен көмегін тигізеді. Президент Ухтдорф: «менің немерелерімді сыныптарында ең үздіктер деп санайды. Неліктен? Себебі олар бұл қабілеттіліктерді үй жағдайында меңгеріп алған» деп мақтанады [47, 13 б.]. Приходтарда үнемі жастар кездесулері немесе жиналыстар болып отырады, ол жерде жастар әнұрандар айтады, дұға жасайды, уағыздар оқиды, этикалық сипаттағы көкейкесті тақырыптарды талқылайды. Ал үлкендер «көлеңкедегі жетекшілер» ретінде қатысады. Жастар үшін рухани-ойын-сауықтық және спорттық сипаттағы іс-шаралар көптеп ұйымдастырылып отырады. Олардың соңғы мақсаты – Шіркеу өміріне етене араласу, бұл пайдалыны тиімдімен сабақтастыру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар олар топпен бірге және жеке дара осындай іс-шараларды жүргізу үшін оларды жоспарлауды, ұйымдастыруды үйренеді. Ересектер өміріне кіру процесінің тағы бір басты тұсы – есеп беру біліктіліктерін қалыптастыру, басшының бақылау қызметіне үйрету. Қандай да бір болмасын діни іс-әрекетті жүзеге асыруды мойынға алған соң ересек жетекшінің алдында осы бойынша есеп беру қажет. Жастарды ұйымдастыруда, өз орталарында демалып, сабақ оқуға мүмкіндік туғызу үшін, бұл тәжірибені дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 14.00 мен 21.00 арасында кезкелген приходтан көруге болады. Бұл жерде олар достарымен кездесіп, әртүрлі ойындар ойнап, арнайы жабдықталған бөлмелерде сабақтарын оқып, рухани тақырыптарды қамтитын әр түрлі дәрістерге қатысып, сонымен қатар музыкалық аспаптарда ойнауды үйренуіне әбден болады. Жылына бір рет жастар өз күштерімен аймақтық деңгейдегі конференциялар ұйымдастырып отырады.

Бұндай конференциялар 18 бен 30 жас аралығындағы бойдақ жастар үшін тек қана белгілі бір мәселелерді талқылауда тақырыптық пікір алмасу ғана емес, белгілі бір түрде жастардың діни лагері іспеттес, жастардың сенімдерін арттырып, Шіркеудің күш қуатын сезінеді. Мұндай конференцияларда сенімдері бір жастар өмірлік серіктерін тауып жатады.

– *Имиджді көтеру жұмыстары.* Біз бірінші тарауда мормондардың ассимиляциялану барысында АҚШ-тың мормондық емес бөлігіндегі кереғар ұстанымдарына қарсы тұрып, американдық ұлттың құрамына еніп, христиандық бағыттағы респектабельді деноменация ретінде мойындалған статуска қалай ие болғандығын қарастырғанбыз. Қазіргі заманда мормондардың имиджіне шіркеудің ішінен белгілі бір қызметкерлер жауапты, ал шіркеудің бұл саласына өте жауапты қарайтындығын біз әрбір приходта қоғам мен байланыс саласына қатысты мәселелер бойынша жауапты адамның болуынан аңғарамыз (американдықтар да еуропалықтар секілді имидж мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарайды). Қазіргі таңдағы Шіркеудің имидждік мәселелері негізінен қоғамның ішінде орын алып отырған әлеуметтік мәселелерге және де соларға деген мормондардың көзқарастарына қатысты (түсік тастату, наркотиктер, бір жыныстық некелер, гомосексуализм, ажырасу, азаматтық некелер). Пәктік мәселесінде өте қатандыққа (некеге дейінгі жыныстық қатынастар, гомосексуалдық байланыстар), киімге қойылатын талаптарға (қарапайым, тырыспаған, тізеден төмен белдемшелер, жабық кеуделі киім, ер азаматтар үшін шалбар мен жейде) қарамастан, заманауи қоғамның ықпалы, оның моральдық-ахлақтық салада бұрын соңды тыйым салынған нәрселерді қабылдауы Мормондардың шіркеу ішіндегі тыйымдарды қайта қарастыруына әкелді. Соңғы жылдарда қоғамның ықпалымен мормондардың кереғар көзқарастары өзгеруде, ал Шіркеуге тән икемділік кейбір сұрақтарда өзін анағұрлым ашық ұстауы арқылы көрініс таба бастады (мысалы, сексуалдылыққа қатысты сұрақтарға байланысты). Ендігі уақытта күн тәртібінде гомосексуалды байланыстарға, бір жыныстық некеге және түсік жасатуға қатысты көзқарастарды өзгерту тұр. Қазіргі таңда американдық, сонымен қатар әлемдік қауымдастықтар жаңа шындықты мойындағанына қарамастан, Шіркеу бұл сұрақтарға қатысты ымырасыз ұстанымда тұр. Отбасы – мормондар шіркеуінің ең бағалы құндылығы, ер азамат пен әйелдің, ата-ананың бірлігі жаңашылдықтарды дұрыс қабылдауда.

– *Тұлға қалыптастыру.* 2008 жылы қайтыс болған өзінің кезекті сөздерінің бірінде мормондар шіркеуінің он бесінші Президенті Гордон Б.Хинкли былай деген: «Біз өсіп келеміз. Біз таңғажайып түрде өсіп келеміз... адамдар, құбылып тұратын құндылықтар әлемінде тұрақты нәрсе іздеуде. Олар айналасындағы әлем өте тұрақсыз құбылмалы заманда, өте нық тұратын бір нәрсеге ұстанып тұрғылары келеді. Оларды жаңадан келгендер секілді қарсы алып, оларға көмек қолын созып өздерін үйлеріндегідей сезінуге көмектеседі. Олар Әулиелер одақтастығының жылулығын сезінеді. Оларға жұмыс ұсынады. Оларға жауапкершіліктер артылады. Оларға осы Құдай ісінің алға жылжыуының бір бөлшегі ретінде өздерін сезінуге көмектеседі» [48]. Осы сөзінде Президент

Шіркеудің қазіргі замандағы жетістігінің бірден бір негізгі себебін атап көрсетті, бұл себеп адам психологиясы саласында жатыр. Құбылмалы әлемдегі адам, көбінесе әлемге қарсы жалғыз өзі қалады және де осы қысымға қарсы келу психологиялық тұрғыдан өте қиынға соғады. Адамға дәстүрлі отбасы, жақынына деген қамқорлық, сонымен қатар басқа біреудің сен туралы ойлауы, қызмет арқылы өзін-өзі жетілдіру, материалдық тұрақтылық, алған білімнің құндылықтары сияқты өте қарапайым түсінікті құндылықтық бағыттар қажет. Дәстүрлі діндер адамның құрметке лайық, қажет екендігін, қамқорлықты, махаббатты сезінетіндей қажеттіліктерін көбіне қанағаттандырмайды. Сол себепті мормондар Шіркеуінің қамқорлығы мен жанашырлығына бөленген адамдар бірден оның ерушілері болып кететіндіктері таңқалдырмайтындығы осыдан.

Мормондар Шіркеуінің ХХ ғасырдағы өсуі 60-70 жж. кезекті американдық ривайвел толқынынан бастау алады, өйткені АҚШ үшін жаңа діни ағым болып табылмаса да, мормондар шіркеуі тұлғалық ізденістерге сай келіп қоғамның жастар жағы дінге талап ретінде қоятын рухани қажеттіліктерді қанағаттандыра алды. Келесі ондаған жылдар бойына мормондар Шіркеуі барлық адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отыратын осындай ортаны қамтамасыз ете алды. Бұл қандай қажеттіліктер екендігін түсіну үшін американдық психолог Абрахам Маслоудың қажеттіліктердің классикалық пирамидасына жүгінейік [49, 77-105 бб.]. Бұл пирамида – адамдардың жасына, жынысына, ұлттық, таптық болмаса діни ерекшеліктеріне қарамайды. Ол барлық гуманитарлық ғылымдарда қолданылады (психология, әлеуметтану, экономика, маркетинг, саясаттану және т.б.). Осы жұмыста біз бұл пирамиданы адептердің мормондар Шіркеуін таңдау себебіне байланысты қарастырамыз. Пирамида адам қажеттіліктерінің негізгі жеті деңгейінен тұрады:

1. *(ең төменгісі). Физиологиялық қажеттіліктер: аштық, шөл, жыныстық қатынасқа талпыныс және т.б.* Физиологиялық қажеттіліктерді әрбір адам жалпы алғанда өзі қанағаттандыра алады, алайда біз жоғарыда атап өткеніміздей қиын қыстау кездерде отбасыларға көмек көрсету мәселесін атап өткенбіз. Мормондар шіркеуінің басшылығы өзінің ерушілерінің жақсы тұрмысының негізі ретінде экономикалық ахуалына ерекше мән береді. АҚШ-тың ең бай шіркеулерінің бірі – мормондар шіркеуі несие алу арқылы қарыздануға қарсы. Елдің экономикасының, американдық ұлттың жалпы философиясының ажырамас бөлігі болып табылатын нәрсе, мормондар шіркеуінің ұстанымдарына сай келмейді. Мүмкіндіктеріне сай өмір сүру – шіркеудің өзінің сенушілеріне тастайтын үндеуі осындай. Әулиелерге азық-түлікпен бірінші кезектегі қажетті заттардың бір жылға жетерліктей қорын жинау ұсынылады, бұл оларға су тасқыны, жер сілкінісі, дауыл немесе өзге де төтенше жағдайлар орын алған кезде отбасыларына аман қалуға көмектеседі. Шіркеу мүшелеріне көрсетілетін материалдық көмек, білім алуға болмаса фермерлік шаруашылықтарды, кіші кәсіпкерлікті дамытуға берілетін кредиттер 90 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында бұрынғы кеңес одағының құрамындағы республикалардың азаматтарына қызықтырарлықтай

ынталандыру көзі болғандықтан олар Шіркеу қатарына кірді. Мормондық шіркеудің бұрынғы мүшесі Диденко Ю. бір сөзінде: «Ұйымның ішінде тамақтануға байланысты, киімге байланысты мәселелеріңді шешіп, қарыздарыңды таратып, өз ісінді бастауға көмектеседі. Секта коммерциялық бастамаларды барынша қолдап өз мүшелерінің дамып өркендеуінен ақшаны аямайды» деп жазады [50]. Осы орайда мұндай ынталандырулар, әсіресе өмір сүру деңгейі төмен елдерде, Шіркеу қатарына жаңа адепттерді тарту үшін қолданылатынын жоққа шығара алмаймыз.

2 Қауіпсіздікке мұқтаждық: сенімділік сезімі, үрей мен сәтсіздіктерден арылу.

Ресейлік зерттеуші Т. Чемикосова, мормондар шіркеуінің Казаньдағы приходына жүргізген бірнеше айлық бақылауы кезінде байқағанынан былай деп баяндайды: «... шіркеу... сонымен қатар біршама тартымды күшке ие. Бұл күш ... «ішкі ресурстарда» жасырылған – қауымдастықтағы өте жақсы психологиялық атмосферада, келушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын ілім мен діни тәжірибенің ерекшеліктерінде, өздерін қауіпсіздікте екендігін сезінуінде, тұлғалық өзін-өзі дамытуында» [51, 170 б.]. Бұл үзінді қажеттіліктердің келесі екі деңгейіне сілтейді, олар туралы алда әлі айтатын боламыз. Осыған байланысты ғаламтор беттерінен бірнеше мысалдар келтірсек: «Шіркеуде мен адамдарды түсінуді, уақытты бағалауды, тыңдауды үйрендім. Табиғи ұяндықты жеңіп, аудитория алдындағы қорқыныштан арылдым. Өзімнің тілімнің күрмелуін жеңіп адамдармен араласуды үйрендім. Шіркеу мені қаржыны дұрыс жұмсап, қорларды жинап, өзім үшін ненің маңызды екенін түсініп, өмірлік қоқыстардан арылуға үйретті. Ең бастысы шіркеуде мен өз өзіме деген сенімділікке қол жеткіздім» (бұрынғы мормон, мормондар шіркеуінің ерушілерінің форумындағы орыс тілді жазбаларынан) «... өзіңнің мәселелеріңмен бөлісіп қаржылай қолдау көру... Осы нәрселер шіркеуде басты қызықтыратындары болуы тиіс. Егерде қандай да бір болмасын жеке басымдағы мәселерді шешу қиынға соқса, шіркеуге барамын және мұнда маған көмектесетініне сенемін.»» [52, 4 б.]. Бұл мысалдардан шіркеудің өз келушілеріне тек діни қажеттіліктерін ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік пен құрметке ие болу, өзіне деген сенімінің артуы, сәтсіздіктерді жеңе білу сияқты маңызды мәселелердегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетінін көреміз.

3. Махаббат пен қажетті болуға мұқтаждық. Адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі – қажет болу, сүйікті болу, сүйю. Осы қажеттіліктерді қанағаттандырмай тұрып, өзіңді рухани немесе әлеуметтік тұрғыдан болсын дамытып алға қарай жылжу мүмкін емес. Бұған тарихтан көптеген мысалдарды көре аламыз, адамдар кәсіби салаларында, өзін өзі дамыту саласында, айтарлықтай биік дәрежеге жетіп, алға қойылған мақсатқа жету үшін, осы деңгейдегі қарым-қатынастарды бұзып немесе ол қатынастарды кейінгі жылжытып нәтижесінде барлық атқарылған шаруалардың құндылығы мен маңыздылығы жойылып, уақытша болса да құлдырауды толықтай құрдым деп

санап ақыр соңында – депрессияға, ішкілікке, нашақорлыққа, тіпті өз-өзіне қол салуға дейін барып жатады.

Қазақстандық, яғни алматылық мормондармен сұхбаттасу барысында олардың мормондар шіркеуін таңдау себептерін және қазіргі таңда шіркеуде оларды не қызықтырады дегенде, олардың көпшілігі шіркеуде махаббатты, қолдауды, отбасындағыдай жылы атмосфераны сезінетіндіктерін айтты. Шынында, біз сұхбаттасқан жастар да ересектер де ашықтық, байсалдылық, өмірге деген махаббат пен қызығушылық сезімдерін аңғартады. Тілдескен барлық мормондар олардың бұл сенімді қабылдауында соңғы күн Әулиелері шіркеуінің ілімінің айтарлықтай ролі болғанымен, бастысы, оларды осы сенімге алып келгені достық «отбасылық» атмосфера және олардың қауымның істері мен өміріне тез араласып кетуі. «Жақында мормондарды мормон еместермен салыстырдым. Мормондар барлығы туыс секілді өмір сүреді: Мен көптеген мормон отбасыларын танимын, олармен араласып көрсен, олардың отбасыларында не деген жақсы қарым-қатынас деп қызығасың. Әрине, мормон емес осындай ұйыған отбасылардың бар екенін білемін. Алайда біздің жастарға қарағанда мормондық жастар әлемді жақсырақ қылуда» (16 жасар бойжеткен, мормондар шіркеуінің мүшесі емес, ғаламтордағы мормондардың орыс тілді форумы), «Үнемі өте жағымды сезім тудыратын нәрсе, әрине, қажет болу сезімі, сенің дәл қазір, дәл осы жерде қажет екенінді сезіну. Жұмысқа берілу оңайға соққан жоқ, жексенбі – причастиелік жиналыс, дүйсенбі – үйде, отбасылық кеш, қалған күндер приходқа болмаса аймаққа шақырту, үйлерді аралау, миссионерлік қызмет және т.б. Айта кетерлігі бізді осы шараларға қатысуға ешкім мәжбүрлеген жоқ, бұл іс-шараларға қатысудың маңызды екендігі ғана айтылып отырды және де біз Сион құрылысының қатысушылары ретінде барынша үлгергенімізше айтылған жерлердің барлығында болуға тырыстық» [53]. Осылайша адамдардың өмірлерінен мысал келтіре отырып, бұл сенімнің отбасында, адам өмірінде алатын орнын анықтауға тырыстық. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі қауым мүшелерінің өзін-өзі керек сезінуі мен сүйіспеншілікке қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Шіркеу әркімнің қабілетіне қарай шіркеудегі түрлі қызметтерді тапсырады, іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге белсенді араластыру үшін белгілі бір жұмыстарды бөліп береді.

4. Құрметке деген мұқтаждық: табысқа қол жеткізу, қолдау, мойындау. «Мысалы маған: «Дұрыс жолмен келе жатырсыздар, жолдастар!» деп басшылықтың моральдық тұрғыдан болса да қолдауы қажет. Оның үстіне бұл маған менің айналамадағылар мен жақын адамдарым үшін менің өмірімнің, тағдырымның маңызды екенін сезінуіме осы жастағы адамдар нендей қиындықтарға тап болуы мүмкін екендігін олардың түсінетіндігін сезінгім келеді» (ғаламтордағы орыс тілді форумдағы мормондардың жазбаларынан). Мормондар шіркеуі қауымының қатарында мүмкіндіктері шектеулі, болмаса ақыл-ойы кем адамдар, ауыр науқастар бар. Шіркеу оларға тек қана толыққанды емделіп, сырқатынан айығуға деген үмітіне қолдау білдірумен қатар ауыр науқастар мен мүгедектер үшін, олар өздерін сау адамдар қатарында солармен

тең, қажет екендіктерін сезінетіндей атмосфера қалыптастырады. Оларды діни рәсімдердің соларға қол жетімді түрлеріне қатысуға шақырады, олар жексенбілік мектептерге барады, қауымдастықтың жиналыстарына сау шіркеу мүшелерімен теңдей қатыса алады. Шіркеудің керек жарақтарына арнап әртүрлі оқу құралдарын дайындап басып шығаратын өте күшті шіркеулік әдіснамалық бөлім бар. Бұл бөлім шіркеу мүшелерінің осы арнаулы бөлігін де қараусыз қалдырмады. Арнайы рухани және күнделікті өмір салтына байланысты тақырыптарға арналған жинақтарда мүгедек оқушылармен жұмысқа арналған ерекше нұсқаулықтарды көреміз, онда «...Құдайдың әрбір баласы нақты кемшіліктер бар-жоғына қарамастан, сүйіспеншілік пен түсінушілікке деген табиғи қажеттілігі бар... Шіркеудің әрбір мүшесі физикалық, ақыл-ой, көңіл-күй немесе әлеуметтік қабілеттеріне қарамастан, кемелдену мүмкіндігіне ие болады» [54]. Шіркеудің әрбір мүшесінің құрметке деген мұқтаждықтарында, табысқа қол жеткізуі, қолдау, айналасындағылардың мойындауы сияқты қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, шіркеу олардың қоғамдық ортадағы беделі мен мәртебесінің жоғарылауына да әсер етеді.

5. *Танымдық қажеттіліктер: білу, істей алу, зерттеу.* Қажеттіліктердің бұл деңгейін қанағаттандыру Әулиелердің жазбаларында арнайы көрсетілмеген. Дегенмен, осыған қатысты екі болжам жасауға болады: а) Шіркеу діни тақырыптар бойынша пікірталастарды, Қасиетті Кітаптарды өз бетінше оқуды, Лиахона және Жалпы Конференциялардың мақалаларын және т.б. талқылағанды мақұлдағандықтан, танымдық деңгей де қанағаттандырылады; б) бұл деңгейге шығу шіркеу сену қажет деп ұсынған нәрсеге сеніп, діни тәуелділікті өте күрделі тексеруді қажет етуі. Болжам бойынша, бұл деңгейге көтерілген адепттер (айта кететіндігі танымдық деңгейге дінге қатысы жоқ болса әрбір адам шыға бермейді), шіркеу ілімінің жүйесін, тарихын, және т.с.с. өте терең зерттеп, оны басқа жүйелермен салыстыра бастайды. Нәтижесінде шіркеуде қалу немесе қалмауға шешім шығарады.

6. *Эстетикалық мұқтаждықтар: гармония, тәртіп, әдемілік.*

7. *(ең жоғарғысы) өзін-өзі жетілдіруге деген мұқтаждық: өзінің мақсаттарына қол жеткізу, өзінің қабілеттері мен тұлғасын дамыту.* Бұл мұқтаждық алдыңғы сатыларда жалпылай аталып өтілген болатын. Аргентинадағы мормондардың миссионерлік қызметі жайында кітап шығарған, әлеуметтанушы Сариани: «... латынамерикандықтар ... бұл діни қозғалыстан «тазалықты, тұрақтылық пен экономикалық қуатты» көреді. Шіркеудің күші айқын, адамдар миссионерлердің ұқыптылығын, шіркеу басшылығының қалай жақсы жұмыс істейтіндерін және олардың қалай жақсы киінетінін байқайды... Адамдар шіркеуді жақсы жұмысқа орналасудың немесе қоғамда белгілі бір орынға ие болудың құралы ретінде көреді, тұрақтылық пен оларға көбіне қолдау көрсететін белгілі бір топтың мүшесі екендігін сезінеді» деп жазады [2]. Өздеріне сенімді шіркеу басшылары, мормондық миссионерлер және шіркеудің басқа мүшелері жетістікке жетудің жарқын мысалы ретінде көрінеді. Яғни, кейбіреулер бұл шіркеуді өзінің мақсаттарына жету, өзіндегі ашылмаған қабілеттерін дамыту үшін пайдаланады.

Бұл бөлімді қорытындылай келе, қазіргі мормондық шіркеудің қалыптасуының бастауында көшбасшысының кенеттен қаза табуы нәтижесінде болған дағдарыстан шығып, бүкіл әлемге таралып ықпалын нығайтты деуге негіз бар. Шіркеу мүшелері санының өсуі бірнеше факторларға байланысты болды. Олар икемді менеджмент, экономикалық көркею, жастармен жұмыс, имиджбен жұмыс, тұлғаға бағдарлық және т.б. Сонымен қатар, адамдардың осы сенімді қабылдауының себептері, яғни, шіркеу адамдардың қандай қажеттіліктерін қанағаттандыратыны Абрахам Маслоудың қажеттіліктердің классикалық пирамидасы арқылы түсіндірілді. Шіркеудің табысты өсуінің тағы бір негізгі себептерінің бірі адам психологиясы саласында жатыр. Мормондық шіркеу мүшелері санының өсуі америкалық ривайвелдің XX ғ. 60-70 жж. толқынында басталды. Өйткені АҚШ үшін жаңа діни қозғалыс болмаса да, мормондық шіркеу сол қоғамның жас бөлігінің діни мақсаттарына және діни қажеттіліктеріне сәйкес келді. Келесі онжылдықтарда мормондар шіркеуі адамның ең төменгіден ең жоғары деңгейдегі қажеттіліктерін (қауіпсіздікке деген қажеттілік: қорқыныш сезімінен құтылу, махаббатқа деген қажеттілік, табысқа жету, мақұлдау, мойындау, танымдық қажеттіліктер, өзін-өзі тану қажеттілігі: мақсаттарын, қабілеттерін, тұлғалық қасиеттерін дамыту) қанағаттандыра алатын орта қалыптастыра алды. Адамдардың рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды оңтайлы жүзеге асырып отырған шіркеу басшылығы, құрылымы мен ұйымдары туралы келесі бөлімде қарастыратын боламыз.

2.2 Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің құрылымы мен ұйымдары

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің құрылымы қатаң түрде иерархиялық принцип бойынша құрастырылған. Шіркеуді басқаруға ер жынысты діни қызметкерлер ғана тағайындалады. Бұл ұйымда әйелдер биліктен шеттетілген. Соңғы заман Әулиелері «Иса пайғамбар шіркеуді аян беру арқылы басқарады және өзінің жердегі өкілі ретінде бір ер адамды таңдайды» деп сенеді. Шіркеудің ең жоғарғы басшысы - Президент, ол сонымен қатар Құдайдың атынан сөйлейтін тірі пайғамбар, ол шіркеудегі ең жоғарғы лауазымды тұлға болып саналады. Шіркеу Президенті, екі кеңесшімен бірге, бүкіл Шіркеуді басқаратын Бірінші Президенттікті құрайды. Мормондар Бірінші Президенттікте бір ғана Президент емес, үш басшы болуы керек екеніне сенімді. Бұл тәжірибе Иса Мәсіхтің қайта тіріліп келгендегі шешіміне, қоғамды басқару құқын үш апостолына: Петр, Иаков және Иоаннға бергендігіне негізделеді. Апостолдық дәстүр бойынша, басқару, жетекші ретінде бір адамнан емес, бірігіп басқаратын үш адамнан тұрады. Шіркеудің Бірінші Президенттілігі – бұл президент және оның кеңесшілері 2 вице-президенттен тұрады. Он екілік Кворумы мен Жетпістік Кворумдарын есептемегенде Шіркеудің барлық деңгейдегі кворумдары мен көмекші ұйымдардың басшылығында Президент және екі кеңесші тұрады.

Шіркеудің негізін салушы Джозеф Смиттен бастап шіркеу тарихында 17 пайғамбар болды. Қазіргі уақытта мормондар шіркеуін 17-пайғамбар Рассел М. Нельсон басқарады. Тірі пайғамбар мормондар үшін ең басты тұлға болып табылады.

Шіркеу иерархиясынан бір қадам төмен Он екі Апостолдар Кворумы тұрады. Мормондар шіркеуіндегі Елшіліктің қалпына келтірілуі Иса Мәсіхтің Петрге айтқан: «Он екі апостол менің патшалығымның жердің төрт бұрышында беделін орнату үшін кілттерді ұстайды, сонымен қатар менің сөзімді барлық жаратылыстарға таратады» (Ілімдер мен Өсиеттер 124:128) сөзіне негізделген. Соңғы заман Әулиелері «жолдан адасушылық кезінде жоғалтқандардың ең құндысы – он екінің қолында болған билік пен күш, яғни діни қасиеттіліктің кілттері еді. Шіркеу Құдайдың шынайы шіркеуі болуы үшін, он екі Апостолдар Кворумы болуы керек. Олардың айтуынша, 1835 жылы құрылған қазіргі 12 апостолдар Кеңесі, Иса пайғамбар негізін қалаған Жердегі қайта қалпына келтірілген шіркеудің анық айғағы болып табылады. Негізгі міндеті бүкіл әлемдегі Исаның ерекше куәгерлері болудан басқа, Апостолдар шіркеудің әлем бойынша жоспарлы дамуы мен жетілуі секілді маңызды әкімшілік міндеттерді атқарады. Олар Иса пайғамбардың кезіндегі апостолдар секілді әлем елдерін аралап, шіркеудің жаңа бөлімшелерін ашып, шіркеу жұмыстарын атқарады.

Пайғамбар қайтыс болған жағдайда, оның бірінші кеңесшісі жаңа пайғамбар болып тағайындалады, ал екінші кеңесші бірінші кеңесші қызметіне ауысады. Екінші кеңесші қызметіне 12 апостолдың жасы жағынан үлкені немесе

ең белсендісі тағайындалады. Осылайша жоғарғы билік өкілдері иерархиялық жүйемен алға қарай бір қадам жылжып отырады [35].

Он екі Апостолдар Кворумы Бірінші Президенттікке бағынады және халықтар арасында шіркеудің барлық істерін басқару (Ілімдер мен Өсиеттер 107:33) және Иса Мәсіхтің Ізгі хабарын тарату үшін құрылған (Ілімдер мен Өсиеттер 107:35). Одан төмен, Апостолдардың бақылауында, Бірінші және Екінші Жетпістік кворумы жұмыс жасайды. Бұл құрылымдық бөлімде Мәсіхтің Ізгі хабарды уағыздауы үшін батасын берген жетпіс ізбасарларына сәйкес келетін ертедегі христиандық дәстүрдегі прототип бар. Жетпістік Кворум бүкіл әлем бойынша миссионерлік жұмысқа жауапты және оның өкілдері әлемнің үлкен аумақтық шіркеу бірліктерін – тұтас бір шіркеулік аймақты басқарады. Әрбір осындай аумаққа аймақтық Президенттік басшылық жасайды. Оның құрамында Он екі Апостолдар немесе Жетпістік кворумына кіретін президент және екі көмекшісі басқарады. Соңғы жылдары аймақтық деңгейде жұмыс істейтін және Бірінші Жетпістік және Екінші Жетпістік кворумдарға көмектесу үшін сегіз қосымша кворум құрылды. Осы үш жоғары органнан басқа, Шіркеу әкімшілігінің құрамына Төрағалық етуші епископтық кіреді. Ол бүкіл шіркеудің Аарондық қасиеттілігінің президенттілігі рөлін атқарады. Төрағалық етуші епископ және екі кеңесші Шіркеудің күнделікті істерін (қаржы, бухгалтерлік есеп, құрылыс және шіркеулік қайырымдылық бағдарламасына қатысты әкімшілік басшылық) басқарады [55].

Соңғы күн Әулиелерінің айтуынша шіркеудің миссиясы адамдарға Құдайға келуге көмектесу болып табылады. Бұл миссияның іске асуына осы шіркеу құрылымы жауапты.

Епископтық өз кезегінде приходтардың епископтарын басқарады, приходтар бестен он екіге дейін колдарға бірігеді. «Кол» термині Исаяның аяндарынан алынған, ол аяндарында Сионды қазықтармен қағылған шатыр немесе ордаға ұқсатып бейнелеген. Осылайша, рәміздік тұрғыда әрбір колдың пайда болуы – бүкіл жер бетін жабатын шатыр ретіндегі болашақ Сионның құрылысына қағылған қазық ретінде қабылданады. Әрбір колды Президент басқарады, оған екі кеңесшісі көмектеседі. Колдар приходтарға бөлінеді, приходтардың әрқайсысы шамамен 300-400 адамнан, кейде 600-ге жуық адамнан құрылады, алайда Соңғы заман әулиелері адептерінің саны аз елдерде 100-ге жуық адамы бар приходтар да кездеседі. Әрбір приходты осы шіркеудің мүшелерінен бес жылға сайланған епископ немесе президент басқарады, оған екі кеңесші көмектеседі.

Мормондық шіркеудің тағы бір аумақтық бірлігі – миссия, ол шіркеудің колдан гөрі кең аумақты қамтитын бөлімшесі, мысалы, Ресей аумағы. Әрбір миссияны екі кеңесшімен бірге миссия президенті басқарады. Миссия Президенті тікелей Бас басқармаға есеп береді. Миссиялар округтарға бөлінеді. Округ белгілі бір аймақта орналасқан приходтардың саны жеткілікті болғанда құрылады, бұл олардың арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетуге және аумақтық мәжілістерге қиындықсыз келуге мүмкіндік береді. Барлық басқа құрылымдық бөлімшелер сияқты, екі кеңесші шіркеу жұмысында округ

президентіне көмектеседі. Округ президенті миссия президентіне есеп береді. Өз кезегінде, сенушілер санының ұлғаюымен округ колға айналуы мүмкін. Ең кіші аумақтық бөлімшелер - бұл президент пен екі кеңесшісі бар кішкене приходтар. Белгілі бір аймақта шіркеу мүшелерінен кем дегенде екі отбасы, соның ішінде Мелхиседек немесе Аарондық қасиетті шендері бар біреуі болған жағдайда приход ұйымдастырылуы мүмкін. Кішкентай приход колға, миссияға немесе аумақтық президенттікке бағынады. Соңғы заман әулиелері жасы мен жынысына байланысты түрлі топтарға біріктіріледі:

- бас діни қызметкерлер тобы;
- Мелхиседек діни шеніне ие, жасы 18-ден асқан ер адамдардан құралған старейшиналар Кворумы;
- жасы 18-ден асқан қыз-келіншектерден құралған Мейірімділік қоғамы;
- 12 мен 17 жас аралығындағы ер балалардан құралған Жас жігіттер қоғамы;
- 12 мен 17 жас аралығындағы қыз балалардан құралған Жас қыздар қоғамы;
- 1,5 мен 12 жасқа дейінгі балалардың Бастапқы қоғамы.

Шіркеудің барлық мүшелеріне арналған Жексенбілік мектеп, Мейірімділік қоғамы, Жас қыздар қоғамы, Бастапқы қоғам және Жексенбілік мектептің сол қоғамды басқаратын Бас президенттіктері бар. Осы жерде назар аударарлық мәселе, шіркеу ұйымының 1,5 жастан бастап балаларға арналған бағдарламалары бар. Ата-анасымен келген кішкентай бүлдіршіндерге арнайы ойын түріндегі сабақтар өткізіледі.

Мормондар үшін маңызды болып табылатын тағамға байланысты тыйымдар мен рұқсаттар туралы айтып өтейік. Культтік немесе культтен тыс әрекеттерге жатпайтын, күнделікті өмірдің тәжірибесі болып табылатын, шіркеулік ілімдерде бекітілген «Даналық сөзі» әулиелер үшін орындалуы міндетті болып саналады. «Ілімдер мен Өсиеттердің» 89-тарауында 1833 жылы Джозеф Смитке берілген аян жазылған және ол «Даналық сөзі» деп аталады. Осы аян арқылы Құдай Әулиелерге темекі тартуға, ыстық сусындарды (шай, кофе), алкогольді сусындарды ішуге тыйым салған, кейінірек кез-келген есірткілерді пайдалануға және тағайындалған дәрілік заттарды асыра пайдалануға тыйым салынған. Бұл тыйымдар Шіркеудің ізбасарларының физикалық және психикалық денсаулығына қамқор болуды көздейді. «Даналық сөзі» сонымен бірге жеуге болатын пайдалы тағамдарды атап көрсетеді: көкөністер мен жемістер «ақылмен және ризашылықпен» (Ілімдер мен Өсиеттер 89: 10-11); «жануарлар мен құстардың» еті «орташа мөлшерде тұтынылуы» керек (Ілімдер мен Өсиеттер 89: 12-13); күнделікті тағамға пайдаланатын бидай, күріш, сұлы тәрізді дәнді дақылдар. Бұл тағамдар қазіргі замандағы салауатты өмір салтын ұстанудағы дұрыс тамақтанумен (правильное питание) бірдей болып келеді. Мұндай тыйымдар мен рұқсаттар дене шынықтыруды және спортты насихаттаумен қатар шіркеудің ізбасарлары арасында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Құрама Штаттардағы статистика Әулиелердің өмір сүру ұзақтығы орташа республикалық деңгейден жоғары екенін көрсеткен. Ұзақ өмір сүрудің

керемет үлгісі Шіркеудің президенттері, олардың көпшілігі қартайған жастарында, 70-95 жасқа келіп қайтыс болған.

Сонымен қатар шіркеуде прозелитизм, білім беру және келушілерге материалдық көмек беру бойынша бірнеше ұйымдар мен бағдарламалар жұмыс жасайды. Бұл жәрдемші ұйымдар мен бағдарламалардың көбісі шіркеумен үйлестіріле отырып басқарылады. Басқаша айтқанда шіркеу барлық приходтарда бір доктрина уағыздалуын, бір рәсімдер жасалуын, бір ұйымның сақталуын, бір іс-шаралардың өткізілуін және барлығында бірдей материалдар таратылуын қатаң бақылап отырады.

Шіркеу іргетасы қаланғаннан бастап мұқтаждарға көмек көрсетіп келеді, бірақ тұрақты түрде жұмыс істейтін алғашқы гуманитарлық қызмет 1955 жылы Бригам Янг университетінде ұйымдастырылды. Бұл қызмет өз атауын үш рет өзгертті, ал 2005 жылдан бастап «Соңғы заман Әулиелерінің қайырымдылығы» деп аталады. Ұйымда шіркеу тарихы, гуманитарлық көмек, миссионерлік қор, тұрақты білім беру қоры, ғибадатханалық патронат және құрылыс қоры департаменттері мен шіркеуге тиесілі төрт университетке жауап беретін төрт департамент бар.

Шіркеу мүшелерінің қайырымдылыққа жинаған ақшалай қаражатына тиісті бөлімшелер бес негізгі гуманитарлық бағдарламаларды іске асырады:

1) *Жедел көмек*. Бұл бағдарламаның ресурстары жер сілкінісі, су тасқыны, құрғақшылық, торнадо және дауыл сияқты табиғи апаттардан зардап шеккендерге, сондай-ақ соғыстар мен саяси қайшылықтардан туындаған басқа да апаттардың құрбандарына көмек көрсету үшін қолданылады. Көмек көрсету дінге, ұлтқа немесе нәсілге қарамастан, жыл сайын ондаған миллион долларды құрайды. Бұндай көмек көрсету, әсіресе миссионерлердің болуына тыйым салынатын елдерге жиі жасалады. Мұндай әрекеттер, көмекке деген ниетінен басқа, жергілікті билік органдарымен қарым-қатынасты жақсартуға және қарапайым азаматтардың назарын аудару үшін жасалуы мүмкін.

2) *Мүгедектер арбасымен қамтамасыз ету*. Бұл бағдарлама да бүкіл әлем бойынша гуманитарлық жұптар және шіркеу басшылығы арқылы жүзеге асады. Аталған бағдарлама бойынша біздің елімізде де мүгедектерді арбалармен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік билік өкілдерімен бірлесе отырып қайырымдылық шаралары жасалған. Бұл толығырақ келесі тарауда қарастырылады.

3) *Таза ауыз сумен қамтамасыз ету* – бұл ластанған суға байланысты өлім қаупіне ұшыраған адамдарға таза су көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін бағдарлама. Бұл қызмет құдық қазу, су сақтауды ұйымдастыру және су тазарту жүйелерін орнатуды қамтиды. Бұл бағдарлама, негізінен, жергілікті жұмысшылар мен жергілікті қоғамдастықтар басшыларын қамтиды, олар сонымен қатар жаңа нысандарды жұмыс жағдайында ұстап тұру жөнінде қажетті нұсқаулықтарға ие болады.

4) *Жаңа туған нәрестелерді құтқаруға оқыту* – бұл бағдарлама бойынша дәрігерлер мен волонтерлар нәресте өлімі жоғары елді-мекендерге жіберіледі. Олар жергілікті тұрғындарға жаңа туған нәрестелерді аман алып қалу тәсілдерін

үйретеді, сондай-ақ осы мақсаттар үшін қарапайым медициналық жабдықтарды пайдалануды үйретеді. Шіркеу, сонымен қатар, африкалық балаларға арналған қызылша вакцинасы үшін үш миллион доллар бөлу сияқты біржолғы гуманитарлық іс-әрекеттерді жүзеге асырып отырады.

5) *Көзге күтім жасауға оқыту* - бұл дамушы елдерде медицина қызметкерлерін соқырлықпен күресуге үйрететін бағдарлама. Бұл соқырлық кедейлікті білдіретін дамушы елдер үшін және үшінші әлем елдері үшін маңызды мәселе болып табылады.

Соңғы заман Әулиелерінің қайырымдылық қызметі сонымен қатар бірқатар әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырады:

- Жұмыссыздарға көмек көрсету бағдарламасы (приходтар ішінде жұмыспен қамту қызметтері, курстар, сұхбаттасудан өтуге, жұмыс іздеу және т.б. үйрету).

- Шіркеу АҚШ-тағы Ұлы Депрессия кезінен бастау алатын 46 мамандандырылған дүкен ұйымдастырылған. Олардың мақсаты мүгедектерді жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ арзан бағамен шіркеудің төмен табысты мүшелеріне тауарларды арзан бағада сату болып табылады.

- Шіркеу дамушы елдердегі мұқтаж адамдарға шағын бизнеске несие ұсынады.

- Соңғы заман Әулиелерінің әлеуметтік қызметі (жеке коммерциялық емес ұйым) жыл сайын 64 кеңседе ұсынылатын бала асырап алу және кеңес беру қызметтерін көрсету үшін Шіркеуден субсидия алады.

- Ағылшын тілді емес елдер үшін ағылшын тілін жақсарту бағдарламасы жұмыс жасайды. Ағылшын тілін үйретушілер шіркеудің миссионерлері болып табылады.

Шіркеу мұндай бағдарламаларды мормондар өмір сүретін барлық елдерде жүзеге асырады. Осындай мөлшерде қайырымдылық көмек шіркеу мүшелерінен алынған әр түрлі төлемдер мен қайырымдылықтар нәтижесінде жүзеге асады. Табыстың негізгі көздерінің бірі – ондық төлем. Мормондар табысының 10% жергілікті шіркеу ұйымында епископ немесе президенттің атына арнайы бланк толтырып, төлеп отырады. Ал жергілікті басшылар бұл төлемдерді тікелей Шіркеудің штаб-пәтеріне аударады. Ол жақта ондық төлемді тарату жөніндегі Кеңес жиналған қорды жұмсауды ұйымдастырады. Бұл Кеңес Бірінші Президенттіктен, Он екі Апостолдар Кворумынан және төрағалық епископтықтан тұрады. Ондық төлем қоры шіркеулер мен жиналыстар үйлерін салу және пайдалану, миссионерлік қызметке қолдау көрсету және бүкіл әлемдегі шіркеу жұмысын насихаттауға жұмсалады.

Ондық төлемнен басқа, ерекше мақсаттарға жұмсалатын көптеген садақа түрлері бар:

1. Ораза ұстау арқылы сол ораза ұстаған күндердегі тамаққа кететін ақшаны садақа ретінде беру. Шіркеу мүшелері қиын қаржылық жағдайға түсіп қалғанда, қысқа мерзімде олар да, олардың отбасылары да бұл мәселені шеше алмаған кезде, онда оларға Шіркеуден мүшелерінің әл-ауқатын жақсарту бағдарламасы аясында көмек беріледі. Отбасының күрделі қаржылық жағдайы

жақсарғанға дейін шіркеу ақшалай, азық-түлік, тұрғын үй және т.б. сияқты қажетті заттармен уақытша көмек көрсетеді.

Бағдарламаның қоры ораза ұстаудан түсетін қайырымдылықтардан тұрады, яғни, мормондар айына бір рет, бір күнде қатарынан екі тамақтан (түскі және кешкі ас сияқты) бас тартады, ал сол тамаққа үнемделген ақшаны (немесе бергісі келсе көп мөлшерде) приход президентіне немесе епископқа береді, ал ол өзінің білетін шіркеу мүшелерінің қажеттіліктеріне береді, ал егер мұндай көмекке қажеттілік болмаса, олар ақшаны қажет болған басқа приходқа жібереді. Оның қайтарымы ретінде, епископ отбасы мүшелеріне шіркеулік қайырымдылық ұйымында жұмыс істеуді, жергілікті жиналыс үйінің аумағын жақсартуды немесе басқа мұқтаж жандарға қызмет етулерін сұрай алады. Осы жөнінде шіркеудің ресми сайтында: «Шіркеу бұл адамдар жөнінде бұл жұмыс қандай болса да, олар өздерінің алған нәрселері үшін еңбек етеді, сонымен қатар өздеріне деген құрмет сезімдерін сақтап, материалдық тәуелсіздігін бірқалыпта ұстайды деп санайды» делінген [56].

2. Приходтық миссионерлік жұмыс қоры өздерінің миссионерлерін қолдау үшін қайырымдылық жинайды

3. Жалпы Миссионерлік жұмыс қоры бүкіл Шіркеу бойынша миссионерлік жұмысты қолдау үшін қаражат жинайды.

4. Мормон кітабының қоры. Бұл қордың ақшасы тегін таратылатын Мормон кітабының баспасына жаратылады.

5. Гуманитарлық көмек.

6. Ғибадатханалардың құрылысы.

7. Тұрақты үздіксіз білім беру қоры. Орта кәсіптік немесе жоғары білім бүкіл дүние жүзі бойынша мормондардың кейбірі үшін қол жетімсіз болған жағдайда, бұл қор білім алу мақсатына несие береді.

«Ілімдер мен Өсиеттердің» 120-бөліміндегі аянда айтылғандай, Ондық төлемді үлестіру бойынша Кеңес бюджетті бекітеді және шіркеу бөлімдері мен қызметтері арасында қаражатты бөледі. Кеңес мақұлдағаннан кейін шіркеу бөлімдері қаражатты бекітілген бюджетке және шіркеу саясатына сәйкес жұмсауы тиіс. «Шіркеудің қаржылық аудиттер департаменті табыстар мен шығындарды бақылау деңгейін тексеру үшін қажетті барлық құжаттар мен жүйелерге, сондай-ақ шіркеу меншіктерінің қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қол жеткізе алады. Шіркеудің қаржылық аудит бөлімі Шіркеудің барлық басқа бөлімшелерінен және қызметтерінен тәуелсіз, оның штаты сертификатталған бухгалтерлерден, ішкі аудиторлардан, ақпараттық жүйелер аудиторларынан және басқа да сенімді мамандардан тұрады» [57].

Мормондар шіркеуінің басшылығы өзінің алғашқы құрылған күндерінен бастап өз сенушілерінің діни және зайырлы білім алу мәселесіне көп көңіл бөлді. 1832 жылы, яғни Шіркеудің ресми құрылғанынан екі жыл өткен соң, Шіркеудің алғашқы пайғамбары Джозеф Смитке берілген аянда былай делінген: «Мен сендерге Патшалық туралы ілімдерді бір-біріңе үйретуге бұйырамын. Інжілдің теориясы мен принциптерінде, ілімі мен заңында, сондай-ақ Құдайдың Патшалығына қатысты және сендер жақсы түсінетін нәрселерде толықтай бағыт

алуларың үшін; Көктегі, Жердегі және Жер астындағы барлық нәрселер туралы; бұрын болған, қазір болып жатқан және жақында болатын нәрселер туралы; сіздің уйіңіз бен оның сыртында болып жатқан оқиғалар туралы; Жердегі халықтар арасындағы соғыстар мен қақтығыстар туралы және жазалар туралы; сондай-ақ елдер мен патшалықтар туралы біліңдер, оқыңдар, сонда ғана Менің сендерге рақымым болады» {Ілімдер мен Өсиеттер 88:77-79}.

1843 жылы білім туралы тағы бір аян келген: «Надандықтағы адамның құтқарылуы мүмкін емес» (Ілімдер мен Өсиеттер 131:6). Бұл тұрғыда «надандық», бірінші кезекте, Құдайдың заңдары мен ережелерін білмеу деп түсіну керек. Мормон кітабында құтқарылу, Құдайға мойынсұну, шоқындыру рәсімінен өту, Киелі Рухты сыйға алу және аяғына дейін шыдамдылық таныту сияқты Құдайлық нәрселерді білу арқылы жүзеге асады. Мормон кітабында бұл білім «Мәсіхтің ілімі» деп аталады (2 Нефий 31:21). Дегенмен, әлемдегі нәрселер туралы білім белгілі бір құндылық болып табылады, өйткені бұл дүние Мәсіх арқылы жаратылған, оның заңдары мен нәрселерін білу Киелі кітапқа негізделген және тіпті Әулиелерге міндетті болып келетін Құдай туралы білімге әкеледі. Әулиелер діні осы дүниемен тығыз байланысты болғандықтан, ең жоғары құндылық – отбасы. Отбасының игілігін және кез-келген жағдайда тәуелсіздігін қамтамасыз ететін еңбектің маңыздылығын уағыздайды. Бұл, өз кезегінде, Әулиелерден зайырлы білім арқылы ғана алынатын практикалық білімді талап етеді. Осыны мойындай отырып, Шіркеу басшылығы қоғамның алғашқы онжылдықтарында туындаған қаржылық қиыншылықтарға қарамастан, балаларға да, ересектерге де арналған мектептер құрылуына қаржы бөліп отырды.

1875-1910 жж. мормондық шіркеуі жеті штатта, Мексика мен Канадада, орта білім беретін 33 академияға демеушілік көрсетті. Мектептер болашақ миссионерлерге деген жоғары талаптарға сәйкес оқытылатын пәндердің қатарын бірте-бірте кеңейтіп, діни және зайырлы білім берді. Білім беру курсы ауыл шаруашылығы және механика, гимнастика, үй шаруашылықтары, вокал және өнер туралы білім беретін пәндерді қамтыды. 1910 жылдан кейін олардың қатарына сахна шеберлігі, түрлі спорт түрлері, хор және т.б. қосылды. Егер мұндай қауымдастықтың негізі фермадағы отбасылар, қолөнершілер және саудагерлер болып саналса, мұндай пәндер жинағы таңқаларлықтай көрінуі мүмкін еді. Алайда, академиялар алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - Жазбаларды жақсы білуге ғана емес, түрлі климаттық жағдайларға бейім болуға тиіс миссионерлерді даярлау болды, сол үшін дене шынықтырумен және спортпен айналысуға көп көңіл бөлінді. Ән айту, сахналық дағдылар, пікірталастық қоғамдар миссионерлерге өздерінің басқа адамдарды сендіру және шіркеу мүшелерінің сенімін ұстап тұру сияқты қиын жұмысында қажетті жеке тұлғаның аспектілерін дамытты. 1910 жылдан кейін арнайы курстар мемлекеттік мектептердің пәндерінен гөрі музыкалық және басқа гуманитарлық пәндермен айналысатын стандартты 4 жылдық мектеп циклына біріктірілді. 1888 жылы Білім беру бойынша Шіркеу кеңесі бірыңғай бағдарламаны қабылдады. Бұл

бағдарлама біртіндеп толықтырылды және қазіргі кезде шіркеулік білім беру жүйесін қамтитын екі бағдарламаны қамтиды:

1. Семинарлар мен колледж сабақтарын қамтитын діни білім;
2. Жоғары білім (колледж бен университеттер).

Семинарлар – бұл орта мектеп оқушылары үшін төрт жылдық білім беру бағдарламасы. Ол барлық діндердің жасөспірімдеріне арналған. Семинар бағдарламасы жоғары сынып оқушыларына (14-17 жас) ұсынылады. Семинарлар, әдетте, таңертең ерте (сағ. 6-7де) мектепте сабақ басталғанға дейін жүргізіледі және Ескі және Жаңа өсиеттерді, Мормон кітабын, Ілімдер мен Өсиеттерді және Шіркеу тарихын қамтиды. Семинарлар үш түрге бөлінеді:

а) таңертең, күндізгі немесе кешкі уақытта Шіркеудің жергілікті аумақтық бөлімшесіне тиесілі мұғалімнің басшылығымен өтетін күнделікті семинар, оның ұзақтығы шамамен 50 минут.

б) мектеп уақытында өткізетін семинарлар. Бұл сабақтарды мемлекеттік мектептерде жақын жердегі шіркеулік семинар ғимараттарында шақырылған мұғалімдер өткізеді.

в) Сабақтарға қатыса алмайтын оқушыларға қашықтықтан немесе басқа объективті себептермен үй семинарлары ұйымдастырылады. Бұл студенттер Қасиетті Жазбаларды үйде оқиды және аптасына бір немесе бірнеше рет меңгерілген материалды талқылау үшін тағайындалған мұғаліммен кездеседі.

2. Діни институттар 18-30 жас аралығындағы шіркеу мүшелеріне діни білім беруді қамтамасыз етеді. Үйленген колледж студенттері де сабаққа қатыса алады. Бұл сыныптар Шіркеудің мүшелеріне ғана емес, басқа дін өкілдеріне де арналған. Институттағы бағдарлама семинар бағдарламасымен бірдей, бірақ жоғары оқу орнының студенттеріне арналған. Институтта студенттер Ескі және Жаңа өсиеттерді, Мормон кітабын, Ілімдер мен Өсиеттерді, Асыл маржанды, Шіркеу тарихын оқиды, миссионерлік дайындықтан өтеді. Сонымен қатар олар отбасылық тарихты, Ізгі хабардың ілімдері курсы, пайғамбарлардың ілімдерін оқиды. Әдетте сабақтар белгіленген тәртіппен өтеді: ән айту, дұға оқу, Киелі кітап оқу, содан кейін Қасиетті Жазбаларды оқуға кіріседі. 4 жылдық оқудан кейін студенттер Ескі және Жаңа өсиеттер, Мормон кітабы, Ілімдер мен Өсиеттер және біздің заманымыздың пайғамбарларының ілімдері бойынша емтихан тапсырады. Діни білім беру студенттерге қалпына келтірілген Інжілдің ілімдерін білуге, Шіркеу ішіндегі байланыстарды сақтауға көмектеседі, жастарды миссионерлік жұмысқа дайындайды және отбасылық құндылықтарды қабылдау мен некенің маңыздылығын нығайтады. Жастар арасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту, диалог жүргізе білу, өз көзқарасын дәлелдер арқылы қорғау, яғни, олар болашақта немен айналысса да кәсіби іс-әрекеттерінде табысқа жетуіне көмектесетін дағдылардың дамуы жанама нәтиже болып табылады [58].

Діни білім беру тақырыбына тоқтала отырып, шіркеу ұйымдастырған үй мұғалімдерінің жүйесін атап өтуге болады. Бұл семинарлар мен институтта оқытылатын үй дайындығынан бөлек жүзеге асырылады. Үй мұғалімдерінің, оның ішінде ер діни қызметкерлердің міндеттері – ай сайын өздеріне бекітілген

шіркеу мүшелерінің үйлеріне бару. Олардың қызметі – отбасының әрбір мүшесіне Ізгі хабарды үйрету, отбасында достық қарым-қатынаста болу және отбасыларға ғибадатханалық құпиялықты алу үшін дайындалуға көмектесу. Бұл жүйе «Шіркеу мүшелеріне үнемі қамқорлық жасау, олармен бірге болу және оларды нығайту» үшін Ілімдер мен Өсиеттерде айтылған нұсқауларды жүзеге асырады (Ілімдер мен Өсиеттер 20:53).

2001 жылғы наурызда Шіркеудің бұрынғы Президенті Гордон Б. Хинкли шіркеу мүшелеріне өздерінің елінде жақсы жұмысқа орналасуға, қажетті білім алуға және дайындалуға көмектесу үшін Тұрақты Білім беру Қоры құрылғаны туралы жариялады. Құрама Штаттардан тыс жерлерде тұратын жас жігіттер мен қыздар осы қордан көмек сұрауларына болады. Қор студенттерге оқу үшін ақы төлеуге және қажетті оқулықтарды сатып алуға мүмкіндік беретін несиелерді ең төменгі пайыздық мөлшерлеменен береді. Студент оқуын аяқтағаннан кейін, ол сегіз жыл ішінде несиені өтеуі керек. Шіркеу мүшелері қордың жұмысы жалғасуы үшін қайырымдылық жасап тұрады.

Жоғары білім беруді колледж бен университеттер жүзеге асырады. Соңғы заман әулиелері шіркеуінің мүшелерінің сауаттылығы әрдайым шіркеу басшыларының басты мақсаттарының бірі болып табылады. Сондықтан ХІХ ғасырдың ортасынан бастап Ютадағы жоғары білім беру жүйесі қалыптасады. 1850 жылы Десерет университеті ашылып, кейінірек атауы Юта университетіне өзгертілді. Юта университеті бүгінгі таңда Юта штатындағы ең үлкен және беделді университет болып саналады.

Бригам Янг атындағы университеті (Brigham Young University (BYU)) – 1875 жылы «Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуі» негізін қалаған жекеменшік университет. Бұл университет АҚШ-тағы ең ірі жекеменшік діни университеттердің бірі. Ол АҚШ-тың Юта штатының Прово қаласында орналасқан. Ол жыл сайын шамамен 30 000-нан астам студентке бакалавр және магистр дәрежесін береді. АҚШ-тың Гавайи штатындағы Лайе қаласында бұл университеттің бір филиалы орналасқан. Ол университетте шамамен 2000-3000 адам оқиды және 70-тен астам елдің өкілдері бар. Тағы бір филиалы АҚШ-тың Айдахо штатында Рексбург қаласында орналасқан, жыл сайын онда шамамен 10000-нан аса студент оқиды.

Қорытындылай келе, осы бөлімде айтылғандарға қарап мормондық ұйымының өміршеңдігін байқаймыз. Шіркеу пайғамбар мен оның кеңесшілерімен қатаң иерархиялық жүйе арқылы басқарылатынын көреміз. Ұйымның барлық мүшелері шіркеу тарапынан үнемі бақылауда және христиандық дәстүрге сәйкес айлық табысының он пайызын шіркеуге төлеп отырады.

Сонымен қатар шіркеуде прозелитизм, білім беру және келушілерге материалдық көмек беру бойынша бірнеше ұйымдар мен бағдарламалар жұмыс жасайды. Бұл жәрдемші ұйымдар мен бағдарламалардың көбісі шіркеумен үйлестіріле отырып басқарылады. Бір сөзбен айтқанда шіркеу әлем бойынша барлық ұйымдарда ілімнің өзгертілмей, сол қалпында уағыздалуын, бірдей

рәсімдер жасалуын, бірдей іс-шаралардың өткізілуін және барлығында бірдей материалдар таратылуын жауапты бөлімдер арқылы қатаң бақылауда ұстайды.

Шіркеу біруақытта діни және зайырлы білім беруді семинарлар, діни институттар, колледж бен университеттер арқылы жүзеге асырады. Шіркеу өз мүшелерінің білім алуы үшін барлық жағдайды жасаған.

2.3 Мормондық шіркеудің миссиясы мен қазіргі миссионерлік қызметі

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің миссиясы – бүкіл әлемге Ізгі Хабарды тарату арқылы адамдардың Иса Мәсіхтің қайта қалпына келтірілген шіркеуіне келуіне ықпал ету.

Қалпына келтірілген Ізгі хабарды таратудың және Шіркеуге жаңа мүшелерді тартудың негізгі түрі - миссионерлік жұмыс. Джозеф Смиттің кезінен басталып бүкіл әлемге таралған миссионерлік жұмыс мормондық тарихында бір сәтке тоқтаған жоқ. Әсіресе, екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін миссионерлікте ерекше серпіліс орын алды. Сол уақытта бүкіл әлем бойынша 2200-ден астам миссионер жаңа сенушілерді іздеумен айналысты. Арнайы орталықтарда оқулықтарды оңтайландыру мен миссионерлерді оқыту жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде 1960 жылдарғы прозелитизмнің нәтижесінде қауымдастықтың өсімі едәуір артты. 1964 жылға қарай мормондар екі миллион адамға жақындап, олардың саны он - он екі есе артты. Аталмыш шіркеудің өсу динамикасын 1-кестеден көруге болады:

Кесте 1. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің сенушілері санының өсу динамикасы

Жылы	Сенушілер саны
1830 ж.	6
1850 ж.	60000
1900 ж.	230000
1950 ж.	1 000 000
1961 ж.	1 800 000
1964 ж.	2 000 000
1970 ж.	2 500 000
1985 ж.	6 000 000
2000 ж.	11 000 000
2020 ж.	16 565 036

2019 жылғы статистикалық есепке сәйкес шіркеуде әлем бойынша 67 021 миссионерлер қызмет етеді. Бұдан бөлек 31 333 әл-ауқатты жақсарту қызметінің миссионерлері (гуманитарлық көмек миссионерлерін қоса алғанда) миссиясын атқаруда [59].

Шіркеудің әртүрлі мемлекеттердегі дамуы әртүрлі екендігін аңғарамыз. Шіркеудің санының белсенді түрде артуы осы ұйымда өте жақсы жолға қойылған миссионерлік жұмыс есебінен жасалып отырады. Мұны 2 кестеде көрсетілген статистикаға қарап түсінуге болады.

Кесте 2. Әлем бойынша шіркеу миссионерлерінің саны

Жылы	Миссионерлер саны
2002	61 638
2007	53 164
2012	58 990
2017	67 049
2020	67 021

Мормондық миссионерлер – бұл негізінен, бір елге 1,5-2 жылға миссияға келген жас жігіттер мен қыздар. Миссияға негізінен 19 бен 25 жасқа дейінгі үйленбеген жігіттер мен 21 жасқа толған тұрмыс құрмаған бойжеткендер, сондай-ақ зейнеткерлікке шыққан жұптар шақырылады. Миссионерлер, ерлі-зайыпты жұптарды қоспағанда, миссияда бір жынысты (жігіттер мен жігіттер, қыздар мен қыздар) серіктестікте қызмет етеді. Жігіттер 2 жыл, ал қыздар 1,5 жыл миссияда болады. Миссионер жігіттер «старейшиналар» (мысалы, старейшина Тейлор, Джонсон, Томас) деп аталса, ал қыздарға есіміне «әпке» (мысалы, Берри әпке, Диксон әпке) сөзі қосып айтылады.

Мормондардың миссионерлік қызметі Жаңа Өсиет үлгісіне негізделген. Миссионерлер адамдарға Ізгі хабарды үйретеді және шіркеуге жаңадан кірген адамдарды Иса Мәсіхтің атымен шоқындыру рәсімінен өткізеді. Шоқындыру әрбір миссионердің мақсаты болып саналады.

Миссионерлердің күні таңғы 6:30-дан Киелі жазбаларды оқудан басталады. Миссионерлер адамдармен көшеде немесе қоғамдық орындарда танысады, әңгімеге тартады. Иса Мәсіхтің Ізгі хабарының принциптерін үйрету үшін олармен кездесулерге шақырады. Миссионерлік күн 22:30-да аяқталады. Дүние жүзінің кейбір жерлерінде миссионерлер Шіркеудің гуманитарлық қызметінде миссионер ретінде қызмет етеді немесе шіркеудің арнайы жобалар аясында арнайы миссионерлік тапсырмаларды орындайды. Мұндай миссионерлер Ізгі хабарды уағыздаумен айналыспайды.

Барлық миссионерлер миссияны атқаруға лайықты болуы тиіс. Олар әрқашан шіркеуді тауап етіп, жиналыс-шараларына қатысуы керек, өздерінің жұмыстарына мұқият болып, Даналық заңын ұстанулары тиіс, сонымен қатар, айлық табысының он пайызын шіркеуге төлеп отыруы қажет. Оған қоса шіркеу епископтары болашақ миссионерлерді тәни, рухани және эмоционалды дайындықтан өткізіп отырады. Миссияға қатыса алмаудың бірнеше себептері бар: егер өздері қамқор бола алмайтын балаларын тастап кете алмаса, аяғы ауыр әйелі болса, қарыздарын төлеуге мүмкіндігі жоқтарға, қылмысты азаматтарға, жұқпалы аурумен ауыратын жұптарға миссионерлік бағдарламаға қатысуына

тиым салынған. Сондай ақ, 1978 жылға дейін шіркеу африкалық қара нәсілділерді миссияға шақырмайтын. Себебі, құрылған сәттен бастап, әсіресе Құрама Штаттардағы азаматтық соғыс кезінде, мормондар құлдықты мойындамағанмен Нұх пайғамбардың ұлдары туралы Көне Өсиет тарихына құрметпен қарау қара адамдардың «қасиетті» құқықтарын шектеген болатын. 1960 жылдары Американың қара нәсілділердің құқықтарына қарсы күресі өскен сайын, мормондар Шіркеуі діни иерархиядағы қара нәсілділердің жағдайын қайта қарады. XX ғасырдың ең маңызды оқиғасы 12-ші президент Спенсер М. Кимбалдың (1973-1985) теңдік туралы шешімі Хамның ұрпақтарының, яғни, қара нәсілді шіркеудің мүшелері енді діни қасиеттілік шеніне ие бола алатындығы еді [60]. 1978 жылдың 1 шілдесінде Кимбал пайғамбар шіркеудің барлық мүшелері діни қасиеттілік шеніне ие болу және ғибадатхана ұсынысын алуға мүмкін екендігі туралы аян алады. Бұған дейін олар ғибадатханаға келіп, тиісті рәсімдерді орындай алмайтын еді. Содан бері африкалық қара нәсілділер де миссияға шақырылатын болды. Нәтижесінде соңғы заман Әулиелері шіркеуінің Африка мен Латын Америкасы елдеріндегі позициясы едәуір нығайды. Қазіргі кезде шіркеу сенушілерінің саны осы Африка мен Латын Америкасы елдерінің есебінен көбеюде.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелер шіркеуінде ер адамдарға қол қою арқылы (конфирмация) діни қасиеттілік шені беріледі. Осылайша тағайындалғандар қасиеттілік иелері болып табылады. Олар шіркеуде діни қасиеттілік шеніне қарай белгілі бір рәсімдерді (конфирмация, евхаристия дұғасын оқу және т.б.) атқара алады. Соңғы заман әулиелері шіркеуіндегі ер адамдар ғана қасиеттілік шені бар діни қызметкер бола алады.

Аарондық діни шенінде үш дәреже немесе деңгей бар: дьякон, мұғалім және дін қызметкері. Әдетте, 12-14 жастағылар - дьякондар, 14-16 жастағылар - мұғалімдер, ал 16-18 жастағылар - діни қызметкерлер. Шіркеуге 18 жастан кейін қосылған ер адамдар бірден дін қызметкері деңгейіне өтеді.

Аарондық шендегілер жексенбілік причастиелік жиналысты өткізу үшін шіркеуді дайындайды және басқарады, шіркеу мүшелерінің үйлеріне барады, жағдайы төмендерге көмектесу үшін садақа жинайды, сонымен қатар басқа да қызметтерді атқарады. Бұл діни шеннің атауы Көне Өсиеттегі Мұса пайғамбардың інісі Ааронның құрметіне берілген (бұл туралы алдыңғы бөлімдерде толығырақ жазылған) [61].

Мелхиседек діни шенінің деңгейлері: старейшина, бас діни қызметкер, патриарх, Жетпісінші және Апостол. Мелхиседек діни шен иелері шіркеуде басшылық қызмет атқарады және мынадай құпиялық рәсімдерді орындайды: нәрестелерге ат қою және батасын беру, науқастарға батасын беру және Шіркеудің шоқындыру рәсімінен өткен мүшелеріне Киелі Рухты сыйға беру. Мелхиседек атауы Авраам пайғамбардың кезінде өмір сүрген бас діни қызметкер Мелхиседектің құрметіне қойылған [62].

Осы ұйымда миссионерлік атқарып, болашақта қызмет етуге көңіл білдірген адамдар электронды пошта арқылы Шіркеу президентіне хат жолдайды. Миссияға қызмет көрсетуге және рұқсат алуға тілек білдіре отырып,

болашақ миссионерлер қызмет етуге шақырылады, алдағы миссиядан өтетін орны туралы ресми хабарламаны Шіркеу Президентінен электронды пошта арқылы алады. Шіркеудің тиісті рұқсаты бар елдерде ғана миссионерлер қызмет етуге жіберіледі. Миссионерлер өздерінің миссияға баратын жерін таңдай алмайды. Оларда таңдау құқы жоқ, яғни шіркеу жіберген жаққа кете береді. Сонымен қатар, мормондық шіркеу мүшелерінің айтуынша, миссионерлерді бір жерге үйренісіп қалмауы үшін ауыстырып отырады.

Миссионерлікті бүкіл әлемде таратуға 12 апостолдар Кеңесінің мүшелері жауапты болып табылады. Миссияға шақырылар кезінде әр адамға қай тілде миссионерлік атқаратыны айтылады. Миссияға шақырылғаннан кейін миссионерлер дайындық кезеңінен өтеді. Миссионерлерді дайындайтын 15 орталық бар. Ең үлкен орталығы Юта штатындағы, Прово қаласында орналасқан. Миссияға баратын елдің тілін білетін азаматтар орталықта үш апта миссионерлік материалдарды жадына сіңірумен айналысады. Ал ол елдің тілін білмейтіндер болса, үйренетін тілге байланысты 8-13 апта орталықта дайындықтан өтеді. Осы уақытта олар ана тілінде сөйлемей, тек үйреніп жатқан тілінде ғана сөйлеуге тырысады. Олар сонымен қатар, миссияға баратын елдің әдет-ғұрыптары мен ерекшеліктерімен танысады.

Бұрын әр миссионер өз миссиясының барлық шығындарын өзі төлейтін болған. Ал өздері төлей алмаған жағдайда оларға ата-аналары, туған-туыстары, дос-жоралары, сол аймақтың приходтары көмектесетін. 1990 жылдан бастап миссионерлер мен олардың отбасыларының шығындарын теңестіру үшін жаңа бағдарлама қабылданған. Қазір барлық жас миссионерлер тамақ, тұрғын үй, жүріп-тұруға және басқа да миссия шығындарын жабуға айына 400 доллар төлейді. Шіркеудегі жастар, балалар мен жасөспірімдер кішкентайынан миссияға бару үшін арнайы ақша жинайды [63]. Миссияға ақша жинай алмаған, бірақ миссия атқаруға лайықты жастар шіркеудің бүкіл дүние жүзінде таратылатын жалпы миссионерлік қорының есебінен миссияға бара алады. Ерлі-зайыпты гуманитарлық миссионерлер әдетте шығындарын толығымен өздері төлейді.

Миссионерлердің сыртқы келбеті мен киіміне көп көңіл бөлінеді: ерлер консервативтік қара шалбар мен пиджак, ақ жейде киіп галстук тағады, ал әйелдер қарапайым көйлек немесе кофта мен тізеден төмен юбка киеді. Кейбір аудандарда, мысалы ауа-райы тым ыстық жерлерде, қысқа жеңді киімдер киюге рұқсат етілген. Миссионерлерге басқа киімдерді тек дене еңбегімен және дене шынықтырумен айналысқанда ғана киюге рұқсат етіледі. Барлық миссионерлер кеудесіне есімдері жазылған қара тақташалар тағады. Ол жерде шіркеудің атауы, миссионердің аты мен діни шені жазылады.

Әлемнің әрбір түкпірінде миссионерлер жеткіліксіз немесе болмаған жағдайда миссияларға бөлінеді. Осы миссионерлік қызметтің басшылығында миссия президенті болады, оған екі кеңесшісі көмектеседі. Көптеген миссиялар бірнеше аймақтарға бөлінген (зона - шіркеу президентімен белгіленетін географиялық аймақтар). Зона өз ішінде бірнеше бөлімдерге, аудандарға бөлінген. Зона және аудан басшылары әдетте ерлер ішінен таңдалып алынады,

олар сол жерде отбасымен бірге қызмет атқарады. Миссионерлік серіктестік - екі немесе одан да көп миссионерлерден тұрады. Екі миссионерлік - ең кіші миссия бөлімі болып есептеледі. Миссия президенті әр миссионердің қасына серік қосады. Миссионерлік серіктестік бірнеше айға тағайындалып, бірін-бірі қамтамасыз етіп отыруы керек және де олар бір-бірлерімен тәжірибе алмасып отырады. Серіктестер бір жынысты болуы міндетті, тек отбасылы миссионерлерге өз жұбайымен миссияны атқаруына рұқсат етіледі. Миссионерлер ешқашан да жалғыз қалуына болмайды, тек ванна және туалет мәселесінде ғана бөлек жүруге рұқсат етіледі. Серіктес миссионерлер бір пәтерді немесе бір қонақүйді бөліседі.

Мормондық миссионерлерге әр апта сайын отбасына, туған-туыстарына хат жолдап тұруына рұқсат етілген. Олардың уақыты шектеулі болғандықтан, басқа байланыстарға рұқсат етілмейді. Алайда миссионерлер жақын адамдарына хат жолдауына бір күнін бөле алады. Миссионерлерде демалыс немесе еңбек демалысы деген нәрсе кездеспейді, бірақ жылына екі рет Иса Мәсіхтің туылған күні мен 8 наурызда ата-анасымен тілдесуіне рұқсат етіледі. Әр миссионерге арнап электронды пошта ашылады, бірақ миссионерлер компьютерді тек қоғамдық орындарда, мысалы, интернет-кафе немесе жалпы кітапханаларда ғана пайдалана алады.

Миссионерлерге миссия қызметін атқарып жүргенде миссиядан тыс кездесулерге баруға қатаң тиым салынған. Миссионерлердің әрқашан бірге болу талабы, бірнеше әрекеттерге байланысты бекітілген болатын. Жынысы бөлек адаммен болғанда интимді қатынас орнатуға, құшақтасуға, сүйісуге, қол ұстасуға және флиртті әрекеттер жасауға тиым салынған. Сондай ақ, миссионер қыздар мен жігіттерге де кездесуге және бір-біріне телефон соғуға тиым салынған. Олардың бір-біріне апта сайын хат жолдап тұру мүмкіндігі ғана бар. Мұның бәрі олардың көңілін тек адамдарға Иса Мәсіхтің Ізгі хабарын тарату мен барынша алаңсыз қызмет етуі үшін жасалған [64, 86 б.].

Ең танымал миссионерлер қатарына үй-үйді аралаушылар жатады. Бірақ миссионерлердің барлығы бірдей осы аталған іспен айналыспайды, тек таңдаулылар ғана бұл іске лайықты саналады. Сонымен қатар, ерікті миссионерлер тобы да кездеседі, олар көбіне әр түрлі салаларда өз еркімен әлеуметтік жобаларға қатысады. Көптеген миссионерлер қоғамдық транспортты пайдаланады, кейбір аудандарда олар шіркеуге тиесілі автокөліктермен жүреді.

Мормондар гуманитарлық көмек көрсетуде үлкен жетістіктерге жеткен. Бұл гуманитарлық миссионерлер кейбір аймақтарда ғана қызмет етеді және белсенді уағыз ісіне қатыспайды. Мысалы, 2004 жылғы желтоқсанда цунамиден зардап шеккен елдерге (Индонезия, Таиланд, Шри-Ланка); Орталық Азиядағы (Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан) қатты жер сілкінісінен зардап шеккендерге жедел көмек, Орталық және Солтүстік Америкадағы дауыл мен су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек берген. Бұдан басқа, діни ұйым Судандағы аштыққа қарсы күресте және қызылшаның таралуын болдырмау үшін африкалық балаларға жаппай вакцинация жасау сияқты гуманитарлық көмек жасаған. Сондай ақ, 2012 жылы Шіркеу 52 елдегі 104 табиғи апаттан зардап

шеккендерге жүздеген тонна азық-түлік, су, киім, дәрі-дәрмектер, гигиеналық жинақтар және басқа да қажетті тауарлар таратқан. Сонымен қатар, жергілікті шіркеу басшылары мыңдаған Шіркеу еріктілерін көмекке жіберіп осы апаттардан зардап шеккендерге көмектескен. Аталған қайырымдылық шаралары арқылы Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі әлемнің түкпір-түкпірінен өз сенушілерін табуда.

Жыл сайын Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі осындай табиғи апаттар, соғыстар мен ашаршылықтан зардап шеккен адамдарға көмек көрсетеді. Адамдар табиғи апаттарға ұшыраған кезде, шіркеу адамның тамақ және басқа да құралдарға қажеттіліктерін анықтау үшін мемлекеттік құрылымдардың өкілдерімен бірден жұмыс істей бастайды. Сондай-ақ, шіркеу құрбандарға көмек көрсетуде ұлты мен дініне қарамайды.

Гуманитарлық жұмыспен айналысу, ұлтына, дініне қарамай көмекке мұқтаж адамға көмек қолын созу мормондардың имиджіне оң әсер етуде. Бұл, әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы кейбір ислам елдеріндегідей, діни ұйымдарға тыйым салынған аймақтарда қызмет етуге мүмкіндік береді.

Миссиядан келген миссионерлер кездесулер мен неке құруға шынымен де ойланатын болған. Сондықтан мормондар неке мен отбасыны киелі санап, тек бұл дүниеде ғана емес, мәңгі өмірде де бір отбасы болып қалатындарына сенеді. Миссионерлер миссиядан келген соң шіркеуде қызмет етуге және шіркеуде белсенді болуға шақырылады.

Денсаулығына байланысты немесе басқа да объективті жағдайларға байланысты, кейбір мормондар толық күнгі миссияны атқара алмайды. Оның орнына олар төмендегідей басқа да қызметтерді атқара алады:

1. Шіркеуде дін оқыту, администратор, қабылдау бөлмесінде немесе кеңседе жұмыс істеу және т.б.

2. Қайырымдылық ұйымдарында, жұмыспен қамту орталығында және т.б. орталықтарда жұмыс істеу.

3. Шіркеу ғимараттарына қарауға көмектесу және т.б.

Адамдардың жаңа діни ағымдарға келуінің түрлі себептері болады. Осы тұста мормондық миссионерлердің дінге тартудағы әдіс-тәсілдеріне нақтырақ тоқталайық. Мормондық миссионерлер адамдарды түрлі жарнамалар, семинарлар, концерттер немесе жиналыстар мен кездесулерге шақыру арқылы дінге тартады. Сонымен қатар, тегін ағылшын тілі курстарына келіп жүрген адамдар бұл шіркеудің потенциалды сенушілері болып табылады. Олар күнделікті ағылшын тілі курстарында миссионерлермен жақын достасып, араласып кетеді. Дінге тартудың бастапқы кезеңінде, яғни, адаммен бірінші кездесуде мормондықтың өзіне тән кейбір діни ілімдері туралы айтылмайды. Мормон миссионерлерінің әдістері басқа жаңа діни ағымдардың әдістеріне ұқсас. Олар адамдармен танысқаннан кейін үнемі онымен байланысты үзбей хабарласып тұрады. Олардың айырмашылығы, олар кездесуге керемет қолжазба, брошюралармен, Мормон кітабының көптеген көшірмелерімен қаруланып келеді.

Басқа діни ағымдардағыдай мормондарда да «ішкі» және «сыртқы» ілімдері бар, яғни, дінге тартуда жаңадан келген адамдардан діни ілімнің кейбір аспектілері жасырылады. Әрине бұл жаңадан келіп отырған адамды үркітіп алмау үшін жасалады. Бастапқы кезеңде, яғни адам шоқынбай тұрып, ілімнің нақты тармақтарының көбі айтылмайды. Оның үстіне, мормонизм ілімдерімен танысу әрдайым бірінші кезекте Мормон кітабына сәйкес жүзеге асырылады, ал «Ілімдер мен Өсиеттер» және сол сияқты басқа кітаптары іс жүзінде қолданылмайды. Себебі, Мормон кітабында мормондарға тән кейбір ілімдік ерекшеліктер туралы айтылмайды. Миссионерлер бірінші рет адамдармен сөйлескенде көбіне әңгімені «Бізде Иса Мәсіх туралы жаңа куәлік бар» деп бастайды. Потенциалды жаңа сенушілерге Мормон кітабын ұсына отырып, көпшіліктің жалпы христиандық туралы білетінін және Киелі кітап туралы бір нәрсе естігенін түсінеді. Олар ешқашан қолдарына Киелі кітапты ұстамаған болуы мүмкін (бұл адамдар бірінші кезекте мормондардың құрығына ілінеді), бірақ олардың санасында Киелі кітап туралы жалпы түсінік қалыптасқан. Олар осы түсінігімен Мормон кітабында көргендерін байланыстырады да оны христиандық ілім деген қорытындыға келеді. Мормондық миссионерлер сол адамдармен бірнеше рет кездеседі, ілім төңірегінде әңгімелеседі. Сонымен қатар, миссионерлер дінге тартуда өздері ғана қолданатын «Миссионерлерге арналған нұсқаулық» құралын пайдаланады [65]. Осы нұсқаулықтың «Тыңдаушыларды Киелі Рухты сезінуге дайындау» бөлімін мысал ретінде қарастырайық. Бұл дайындық (немесе өңдеу) бірқатар қадамдардан тұрады:

- сенімді қарым-қатынас орнату;
- адамдарға Киелі Рухтың әсерін сезіну мен түсінуге көмектесу;
- Құдайдың жолдауын елестету;
- қаншалықты түсінгенін анықтау.

«Өңдеу» процесінде адамдарда күмән пайда болуы мүмкін, сондықтан миссионерлер өздеріне арналған нұсқаулықта «Күмәндарды басыңдар» деген арнайы бөлімін басшылыққа ала отырып, тыңдаушылардың барлық күмәндарын сөйлтуге тырысады. Мормондық миссионерлерге берілетін осы нұсқаулықтарды қысқаша талдап көрейік.

Сенімді қарым-қатынас орнату ол ең алдымен танысудан басталады. Мормондық миссионерлер әңгімені өздерінің діни көзқарастарынан бастамайды, бірақ олар өздері туралы толығырақ айтып, отбасыларының суреттерін көрсетіп, сұхбаттасушыдан оның өмірі, қызығушылықтары және т.б. туралы егжей-тегжейлі сұрайды. Сонымен бірге олар әңгімелесушіні мақтауға міндетті. Мәселен, егер әңгімелесушінің пәтерінде кездескен болса, онда қабырғада қандай да бір мадақтамалар, марапаттар (мысалы, спорттан алған) ілінген болса, онда миссионерлер қызығушылық танытып (олар нұсқаулықта көрсетілген) бұл марапаттар туралы міндетті түрде сұрайтын болады. Бұл сонымен қатар мақтау мен комплимент айту арқылы жағымды сезімдерді тудыру үшін сұхбаттасушыға жақындауға көмектеседі, кейінірек бұл «Киелі Рухтың ықпалы» деп түсіндіріледі. Бірақ бұл жерде бір ғана мақтаумен іс бітпейді. Сондықтан мормондық миссионерлер «ортақ пікірлерге негізделген қатынастарды

калыптастыруға» міндетті, яғни, көзқарастары сәйкес келетін тұстарына баса назар аударып, айырмашылығы бар тұстарды назардан тыс қалдырады. Сонымен қатар, қандай да бір сұрақтарда қайшы келіп қалса, миссионерлер оларға қарсы шықпай ол жағдайдан дұрыс шыға білулері керек. Ал «сенімді қарым-қатынас орнатуда» «тілектестік білдіру» маңызды, оның мақсаты – сол адамның маңызды екендігін көрсету.

Мұндай өңдеу әдісінен кейін адамда жағымды жылулық сезімі пайда болады. Мұндай кезде миссионерлер келесі тактикаға жүгінеді. Олар әңгімелесу кезінде адамнан не сезінетінін сұрайды. Ол, әрине, жасанды жолмен миссионерлер қалыптастырған жағымды сезімдер туралы айтады. Оған миссионерлер: «Сіз Киелі Рухтың әсерін сездіңіз, ол біздің хабарымыздың шын екендігін дәлелдейді», - деп жауап береді.

Осылайша, әңгімелесу кезінде кез-келген сезім мен эмоцияларды мормондар «Киелі Рухты сезіну» деп түсіндіреді.

Тек шоқындыру рәсімінен өткеннен кейін ғана, жаңадан қосылған адамға мормондардың өздеріне ғана тән ілімдері туралы айтыла бастайды, Мормон кітабынан басқа, «Ілімдер мен Өсиеттер», «Асыл Маржан» кітаптары оқуға беріледі. Бұл кітаптар Киелі кітаптың қасиетті және жалғыз шынайы түсіндірмесі деп есептеледі. Мормондар осы кітаптарды міндетті түрде оқуды сыпайы түрде талап етеді, өйткені Құдай Сөзі «дұрыс түсіндірілуі тиіс» деп сендіреді.

Мормондар шіркеудің жаңа мүшелеріне осы аталған кітаптарда жазылған христиандық дәстүрден тыс, өздеріне ғана тән:

- көпқұдайлық;
- көпнекелік;
- Құдайдың алдымен адам болғаны туралы мормондардың ілімі;
- Құдайдың Рух емес, ет пен сүйектен жаратылған тәні бар екендігі;
- адамның Құдай бола алатындығы және т.б. туралы ілімдері жөнінде

бірте-бірте айта бастайды.

Дегенмен, жоғарыда айтылғандарды мойындап, қабылдағанымен бұл ұйымға жаңадан кірген адам толықтай мормон санала алмайды. Соңында арнайы ғибадатханалық рәсімдерден өткенде ғана мормондардың шынайы ілімі белгілі болады. Бұл рәсімдерді тек шоқындыру рәсімінен өткен, сондай-ақ басшыларға бағыныштылық пен мойынсұнушылығын дәлелдеген адам ғана орындай алатынын ұмытпаған жөн. Ғибадатханаға барғаннан кейін ғана адамға бұл ұйымның сенімі туралы толық ақпарат беріледі. Дегенмен, осы уақытқа дейін ұйым адамды толық бақылауында ұстайды. Осы ұйымды зерттеуші экс-мормон, ресейлік Юрий Кондратьев «Уровни посвящения в секте мормонов» мақаласында: «Егер әрбір адам мормондар ұйымына кірмес бұрын, мормондар храмының рәсімдері мен оккультизм, масондық, пұтқа табыну туралы білсе, онда мормондар саны аз болар еді» деген болатын. [66].

Миссионерлік қызмет бүкіл әлем бойынша бірнеше тілді білуді талап етеді. Шіркеу Мормон кітабын әлем бойынша 188 тілде шығарады, сол себепті мықты аудармашыларды дайындайды. Бұған қоса, бүкіл дүние жүзіндегі барлық шіркеу мүшелеріне арналған «Лиахона» мерзімді басылымы бар. Бұл журнал әлемнің

көптеген тілдеріне аударылып, барлық қауымдастықтың сенушілеріне тегін таратылады. Оның мазмұны әртүрлі тақырыптар бойынша, мормон шіркеуінің басшыларының хабарламалары, жаңа тағайындаулар туралы және т.б. хабарламалар, мақалалар мен есептерден тұрады. Мормондық шіркеу материалдарының әлемнің көптеген тілдеріне аударылуы және тегін таратылуы дін таратудың ең тиімді түрі екенін байқаймыз.

Қорытындылай келе айтарымыз, Джозеф Смит кезінен бүкіл әлем бойынша басталған миссионерлік жұмыс, мормон тарихында тоқтаған жоқ.

Мормондар, көптеген христиандар сияқты немесе тұтастай алғанда Ибраһим діндері сияқты түсікке немесе гомосексуальды қарым-қатынастарды заңдастыруға қарсы екенін, эвтаназия мен жезөкшелікті де айыптайтынын көреміз. Мормондар әлеуметтік және жеке ауытқулардың себебін құмар ойындардан, алкоголь мен есірткілерден көреді және салауатты өмір салтын ұстануға басты назар аударатынын байқаймыз.

Қорытындылай келе, кез келген шіркеудің болашағы оның қатарындағы жастардың санына байланысты екені белгілі: ата-анасының таңдауы бойынша отбасының дінін қабылдаған жастар ерте ме, кеш пе, өздерінің бұл діни таңдауын тексеруі, ал ол өз кезегінде қиындық туғызуы мүмкін және егер шіркеу өмірі жас ұрпақтың көп деңгейлі рухани қажеттіліктерін қанағаттандырмаса, шіркеу осы ұрпақтың алдында өз әлеуетін жоғалтып алу қаупі бар. Осыны түсіне отырып мормондық шіркеу басшылығы әр түрлі діни және зайырлы шіркеу бағдарламалары арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге және білім беруге көп көңіл бөледі, сонымен қатар жастарға күнделікті өмірде және болашақ мамандықта пайдалы болуы мүмкін қосымша дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Мормон шіркеуі тарихында ХХ ғасырдың маңызды оқиғасы ретінде қара нәсілділердің діни қызметкер және діни қасиеттілік шеніне, сонымен қатар, миссияға бару құқығына ие болуларын айтуға болады. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін басталған қарқынды миссионерлік қызмет нәтижесінде мормондардың саны бірнеше есеге артты. Миссионерлерді дайындауға, оқытуға және олардың басқа елдерде миссиясын атқаруға шіркеу үлкен қаражаттар бөліп отыр. Дүниежүзі бойынша атқарылып жатқан миссионерлік қызмет біздің елімізде де көрініс тауып отыр. Келесі тарау Қазақстандағы мормондық шіркеуіне арналады.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МОРМОНДЫҚ ШІРКЕУІ

3.1 Қазақстандағы діни ахуал және мормондықтың таралуы

Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, зайырлы мемлекет. Бұл тұғырлы принцип Конституцияда және басқа да құқықтық актілерде көрініс тапқан. 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды. Оның бірінші тарауында «Осы Заң Қазақстан Республикасының әрбір адамының наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын таниды, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді таниды» делінген [1].

КСРО-ның және коммунистік идеологияның ыдырауы, жаңа әлеуметтік-саяси және тарихи-мәдени шындықтың қалыптасуы ТМД халықтарының діни құндылықтар мен дәстүрлеріне деген жаппай ден қоюынан айқын көрінетін ұлттық сана-сезімнің оянуына және посткеңестік қоғамдағы рухани бағыттың өзгеруіне әкелді. Бұл үдеріс Қазақстанға да тән болды. Сонымен қатар, қазақстандық қоғамның белгілі бір бөлігі үшін дін тек этникалық фактор ғана емес, әлеуметтік мінез-құлық пен жүріс-тұрысты реттейтін нормативтік ұстанымға айналды. Дін мәдениет пен дәстүрлерді жаңғыртудың пәрменді құралына айналып, этникалық сананың өзіндік бірегейлігін тануының күрделі үдерісінің ажырамас бір тармағы ретінде қабылданды.

Конституция кепілдендірген діни сенім бостандығы Қазақстан жерінде әр түрлі діни бірлестіктер санының артуына алып келді. Мысалы, жаңа Заң қабылданғанға дейінгі 1991-2011 жылдар аралығында елімізде 4551 діни бірлестіктер тіркелген. 2011 жылғы «Діни қызмет пен діни бірлестіктер заңы» діни бірлестіктердің қызмет етуінің жаңа ережелерін бекітті [1]. Соған сәйкес діни ұйымдар 2012 ж. қазан айына дейін орталық немесе жергілікті билік органдарында қайта тіркеуден өтуі тиіс болды. 2012 жылы қазан айында, тіркелген діни конфессиялар саны 46-дан 17-ге дейін қысқарды, тіркелген діни бірлестіктер саны 4551-ден 3088-ге азайды. Ал 2014 жылдан бері конфессиялар саны 18-ге жетті. Бұның арасында Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі де бар. 3-кестеде елімізде 2011-2016 жж. аралығында тіркелген конфессиялар мен діни бірлестіктердің саны берілген.

«Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңының алғысөзінде ханафи бағытындағы ислам мен православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитындығы, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтіндігі, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және

азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады деп жазылған [1].

Кесте 3. Қазақстан Республикасындағы конфессиялар мен діни бірлестіктер санының динамикасы [67]

№	Конфессиялар	01.01.2011 ж.	25.10.2012 ж.	01.01.2014 ж.	10.08.2016 ж.
1	Ислам	2811	2229	2367	2517
2	Православие	304	280	293	329
3	Елуіншілер	400	189	230	217
4	Інжілдік христиан-баптистер	364	100	185	181
5	Католиктер	118	79	84	84
6	Иегова Куәгерлері	70	59	60	60
7	Пресвитериандар	229	55	92	108
8	Жетінші күн Адвентистері	67	42	42	42
9	Лютерандар	32	13	13	14
10	Методистер	18	11	12	13
11	Жаңаапостолдық шіркеу	47	8	25	26
12	Кришнаиттер	14	8	9	8
13	Бахаи	20	6	6	6
14	Иудаизм	26	4	7	7
15	Буддизм	4	2	2	2
16	Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі (мормондар)	1	2	2	2
17	Меннониттер	6	1	4	4
18	Мунның Бірігу шіркеуі (Муниттер)	-	-	1	1
	Барлығы	4551	3088	3434	3621

Ғасырлар бойы ислам мен православие қатар өмір сүріп келе жатқандықтан, Қазақстанда діни теңдік мен мүдделердің белгілі бір тепе-теңдігі қалыптасқанын, оның шеңберінде аталған екі діннің әрқайсысы дінаралық диалог мен әлеуметтік өзара әрекеттесу арналарын құрып, өз орнын қалыптастырғанын атап өту керек. Көптеген жылдар бойы осы мүдделер балансы бүкіл Қазақстандық қоғамның бүкіл діни саласының тұрақтылығы мен толеранттылығын қамтамасыз етті.

Қазақстанда соңғы отыз жыл шамасында аталған негізгі дәстүрлі деп саналатын екі діннен бөлек, өзге де жаңа діни ағымдар пайда болды. Бұлардың көпшілігінің өз елдерінде біршама ұзаққа созылатын тарихы бар. Қазақстанға шетелдерден тек тәуелсіздіктен кейін келіп таралғандықтан отандық дінтану

ғылымында оларға қатысты «жаңа» атауы қолданылады. Жаңа діни ағымдар Қазақстанда өз қауымының қатарын арттыру үшін әр түрлі: тегін тіл үйрету курстарын ашу, адамның психологиялық және рухани қабілеттерін жетілдіруге бағытталған әртүрлі семинарлар мен тренингтер өткізу, қайырымдылық қорларын ашу, өз құлшылықтарын қазақ тілінде жүргізу, діни әдебиеттерін қазақ тіліне аудару, ұлттық мерекелерді атап өту секілді көптеген әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Еліміз үшін осындай жаңа ағымдардың бірі қарастырып отырған Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі болды. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелері шіркеуі мормондар деген атаумен де белгілі. Бұл атау «Мормон кітабынан» алынған.

Қазіргі таңда қазақстандық дінтанушылар аталмыш ұйымды діндер классификациясында дәстүрден тыс жаңа діни ағымдар қатарына жатқызып жүр [68, 105 б.]. Ал мормондар болса өздерін католиктерге, православтарға, протестанттарға да қоспайды, бірақ шынайы христианбыз деп атайды. Олар өздерінің шіркеуін Иса Мәсіхтің өмір сүрген уақытындағыдай қайта қалпына келтірілген шіркеу деп есептейді.


Қазақстан Республикасы Алматы қаласындағы мормондар шіркеуінің ЖДБ-ң (жергілікті діни бірлестік) жетекшісі Калимуллина Нурзия Галимуллиновна. Ол шіркеудің атынан түрлі шараларға қатысады және шіркеу құжаттарына жауап береді. Ал президенті – Султан Даутов. Ол шіркеудегі діни рәсімдерді атқаруға, шіркеушілік қызметтерді атқаруға және т.б. жауапты. Шіркеу президентінің екі кеңесшісі бар, олар приходты басқаруға көмектеседі. Біз бақылау жүргізген 2018 жылы шіркеу президенті Дмитрий Цай болатын. Д. Цайдан алынған сұхбатқа сәйкес, алғашқы мормондық миссионерлер Қазақстанға 1997 жылы жұмыс бабымен келген. Олар АҚШ-тың еліміздегі елшілігінде жұмыс істейтіндер болған. Олар бастапқыда өздерінің жалдамалы пәтерлеріне Қазақстан азаматтарын шақырып, өз сенімдерімен таныстырудан бастаған, кейін 2000 жылдың 16 желтоқсанында қатары көбейген соң ресми түрде тіркеліп, діни бірлестік статусына ие болған. Бұл ұйымның елімізге келгендеріне 20 жылдан асты. Осы уақыт аралығында мормондар қазақ жерінде өз сенімдерін таратып, сенушілерінің қатарын біршама көбейтті. Осыған орай қалайша қазақ халқының менталитетіне жат діни ағым, халқының көп бөлігі дәстүрлі ислам мен православиені ұстанатын Қазақстанда осыншама уақыт бойы өз сенімін таратып, ізбасарларын тауып жатыр деген орынды сұрақ туындайды. Осы тарауда біз Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қызметін зайырлы ғылыми көзқарас шеңберінде қарастыратын боламыз. Сонымен қатар, елімізде мормондардың қанша приходы бар? Шіркеуге келетіндердің саны қанша? Өз қатарларына жаңа адепттерді тарту үшін олар қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланады? Мормондардың Қазақстан қоғамының құндылықтарына көзқарастары қандай? Шіркеу мүшелерінің жас ерекшелігі мен этникалық құрамы қандай? деген сияқты сұрақтарға жауап беріледі.

Қазақстанға келгелі бұл ұйымның қызметіне қатысты толыққанды зерттеулер жүргізілмеген. Дегенмен аталған діни ұйымның сенушілерінің қатары әлем бойынша көбеюде, қазіргі алпауыт елдердің бірі АҚШ-та да бұл

шіркеудің ықпалы зор. Осының бәрі мормондар шіркеуінің Қазақстандағы қызметін ғылыми тұрғыдан зерделеп, оның қоғамдағы және конфессионалдық ортадағы орны мен әлеуетін анықтауды қажет етеді.

Біз зерттеу жүргізген жылдары, яғни, 2015 - 2020 жылдар аралығында әлемдегі мормондар саны 15, 634 199 адамдан 16, 565 036 адамға (Диаграмма 2), ғибадатханаларының жалпы саны 149 дан 167 ге жеткен. Бұл мәліметтер шіркеудің жыл сайынғы ресми есебі негізінде жасалды.

Диаграмма 2. 2015-2020 жж. мормондардың өсу динамикасы



Елімізде бұл ұйымның ғибадатханасы жоқ, территория бойынша ең жақыны Киев қаласында (Украина) орналасқан. Жылына екі рет өтетін, 2018 жылдың 31 наурызында болған Бас конференцияда Шіркеу Президенті Рассел М. Нелсон әлем бойынша 12 елде ғибадатхана салу жоспарланғанын айтқан болатын, ол тізімнің ішінде бізге жақын орналасқан Ресей де бар. Бұл дегеніміз болашақта Ресей жерінде мормондар ғибадатханасы салынса қазақстандық мормондар сонда баратын болады [69].

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің Қазақстанға келу тарихына тоқталайық. Қазақстандағы шіркеудің алғашқы филиалы 2001 жылдың 29 шілдесінде Алматы қаласында ашылған. Еліміздегі приходтың бірінші президенті болып Пол Пайпер (Paul Pieper) сайланған [70, 129 б.]. Қазір Қазақстанда Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің 2 приходы бар. Олар бас қалаларымыз Астана мен Алматыда орналасқан.

Алматы қаласындағы мормондар шіркеуі қаламыздағы көркем аудандардың бірі Самал ықшам ауданы, Достық пен әл-Фараби көшелерінің қиылысындағы, Ритц Палас сауда кешенінің артында көпқабатты тұрғын үйдің астыңғы екі қабатына орналасқан. Шіркеудің аумағы бейнебақылау

камераларымен жабдықталған, темір шарбақпен қоршалған және оның маңдайшасына қазақ және орыс тілдерінде «Иса Мәсіхтің Соңғы замандағы әулиелері шіркеуі» «Қазақстандық Алматылық приход» деп жазылған екі тақтайша ілінген (Сурет 3). Бұл ғимарат 2017 жылдан бастап жалға алынған, ал төлем ақысы приход президентінің айтуынша Солт-Лейк Ситидегі Орталық бухгалтериядан төленеді.

Сурет 3. Алматы қаласындағы мормон шіркеуінің кіреберісі



Шіркеу мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда Қазақстандағы шіркеу сенушілерінің саны 2018 жылмен салыстырғанда 197-ден 230-ға өскен (Диаграмма 3). Бұл әрине көп емес, дегенмен өсу байқалады.

Диаграмма 3. Қазақстандағы мормондар санының %-дық көрсеткіші




Азия елдеріне қатысты статистикаға қарайтын болсақ, Азиядағы бұл шіркеу сенушілерінің саны 1 111 204 адамнан 1 230 515 адамға артқан (Кесте 4). Карантин басталмай тұрып Азияда 44 миссионер миссиясын атқарып жүрген [71]. Қазір бүкіл әлем бойынша COVID-19 коронавирусы пандемиясына байланысты шіркеу мүшелерінің барлық ашық кездесулері, оның ішінде жексенбілік құлшылық рәсімдері уақытша тоқтатылатынын шіркеудің Бірінші Президенттігі мен Он Екі Апостолдар Кворумы жариялаған болатын. Аймақтық президенттіктердің басшылығы жекелеген аймақтар шіркеу мүшелерінің кездесулерін, соның ішінде жексенбілік қызметтерді шектеді немесе уақытша тоқтатты. Шіркеу вирус қауіпті проблемаға айналған аймақтардағы миссионерлердің санын азайту үшін шаралар қабылдаған. Карантин басталмас бұрын шіркеу көп миссионерлерді елдеріне қайтарды. Ал кейбір елдерде қалған миссионерлерге денсаулықтарын сақтау үшін шіркеу басшылары қатаң сақтық шараларын қолдануды талап етеді.

Карантин кезінде де шіркеудің миссионерлерді дайындау ісі тоқтамай тұр. Миссионерлерді оқыту орталықтарында оқып жатқан немесе жаңадан тағайындалған миссионерлер қашықтықтан бейнеконференция байланысы арқылы онлайн форматта білім алуда.

Шығыс Еуропа Аймағының Төрағасы жалпы жағдайды және Қазақстандағы жергілікті билік органдарының шешімдерін мұқият қадағалап отыр. Қазіргі уақытта Қазақстандағы шіркеу мүшелерінің де барлық қоғамдық кездесулері тоқтатылған.

Карантин режимі аяқталғанымен шіркеулер әлі ашылған жоқ, Қазақстандағы жергілікті билік органдарының шешімдері шыққан соң, Шығыс Еуропа Аймақтық Төрағасы хабарландыру жасайды. Оған дейін шіркеу басшылары мормондарға үйлерінде өз отбасы мүшелерімен құлшылық жасауға шақырады.

Кесте 4. Азиядағы шіркеу мүшелері мен приходтарының өсу динамикасы




Мормондар Қазақстан Республикасының дін саласындағы уәкілетті органдар ұйымдастыратын түрлі шараларға, атап айтатын болсақ, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездеріне, Алматы қаласының діни бірлестіктер лидерлерінің клубына, дін тақырыбына арналған түрлі конференцияларға және т.б. қатысып тұрады. Бірақ оларды өздерінің пайдасына қарай жарнамалайды. Мормондардың еліміздегі ресми сайтындағы мақалаларды талдай отырып, олардың Қазақстан Республикасының дін саласындағы атаулы шараларына белсенді араласып отыратынын байқауға болады. Осы жерде оларға қысқаша тоқталып кетуді жөн көрдік.

2011 жылы Солт-Лейк Сити Трибун (Salt Lake Tribune) газетінде Тони Семард (Тони Семерад) Қазақстандағы мормондар шіркеуі туралы мақала жариялады. Ол мақаласында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің сол кездегі президенті Пол Пайпердің (Paul Pieper) кездесуін сипаттайды. Кездесу барысында Қазақстандағы Мормондар шіркеуінің ресми өкілі Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа мормондар сенімінің қағидаттарын таныстырған. Ол орыс және қазақ тілдерінде сөйлеген сөзінде мормондар шіркеуінің дәстүрлі отбасылық құндылықтарды, білім беруді қолдау, сондай-ақ алкоголь, темекі, теріс әлеуметтік мінез-құлық және заңсыз есірткі пайдалануға қарсы осы сенімнің негізгі принциптерін атап өткен. Негізінде бұл кездесу мемлекет басшысының тек мормондармен емес Қазақстандағы барлық діни сенім өкілдерімен кездесу түрінде өткен. Ал мормондар шіркеуі тарапынан бұл кездесу Қазақстан Республикасының сол кездегі Президентінің осы бағытты қолдайтыны секілді бұрмаланып, жарнамаланып түсіндірілген [72].

2019 жылдың 26 шілдесінде мормондардың ресми сайтында шыққан мақалада Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің президенті Рассел М. Нельсон Қасым-Жомарт Тоқаевты оның Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлануымен құттықтады» делінген [73]. Суретке қарағанда шіркеу президенті арнайы келіп құттықтағандай түсінік қалыптасуы мүмкін, бірақ бұл кездесу 2017 жылы түрлі жобалар бойынша шіркеу мен мемлекеттің серіктестік қатынастарының дамуы жөнінде болған (Сурет 4). Ол кезде Рассел М. Нельсон – Он Екі Апостолдар Кворумының президенті болса, Қасым-Жомарт Тоқаев – ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы болатын.

Сурет 4. Шіркеу Президенті Рассел М. Нельсон Қасым-Жомарт Тоқаевты оның Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлануымен құттықтады



Мормондар ресми сайтындағы жаңалықтарында Алматы қаласының діни бірлестіктері лидерлері клубының 2019 жылы 22 мамырдағы және 2020 жылдың 12 қыркүйегіндегі отырыстарына қатысқан (Сурет 5). Діни бірлестіктер лидерлерінің клубы - Алматы қаласы Қоғамдық даму департаментінің жанындағы ерікті консультативтік-кеңесші орган. Клубтың қызметі дін саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету, рухани және конфессияаралық келісімді нығайту, сондай-ақ қаланың діни бірлестіктеріне қажетті ұйымдастырушылық және консультативтік көмек көрсету саласында ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Осы сияқты кездесулер мен конференцияларға Иса Мәсіхтің Соңғы замандағы әулиелері шіркеуінің алматылық приходының жетекшісі Н.Г. Калимуллина қатысады.

Сурет 5. Мормондар Алматы қаласындағы діни бірлестіктер лидерлерінің клубына қатысты



2018 жылдың 10-11 қазанында Астана қаласында Бейбітшілік пен келісім сарайында 6 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өтті. Оған Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің Шығысеуропалық аймақ президенттігінің екінші кеңесшісі, старейшина Алексей Самайкин қатысқан (Сурет 6). Съездің басқа да өкілдерімен бірге ол тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау стратегияларын әзірлеуге, сонымен қатар дінаралық диалог пен келісімді орнатуға бағытталған бірлескен әрекеттерді ұйымдастыруға қатысты [74]. Демек, мормондар шіркеуінің конфессияаралық және дінаралық қатынастар мәселелерін талқылауға арналған осындай беделді халықаралық алаңға қатысуы олардың бүкіл әлем бойынша дінаралық диалог пен келісімді орнатуға өз үлестерін қосып отыр деуге болады.

Сурет 6. Шіркеу өкілдері Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне қатысуы



Қорытындылай келе, Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің Азия құрлығындағы соңғы жылдардағы статистикасына қарайтын болсақ шіркеу мүшелері санының өсу тенденциясын көруге болады. Бұл тенденция шіркеудің мақсатты түрде Азия елдеріне бағыттаған белсенді миссионерлік қызметі мен гуманитарлық-қайырымдылық бағдарламаларының нәтижесінде болып отыр. Оның ішінде біздің еліміздегі Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуі мүшелері санының баяу болса да өсуі байқалады. Дегенмен, халықтың рухани ізденісі пен діни қажеттіліктерін қанағаттандыруда дәстүрлі діндердің позициясы жоғары болып тұр.

Мормондардың еліміздегі ресми сайтындағы мақалаларды талдай отырып, олардың Қазақстан Республикасының дін саласында ұйымдастырылатын шараларына белсенді араласып отыратынын, сол арқылы еліміздегі діни ахуалға өз үлестерін қосып отырғанын байқауға болады. Мұндай кездесулерді мормондар өздерінің ресми сайттарында жарияланып, жарнамаланып түсіндіріледі.

Қазақстандағы Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің таралуы елімізге америкалық елшілікте қызмет етуге келген мормондық миссионерлер тарапынан басталған. Біздің еліміз сияқты діни сенім бостандығы берілген елдерде олар өз сенімдерін еркін таратып, сенушілерінің қатарын көбейтуде. Олардың осындай әрекеттерін қалай жүзеге асырып жатқанын анықтау үшін келесі бөлім мормондық шіркеудің қазақ жеріндегі миссионерлік қызметіне, қайырымдылық пен ағартушылық жұмыстарына арналады.

3.2 Қазақстандағы мормондық шіркеудің қызмет бағыттары (миссионерлік, қайырымдылық, ағарту жұмыстары)

Қазақстандағы мормондық шіркеудің негізгі қызмет бағыттарына миссионерлік қызмет, қайырымдылықпен айналысу, тілдік курстар жүргізуді жатқызуға болады.

Біз бақылау жасаған уақыт аралығында қазақстандық приходта алты жас миссионер: төрт жігіт пен екі қыз миссиясын атқарып жүрді. Олар өзара Нұр-Сұлтан қаласындағы приходтың миссионерлерімен ауысып тұрады. Әр жексенбілік құлшылықтың басында миссионерлер келушілермен амандасып, «Келгендеріңізге рахмет!» деп аралап шығады.

Алдыңғы тарауда қарастырғанымыздай бұл ұйымда жастарға мансап жасап оқуын жалғастыру немесе әлемнің қандай да бір еліне барып миссионерлікпен айналысу таңдауы беріледі (жігіттерге 18 жастан, қыздарға 20 жастан рұқсат етіледі). Сонымен қатар олардың қатарынан ерікті миссионерлерді де кездестіруге болады. Біздің зерттеуіміздің барысында шамамен жасы алпыстардағы ерлі-зайыпты Тайлорлар отбасы гуманитарлық жұп ретінде өз миссияларын өтеп жүрді (Сурет 7). Бұл жұптан олардың қызметі туралы анығырақ, көбірек білу үшін интервью алынды. Бұл гуманитарлық жұп бір жарым жыл уақытын Қазақстанда өткізіп, белгіленген уақыттары аяқталған соң еліне қайтты. Олар осы уақыт ішінде 11 гуманитарлық жобаны жүзеге асырып, балалар мен қарттар үйіндегі мұқтаж жандарға, мүгедектер мен саңырауларға жәрдем көрсеткен [75].

Тайлорлар отбасы қазақ немесе орыс тілдерін білмейді, олар жергілікті халықпен тілдесу үшін миссионерлердің немесе ағылшын тілін білетін шіркеу мүшелерінің көмегіне жүгінеді. Гуманитарлық жұптарға миссионерлер секілді баратын елдің тілін үйрену міндетті емес, себебі, олар Ізгі хабарды таратумен айналыспайды, уағыз жасамайды. Олардың міндеті – шіркеудің гуманитарлық жобалары шеңберінде арнайы миссионерлік тапсырмаларды орындау болып табылады. Тайлорлар отбасының айтуынша, осы миссияға бару үшін олар алдын ала ақша жинап, оған кететін барлық шығындарды өздері төлейді екен. Олардың отбасы үлкен, 6 баласы, 13 немересі бар екен. Олар бізді шіркеудің гуманитарлық жобалар аясында жасаған жұмыстарымен таныстырып, суреттерімен бөлісті.

Бұл жұп алдыңғы тарауда айтып кеткен шіркеудің әлем бойынша жүргізетін 5 негізгі гуманитарлық жұмыс бағыттарының біреуі – мүгедектерді арбамен қамтамасыз етумен де айналысады. Бұл бағдарлама бойынша біздің елімізде де мемлекеттік билік өкілдерімен бірлесе отырып қайырымдылық шаралары жасалған. Мысалы: 2017 жылдың 16 қазанында Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің сол кездегі «Он екі Апостолдар Кворумының» Президенті, Рассел Нельсон Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаевпен кездесті. Қазіргі уақытта Рассел Нельсон мормондар шіркеуінің Он жетінші Президенті болып сайланды. Бұл кездесуде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі Қазақстан үкіметімен отбасылық құндылықтарды және конфессияаралық келісімді

нығайтуда ынтымақтасуға ниетті екендіктерін жеткізді. Кездесу барысында конфессияаралық және дінаралық диалогты нығайту мәселелері, сондай-ақ мұқтаж адамдарға қайырымдылық және гуманитарлық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Мормондар шіркеуінің қайырымдылық жұмыстарының жалғасы ретінде Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі жандарға (мүгедектерге) шіркеу 250 қоларбаны тегін таратқан [76].

Сурет 7. Гуманитарлық жұп Тайлорлар отбасы



Бірақ бұл кездесу журналистердің тарапынан көп сұрақ туындатты. Ол жөнінде Central Asia Monitor ресми сайтында журналист Юлия Кисткинаның «С кем Нурлан Ермекбаев собрался «укреплять семейные ценности?»» атты мақаласы шықты. Ол Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев мормондармен отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында ынтымақтастық жасауға келіскенін жазады. Негізі бұл кездесудің күн тәртібі о баста мүлдем басқаша - қайырымдылық және гуманитарлық бағдарламаларға қатысты болған. Журналист мормондардың көпнекелік тәжірибесінен бастап түрлі заңбұзушылықтарын тізіп, «Отбасылық негіздерді нығайту, әрине, жақсы, бірақ министр серіктес таңдауда қателескен жоқ па?» деген сұрақ қояды. Мұндай қайырымдылық және гуманитарлық бағдарламаларды үкіметтік ұйымдармен серіктестікте жасаудың астарында оларға деген оң пікірдің қалыптасуы мен өздері жайлы жарнама жатқанын түсінуге болады [77].

Алматылық приходта миссияда жүрген гуманитарлық жұп Тайлорлар отбасының айтуынша алматылық ауруханалардың бірнешеуіне (толық атаулары берілмеді) мүгедектер арбасы берілген. Бұл қоларбаларды тегін үлестіру бір

жағынан шіркеу туралы көп адамның естіп білуіне септігін тигізеді, себебі олардың арқасына шіркеудің толық атауы жазылған. Шіркеудің негізгі гуманитарлық жұмыс бағыттарынан бөлек, шіркеудің қайырымдылыққа бөлген қаражатына балалар үйінде, балалар мен ересектер ауруханаларында, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған сауықтыру орталықтарына қажетті жабдықтарын алып, түгелдей ас бөлмесін орнатып берген көрінеді. Оған дәлел ретінде гуманитарлық жұп суреттерімен бөлісті. Сонымен қатар, есту қабілетінен айырылған немесе нашар еститіндерге шіркеу есту аппараттарын тегін таратқан. «Үміт» саңырау мүгедектерге жәрдемдесу орталығы» қоғамдық қорының директоры Аманбике Өсербайқызының айтуынша, орталық тізімінде тұрған есту қабілетінен айырылған жандарға мұндай көмек көп беріле бермейтін көрінеді. Осы гуманитарлық шара шіркеу қабырғасында өткізілген. Тайлорлар отбасы еліне кетерде шіркеуде қоштасу кешін ұйымдастырды. Оған шіркеу мүшелерін, олардың достарын, тегін ағылшын тілі курсына келушілерді және т.б. шақырған. Адам саны шамамен 100 шақты болды (Сурет 8). Шағын концерттік бағдарлама шіркеудегі әдеттегідей діни тақырыпта болған жоқ. Әлия есімді қазақ қызы домбырада күй тартты, хормен орыс тілінде әндер орындалды және шіркеу мүшелері Тайлорлар отбасына тілектер айтты. Соңында мол дастархан жасалды. Бір таңқалаларлығы, бұл күні келген адам саны әдеттегі жиындардағыдан едәуір көп болды, оның басым көпшілігі жастар, сұрастыра келе белгілі болғандай, ағылшын тілі курстарына келушілер өздерінің достарын, таныстарын да ерте келген екен. Осылайша Тайлорлар отбасы еліне қайтып, олардың жұмысын жалғастыруға басқа жұп келді.

Сурет 8. Тайлорлар отбасын еліне шығарып салуға арналған қоштасу кеші



Сурет 9. Тайлорлар отбасын еліне шығарып салуға арналған концерттік бағдарламадан көрініс



2019 жылдың 31 мамырында Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қайырымдылық қызметі оңалтуға көмек принциптері бойынша мамандарды даярлау жөніндегі республикалық семинарға қатысқан.

Бұл Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, «University Medical Center» корпоративтік қорының балаларды оңалту ұлттық орталығы мен «Реабилитологтар және курортологтар қауымдастығы» ҚБ қолдауымен ұйымдастырылған іс-шара Нұр-Сұлтан қаласында, АО «Назарбаев Университеті» Медицина мектебінің ғимаратында өткен.


Шіркеудің қайырымдылық қызметінің өкілдері аталған іс-шараға қатысушылармен өздерінің іске асырылған жобалары бағдарламасымен бөлісіп, семинар барысында қойылған мақсаттарға жету үшін ынтымақтастықты ұсынған [78].

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қайырымдылық қызметі Қазақстан Республикасында 1995 жылдан бері жұмыс жасап келеді екен. Шіркеу деректеріне сүйенсек осы уақыт аралығында жалпы сомасы 9 миллион доллардан асатын 30-дан астам жобаны жүзеге асырған. Олардың ішінде ауруханалар мен емханаларды диагностикалық жабдықтармен, аутизммен ауыратын науқастарды сенсорлық жабдықтармен қамтамасыз ету және тағы

басқалар. Шіркеудің бұндай масштабтағы қайырымдылықпен айналысуының астыртын мүддесі бары айтпаса да түсінікті.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің еліміздегі тағы бір қызмет бағыты ретінде тегін ағылшын тілін үйрету курстарын айтуға болады. Аптаның әр сейсенбісі мен бейсенбі күндері тегін ағылшын курстары өткізіледі (Сурет 10). Бұл курсқа миссионерлер шақырған адамдар, шіркеу мүшелері мен олардың таныстары қатысады. Ол бастапқы топ және жалғастырушы топ болып екіге бөлінеді, оларды миссионерлер жүргізеді. Әр курстың соңында миссионерлер шіркеу жөнінде білгісі келетіндерге қалуға ұсыныс жасайды. Біз бақылау жасаған уақыт аралығында курстардан кейін көпшілігі қайтып кетіп жатты, бірен-саран қызығушылық танытқандармен сұхбат-әңгімелер жүргізілгені байқалды. Шіркеу мүшелері болып табылмайтын курстарға үнемі қатысып жүрген адамдардың басым көпшілігі жастар және олардың кейбіреулері басқа да мерекелік іс-шараларда жүргенін байқадық. Бұл көптеген жаңа діни ағымдарға тән адамдарды, соның ішінде жастарды өз қатарларына тартудың бірден бір тиімді жолы [79, 28 б.].

Сурет 10. Алматы қ. шіркеуге тегін ағылшын тілі курсына шақыру визиткасы



Енді шіркеуде дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін іс-шараларға тоқталып өтейік:

1. Мормондар шіркеуі әр жыл сайын Жастар конференциясын өткізіп тұрады. Ол жас ерекшеліктеріне байланысты 14-17 жас аралығындағыларға арналған «Кіші жастар конференциясы», 18-30 жас аралығындағыларға арналған «Жастар конференциясы» және 31-45 жас аралығындағыларға арналған «Үлкендер конференциясы» болып бөлінеді. Қазақстандық мормондар да жыл сайын бұл конференцияға қатысады. Бұл конференциялардың мақсаты – бір сенімдегі жастарды бір-бірімен таныстырып, қарым-қатынас орнату және өзі секілді осы дінді ұстанатындар арасынан өмірлік жарын табуға ынталандыру. Бұл да өз сенушілерінің қатарын көбейтудің бірден бір жолы сияқты. Себебі олардан туылған балалар да өсе келе, осы отбасылық сенімді қабылдайтын

болады. Қазақстандық үйленбеген мормондар бұл конференцияға қатысу үшін Ресей еліне барады. Алматылық приход мүшелерінің арасында жүргізілген бейресми сұхбат кезінде еліміздегі мормондар да осы конференцияға барып өздеріне жұп тауып, арасында қосылғандары барын білдік. Биылғы 2020 жылы пандемияға байланысты Шығыс Еуропа аймағының барлық елдерінен қатысатын үйленбеген жастардың конференциясы онлайн форматта өтетін болады.

2. Біз қатысқан «Мейірімділік қоғамының» конференциясының биылғы жылғы тақырыбы «Отбасыларды нығайту» болды (Сурет 11). Бір күнге созылатын конференция бағдарламасы: таңғы жаттығулардан басталып гимн айту, саябақтағы ойындар, отбасын нығайту (гуманитарлық жұп Тайлорлар отбасы өз отбасы мысалында сөз алды) сияқты отбасына байланысты түрлі тақырыптарда баяндамалар жасалды, сонымен қатар ойындар ойнатылды, қолөнер мастер класы, саябаққа серуендеу, йога кілемшелерінде отырып сауықтыру жаттығуларын орындау, антистресс, бет күтіміне арналған массаж сияқты әйелдерді қызықтыратын тақырыптарды барынша қамтыды (Сурет 12). Негізінен Мейірімділік қоғамы аптасына бір рет жиналып тұрады. Әйелдер мұқтаж жандар үшін азық-түлік дайындайды, қайырымдылық үшін көрпелер тігеді және т.б. істермен айналысады.

Сурет 11. «Мейірімділік қоғамының» конференциясы



Сурет 12. «Мейірімділік қоғамы» конференциясының бағдарламасы

Программа		
КОНФЕРЕНЦИЯ ОБЩЕСТВА МИЛОСЕРДИЯ «УКРЕПЛЕНИЕ СЕМЕЙ»		
Дата: 8 сентября 2018 г.		
Место проведения: Алматинский небольшой приход		
Время	Тема	Спикер
09.30-10.00	Утренняя разминка для бодрости	Ирина Пак
10.00-10.15	Открытие конференции Приветственное слово Вступительный гимн № 199 <i>Как сестры в Сионе</i> Вступительная молитва – <i>Тамара Назина</i>	Президент Общества милосердия – Людмила Горбоконеко
10.15-10.45	Укрепление семей	Старейшина и сестра Тейлор, Клара Мамутова (перевод)
10.45-11.00	Особая роль матери в воспитании детей	Арменуи и Нурсулу
11.00-11.30	Игры	Айнура
11.30-12.00	Музыкальный урок	Инна Котова
12.00-13.00	Мастер-класс «очумелые ручки»	Жанна Голяк
13.00-13.40	Обед	
13.40-14.00	Прогулка до парка	
14.00-14.15	Программа оздоровления (на ковриках)	Диляра
14.15-15.00	Антистресс практики	Вероника
15.00-15.45	Омолаживающий массаж лица с лифтинг-эффектом (на ковриках)	Ирина Пак
15.45-16.00	Дневник сестры	Людмила, Инна и Алия
16.00-16.10	Духовная мысль	Сестры миссионерки
16.10-16.45	Игры в парке	Айнура
16.45-17.00	Закрытие конференции Свидетельское собрание Заключительный гимн № 133 <i>Господь, я за Тобой пойду</i> Заключительная молитва – Сусанна Аракелян	Президент Общества милосердия – сестра Людмила Горбоконеко

3. Алматылық приход жыл сайын ашық есік күндерін өткізіп тұрады. Ашық есік күнін өткізудегі басты мақсат барынша көп адамның шіркеу жайлы білуі, шіркеу өмірін өз көздерімен көріп, шіркеу тарихынан, ілімінен мағлұматтар беру.

4. Алматылық приходта жыл сайын Рождество мерекесі атап өтіледі. Бұл жолы да шіркеу мүшелері мен миссионерлер дайындаған шағын концерттен кейін дастархан жасалып, кішкентай бүлдіршіндерге жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

5. Мормондар қазақтың ұлттық «Наурыз» мейрамын да осы шіркеуде тойлатуды жыл сайынғы дәстүрге айналдырған. Бұл мейрамға келушілер әдеттегідей қазақтың ұлттық киімдерін киіп келеді. Ұлттық тағам «Наурыз көже» жасалып, мерекелік қазақи дастарқан жайып, шағын мерекелік концерт өткізеді (Сурет 13).

Сурет 13. Шіркеу мүшелері Наурыз тойын тойлауда



6. Әр топтың оқытушылары үшін кездесу өткізіледі, онда болашақ сабақтардың тақырыбы және оқу үрдісінің бағыттары талқыланады.

7. Аймақтық және өңірлік деңгейде жылына бірнеше рет шіркеу басшыларының кездесулері, форумдары ұйымдастырылады.

8. Біз қатысқан алматылық приходта жасалған ең қызықты шара шіркеу келушілеріне арналған «Таланттар шоуы» конкурсы болды. Бұл шара да жыл сайын өткізіліп тұрады. Биылғы жылы конкурста домбырада, гитара мен пианинода ойнап, өлең айтып, би билеп әркім өз талантын көрсетті. Бір қызығы бұл шараға тек шіркеу мүшелері ғана емес, олардың достары, таныстары және ағылшын тілі курсына келушілер де қатысып өнерлерін көрсетті. Соңы әдеттегідей фуршетпен жалғасты.

Миссионерлерден бөлек, шіркеу мүшелері де өздігінше қоғамдық шараларға, кездесулерге барып шіркеу туралы айтып жүреді. Қазақстандық мормондар «Живая библиотека» атты қазақстандық жастардың ұйымдастыруымен өткен жобаға қатысқан. Бұл жобада «Кітап» рөлінде шақырылған қонақтар мен «оқырман» ретінде жастар бетпе-бет сұрақ-жауап түрінде әңгімелеседі. Бұл жобаға шіркеу атынан шіркеудің бұрынғы президенті Д. Цай қатысып, оқырмандардың сұрақтарына жауап берген. Жиналған жүзге жуық жастармен әңгіме барысында мормондық сенім туралы қалыптасып қалған стереотиптерді жою мақсатында мормондық шіркеуінің тарихы мен ілімі туралы айтылған [80].

Осы мормондық шіркеудің бұрынғы жетекшісі Марианна Гурина «КТК» арнасындағы «Үйге апарар жол», «Ұлағатты жанұя» әлеуметтік жобаларының авторы және продюсері. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек

көрсету туралы «Үйге апарар жол» жобасының мақсаты туралы Марианна: «Мен ата-анасыз тұратын әрбір баланы жетім баланың тағдырын өзгерте алатын туыстар мен достар табуды қаладым» дейді. 2015 жылдың аяғында Марианна Гурирнаның қызметі екі құрметті мемлекеттік марапатқа ие болған. Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов Астана қаласының Бейбітшілік және келісім сарайында Президент Әкімшілігінің «Эстафета: 20 жақсы іс» атты дипломымен және кәдесыймен тапсырған. Бұл мейірімділікке қосқан үлесі үшін жасалған сый. Екінші сый - Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Елдің өркендеуіне қосқан үлесі үшін» сыйлығы, ол сыйлық шығармашылық интеллигенцияның көрнекті өкілдеріне беріледі. Осылайша, мормон шіркеуі біздің қоғамдық ұйымдар арасында кең таралып ықпал етуде. Бұл алаңдайтын мәселе. Еліміздегі мормондық шіркеу мүшелері осындай шараларға қатысуы арқылы шіркеу туралы қалыптасқан стереотиптерді жоюға көмектесуде [81].

Қорытындылай келе еліміздегі мормондардың миссионерлік, қайырымдылық және тегін ағылшын тілін үйрететін ағартушылық қызметі шіркеудің имиджіне оң әсер ете отырып, қазақстандықтардың осы шіркеуді таңдауына ықпал етуде. Дегенмен, Марианна секілді мормондардың қоғаммен жұмыс жасайтындардың айналасындағыларға мормондар туралы оң көзқарастың қалыптасуы мен шіркеу мүшелерінің санының артуына септігін тигізеді. Осы мәселені ішінен тереңірек зерттеу үшін диссертациялық жұмыстың келесі соңғы бөлімі алматылық приходта жүргізілген іштен бақылау нәтижелеріне арналады.

3.3 Қазақстандық Алматылық приходта жүргізілген әлеуметтік бақылау нәтижелері


Осы ғылыми зерттеу жұмысы аясында Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің Қазақстан Республикасы, Алматы қаласындағы приходында 2018 - 2019 жылдар аралығында әлеуметтік іштен бақылау жүргізілді. Бұл әдісті пайдаланудағы мақсат Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің Қазақстан Республикасындағы қызметін талдау және өз қатарына адамдарды тарту әдіс-тәсілдерін анықтау болып табылады. Зерттеудің мақсаты - Алматыдағы мормондар шіркеуі өкілінің, яғни қазақстандық мормонның портретін, оның әлеуметтік мәртебесін, білімін және мәдени деңгейін анықтау. Сонымен қатар, алматылық мормондар қауымының этникалық және жастық құрамын, оның мүшелерінің өсу динамикасын анықтау. Бұл Алматыдағы Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қауымдастығында жүргізілген алғашқы зерттеу болды.

Іштен бақылау және қауымның мүшелерімен қарым-қатынас әр апта сайын өткізілетін жексенбілік құлшылық кезінде, ағылшын тілі курстарында және шіркеу ұйымдастырған қосымша шараларда жүзеге асты.

Зерттеу барысында мормондардың алматылық қауымында шамамен 120 шақты шоқынған мүшесі бар екені анықталды, жас ерекшеліктеріне қарай олардың үштен бір бөлігі – балалар мен жасөспірімдер. Екіншісі – 18-30 жас аралығындағы жастар, қалған бөлігі – 30-60 жас аралығындағы ересек әйелдер мен ерлер. Басшылық қызметті ер адамдар атқарады және олардың отбасы мүшелері де шіркеу мүшелері болып табылады.

Қазақстандық алматылық приходтағы шіркеу мүшелерінің этникалық құрамы әр түрлі, саны жағынан орыс ұлтының өкілдері басымырақ, олар қауым мүшелерінің шамамен 50 пайыздайын құрайды. Мұның себебін мормондар ілімінің христиандық ілімнен өрбігендігімен түсіндіруге болады. Содан кейін қазақтар, олар қауым мүшелерінің шамамен 30 пайызын құрайды, ал қалған ұлттар ұйғыр, кәріс, армян, тәжік ұлтының өкілдері қоса алғанда шамамен 20 пайызын құрайды (Диаграмма 3)

Диаграмма 3. Иса Мәсіхтің Соңғы замандағы әулиелері шіркеуінің Алматылық приходы мүшелерінің этникалық құрамының %-дық көрсеткіші



Шіркеу мүшелері құрамы қоғамның түрлі әлеуметтік топ өкілдерінен тұрады. Оның ішінде: жоғары және орта білімділер, мұғалімдер, түрлі сала жұмысшылары, бизнесмендер мен жеке кәсіпкерлер және т.б. бар. Мысалы, шіркеудің сол кездегі Президенті Дмитрий Цай жай өмірде - «Qazaq air» компаниясында авиациялық бақылау және жерге орналастыру жөніндегі маман болып жұмыс жасайтын, бірақ кейіннен жұмыс бабымен Ресейге көшіп кетті. Байқағанымыздай, қауым мүшелерінің көпшілігі жоғары білімі бар сауатты, жан-жақты білімді азаматтар.

Соңғы заман әулиелерінің ғимараты шіркеу деп аталғанымен сыртынан қарағанда әдеттегі христиандық шіркеулерге ұқсамайды. Бұл шіркеу немесе ғибадат үйіне қарағанда сиыну үйі дегенге ұқсас келеді. Мормондық шіркеулердің төбесінде қолында кернейі бар Мороний періштенің алтын түстес мүсіні тұрады (соған қарап оның мормондық шіркеу екенін білуге болады). Ғимарат ішіне кіргенде икона, айқыштың болмауы жаңадан келгендерге таңқалаларлық жағдай болуы мүмкін. Себебі бұл шіркеуде діни атрибутика, символика мүлдем жоқ. Сонымен қатар, мормондар әулиелердің шірімей сақталған денелерін қасиетті санамайды. Мормондар үшін айқыш - Мәсіхтің ағашқа шегеленуінің белгісі ғана. Олар бастысы айқыш емес - Исаның қайта тірілгені деп түсіндіреді. Кеңсе тәрізді американдық стильдегі кең бөлмелердің қабырғалары мормондардың журналдары мен сайттарындағы Иса Мәсіхті бейнелейтін суреттермен және фотосуреттермен безендірілген.

Мормондар дұға жасап Құдайға сиынғанда да басқа христиандар сияқты оңнан солға немесе солдан оңға қарай шоқынбайды. Себебін адам дұғаны тікелей Құдайға арнайды және ол үшін тек шын ниетпен тілегін айтса жеткілікті деп түсіндіреді. Олар дұға жасағанда қарапайым сөздермен «Біздің Әкеміз» («Отче наш») дұғасын Иса Мәсіх айтқан үлгі бойынша, арасына өздерінің еркін түрдегі

дұғасын қоса отырып жай көздерін жұмып тұрып оқиды да соңында «Аминь» деп аяқтайды.

Енді алматылық приходта өткізілген шоқындыру рәсіміне қысқаша тоқталып өтсек. Мормондар мойындайтын шіркеудің құпиялық рәсімінің бірі – шоқындыру. Шіркеу мүшелерінің айтуынша барлық салт-дәстүрлерге қарағанда шоқынуға ерекше назар аударылады. Себебі, шоқындыру рәсімі барлық бұрынғы күнәларының кешірілуі мен Шіркеу аясына өтуді білдіреді. Бұл рәсімнен кейін барлық өсиеттерді сақтау үшін Құдаймен келісім жасалады. Мормондар шіркеуінде балалар сегіз жастан бастап шоқындыру рәсімінен өтеді. Олар кішкентай балалар Иса Мәсіхтің рақымымен құтқарылған деп сенеді. Құдайдың аяны бойынша сегіз жаста жауапкершілік жасына жеткенше шоқындыру рәсімінен өтудің қажеті жоқ. Шоқындыру рәсімінен өту символдық мәнге ие: Иса Мәсіх тәрізді адамды суға батырғанда ол қайтыс болғандай болады, ал судан шыққанда күнәдан тазарып, қайта тірілгендей болады [82]. Шіркеудің жаңа мүшелерін шоқындыруды миссионерлер өздерінің қызметінің басты мақсаты деп санайды.

Шоқындыру рәсімін Аарондық лауазымындағы немесе одан да жоғары өкілеттігі бар діни қызметкер жүргізеді. Алматылық приходта біз қатысқан шоқындыру рәсімін сол кездегі осы приход президенті Дмитрий Цай жүргізді. Светлана есімді әйелді шоқындыру рәсіміне біздің сұрауымыз бойынша миссионерлердің шақыруымен қатыстық (Сурет 11).

Сурет 11. Светлананы шоқындыру рәсімі



Бұл рәсімді өткізу үшін кіші залда бассейн қойылған, оған алдын ала су толтырылады. Шоқынұшы Светлана мен шоқындырушы сол кездегі шіркеу президенті Дмитрий Цай толық ақ түсті киім киген. Шоқындыру рәсімін ресми түрде бір-екі адам жүргізеді, ал оның сценарийы алдын ала жазылады. Шоқындыру рәсімі келесі реттілікпен өтті:

1) фортепианоның сүйемелдеуімен «Мен Құдайдың баласы» гимні шырқалды (музыка тиісті рухани атмосфераны құруға ықпал етеді);

2) шіркеу мүшелерінің арасынан алдын-ала дайындалған бір адам кіріспе дұға оқыды;

3) шіркеудің бір мүшесі шоқынудың маңызы туралы сөз сөйледі;

4) шоқындырушы Дмитрий Цай Светланамен бірге алдын-ала дайындалған арнайы бассейндегі суға кіреді. Бір қолымен шоқынұшыны ұстап тұрып, шоқындырушы оң қолын көтеріп: «Иса Мәсіх уәкілдігімен мен сені Әке-Құдай, Бала-Құдай және Қасиетті Рухтың атынан шоқындырамын. Аминь» Шоқындырушы Светланаға мұрнын оң қолымен қысуды нұсқап, өзінің оң қолын оның арқасына қойып, толығымен суға батырып, судан көтерілуге көмектеседі. Олар судан шығып киімдерін ауыстырып, рәсімді ары қарай жалғастырады;

5) келесі конфирмация рәсімі, бұл рәсімді Аарондық қасиетті шені бар дін қызметкерлері жүзеге асырады. Шіркеу президенті Д. Цай мен ер миссионерлер Светлананы жан-жағынан қоршап, басына қолдарын қойып, Иса Мәсіхтің атынан «Киелі Рухты қабылда» деген сөздермен Қасиетті Рухты сыйға береді.

6) осымен шоқындыру рәсімі аяқталады, бірінші Шіркеу Президенті Д. Цай құттықтады, одан кейін шіркеу мүшелерінің ішінен шоқынұшының әпкесі Светлананы құттықтай отырып өз куәлігін келтірді (ол шоқындыру рәсімінен қалай және қашан өткені туралы айтып берді);

7) қорытынды бөлімде «Ием, мен саған еремін» гимні айтылды;

8) соңында қорытынды дұға жасалды.

Көптеген христиандар сияқты, мормондар да, адам тәубасына келіп, сумен шоқындыру рәсімінен өткен кезде, оның барлық өткен күнәлары кешіріледі деп сенеді. Мормондар бұл рәсімді жаңа өмірдің бастауы деп есептейді және шоқынудан өткен адам толығымен тазарады деп сенеді. Шоқындыру рәсімінен өткен соң, мормондар Киелі Рухты сыйға алады. Бұл рәсімде өкілеттілігі бар діни қызметкерлер шоқынұшы адамның басына қолдарын қойып, басқасы Киелі Рух берілетін адамға ерекше батасын береді. Бұл конфирмация рәсімі деп аталады. Көбінесе шоқыну рәсімін сенбі күні жасайды да, конфирмацияны жексенбілік құлшылық кезінде причастиелік жиналыс үстінде жасайды. Виталий есімді жігіттің шоқыну рәсімінен кейін, ертеңінде конфирмация, яғни қол қою арқылы Киелі Рухты сыйға беруді приход президенті, оның екі көмекшісі мен миссионерлер айнала қоршап тұрып жасады.



Шіркеу мүшелерінің айтуынша Қазақстандағы алғашқы шоқындыру рәсімі 1999 жылы өткізілген. Ол кезде приход болмағандықтан алғашқы шоқындыру рәсімі, шіркеу мүшелерінің айтуынша, көлік жуу орнында жасалған.

Жексенбілік құлшылық. Шіркеудің ғибадаттық рәсімдерін талдау, негізінен, осы жексенбілік құлшылықты іштен бақылау кезінде жасалды. Шіркеу

мүшелері әр жексенбі сайын құлшылық жасау үшін шіркеуге жиналады. Жексенбілік құлшылық бірнеше бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі – причастиелік жиналыс, наннан дәм татып, судан ұрттау арқылы тазару (нан Иса Мәсіхтің тәні, су оның қаны, (мормондар ішімдіктің ешқандай түрін ішпейтіндіктен шарап суға ауыстырылған)) [83]. Оған қауымның барлық мүшелері қатысады. Ол бастапқы гимнді орындап, бастапқы дұға оқумен басталады, содан соң Иса Мәсіхтің тәні – нан, қаны – су деп христиандық дәстүрдегідей нан үзіп жеу арқылы тазару рәсімімен жалғасады. Нан мен судың үстін ақ матамен жауып, дұға оқиды. Содан соң нан мен суды сол жердегі миссионер жігіттер отырған адамдарға таратады. Одан кейін шіркеу басшылары немесе алдын ала дайындалған адамдар сенім шеңберіне шығып, өз басында болған жайттарды, осы сенімге қалай келгенін, көктен Қасиетті Рухты қалай алғаны туралы (кейбіреулер көздеріне жас ала отырып) айтады. Сөз сөйлеп болған соң, бірінші бөлім қорытынды дұға оқу және гимн айтумен аяқталады.

Бірінші бөлімнен кейін келушілер топтарға бөлінеді. Жаңадан шоқынғандар мен тыңдаушыларға арналған жексенбілік мектеп жұмыс жасайды. Сонымен қатар осы уақытта жас жігіттер мен қыздар қоғамына және ата-анасымен еріп келген кішкентай келушілерге арналған бастапқы қоғамда өз жұмысына кіріседі, олар кішкентай балалармен ойын түрінде сабақтар өткізеді. Кішкентай балаларға арналған «Мормон кітабынан әңгімелер» деген орыс тіліндегі кітап бар (Сурет 12). Бұл – балаларға арналып жеңіл әрі түсінікті тілде жазылған кітап. Балаларға арналған сабақтар, негізінен осы кітап бойынша жүргізіледі.

Сурет 12. Балаларға арналған Мормон кітабынан әңгімелер



Балалар тек бір ғана сабақ өтетін болғандықтан, қалған уақытта олар бір-бірімен араласып, ойнап жүреді. Олар құлшылық рәсімдерге кедергі келтірмес үшін арнайы ойын бөлмесі дайындалған, әсіресе жиналыстың бірінші бөлімінде олар сол жақта ойнап жүреді. Барлық шараларға қатысуға жарты күн уақыт кетеді, сол себепті келушілер шіркеуге отбасыларымен бірге кішкентай балаларын да ерте келеді. Шіркеу мүшелеріне өткізілетін мұндай сабақтарды миссияда болып келген, шіркеу басшылығымен осындай қызметтерге тағайындалған шіркеу мүшелері оқытушы ретінде жүргізеді. Шіркеуде оқытушыларға арналған «Оқыту нұсқауы» деген қазақ және орыс тілдеріндегі әдістемелік құрал бар. Жексенбілік мектепте де осы нұсқаулық бойынша оқытады. Оның ішінде сабақты қалай жүргізу керектігі бойынша нұсқаулықтар берілген. Жалпы, жексенбілік мектептің мәні «барлық шіркеу мүшелерінің бір-біріне Ізгі хабарды оқытуы болып табылады».

3. Жиналыстың үшінші бөлімі – «Мейірімділік қоғамының» жиналысы. Алматылық приходтағы бұл ұйымның жетекшісі Людмила әпке. Ол колледж оқытушысы болып екі жерде жұмыс жасайды екен. Людмила әпке шіркеу президентімен келісе отырып әр жексенбіде осы Мейірімділік қоғамында талқыланатын тақырыпты таңдайды, оған алдын ала дайындалады. Бұл жиналысқа жексенбілік мектептен шыққан қыз-келіншектер қатысады, бұл жерде де гимн айтылады және белгілі бір тақырыпта шіркеу басшыларымен жазылған кітаптардан үзінділер оқылады. Қыз-келіншектердің осы өмірдегі орны мен міндеттері және өмірде өзін-өзі ұстау ережелері айтылып, қоғамдағы түрлі мәселелер талқыланады. Бұл ұйымның мүшелерінің айтуынша күн жылы кездері мұндай жиналыстар шіркеу қабырғасынан тыс табиғат аясында, таза ауада, тауда немесе сол секілді демалыс орындарында өткізіледі. Осымен жексенбілік құлшылық аяқталады. Осыдан соң кейбіреулер үйлеріне тарайды, ал кейбіреулері (көбінесе жастар) қалып шіркеулік гимндарды айтуға дайындалады [70]. Ең қызығы, бұл күні қандай да болсын зат сатып алуға тиым салынған. Сондықтан мормондар бұл күні сауда жасамас үшін, жексенбіге дейін керекті азық-түлік пен қажетті заттарын алдын-ала сатып алып қояды. Одан бөлек шіркеу мүшелерінің айтуынша қазақстандық мормондар да үш айға және бір жылға жететін азық-түлік қорын дайындап қояды екен. Бұл табиғат апаты, ауырып қалған немесе қаржылық дағдарыс жағдайына дайын болуды білдіреді.

Шіркеу мүшелері Құдай Патшалығына тек Шіркеу арқылы ғана кіруге болады дейді, сондықтан шіркеуге келіп жексенбілік құлшылық пен сабақтарға қатысып тұру міндетті екендігі келушілердің есіне жиі салынып отырады. Сонымен қатар олар әр айдың бірінші жексенбісінде ораза ұстайды, ораза шартына сай, бір тәулік бойы ешнәрсе жеуге болмайды. Жексенбі көптеген елдерде міндетті демалыс күн болғандықтан, мормондар оны Құдаймен және шіркеулік ағайындармен өткізуге арнау керек деп санайды. Қазақстандық мормондар да жексенбілік құлшылық және шіркеудің ұйымдастыратын түрлі шараларына отбасы мүшелерінің барлығымен бірге келеді, демалысты бірге өткізеді.

Алдыңғы тарауда айтылғандай, мормондарға спиртті ішімдіктер, шәй, кофе ішуге және шылым шегуге тыйым салынған. Себебі, олар ешқандай пайда әкелмейді, ал құрамында наркотикалық заттар болғандықтан үйреніп кету және соған тәуелді болып қалу қаупі бар деп есептеледі. Бірақ шіркеу мүшелерімен бейресми кездесулер кезінде барлық мормондар бұл тыйымдарды ұстана бермейтінін байқадық. Мысалы, жексенбілік құлшылықтан кейін шіркеудің бір-екі мүшесімен шіркеу маңында орналасқан Ритц-Палас сауда орталығына жолымыз бірге түскен еді. Ол күн жексенбі болғандықтан мормондарға ешнәрсе сатып алуға болмайтын, бірақ соған қарамастан шіркеудің бір мүшесі шай сатып алды. Бұл жерде таңқаларлығы, тыйым салынған күні сауда жасағаны ғана емес, сонымен қатар ішуге тыйым салынған шәйді сатып алғаны болды.

Мормондарда дұға жасауға ерекше көңіл бөлінеді. Шіркеу мүшелері дұғаны орыс тілінде жасайды, себебі алдыңғы бөлімде айтқанымыздай, шіркеуде түрлі ұлт өкілдері жиналғандықтан алматылық приходта барлығы баршаға түсінікті ортақ орыс тілінде сөйлейді. Олардың дұғаларының қатып қалған нұсқасы жоқ, тек еркін түрде: «Дорогой Небесный Отец... благодарим тебя за... мы просим тебя... во имя Иисуса Христа, Аминь» деп, арасына сұрағысы келген ниет-тілектерін қоя береді. Мормондардың айтуынша дұғалардың мәтіндерін жаттап, оларды сөзбе-сөз қайталаудың қажеті жоқ, себебі, егер де адам шын ниетімен дұға жасаса, онда Құдай оны естиді және түсінеді, ал сөздерді жүрегі айтып береді дейді. Бір қызығы мормондар кез-келген нәрсеге дұға жасай береді. Шіркеу мүшелері сұхбат барысында біз үшін бірнеше рет дұға жасағанына таң қалдық.

Мормондар іліміне сәйкес, басты құндылық – сенім. Сенім өте күшті болуы керек. Оны үнемі күшейтіп отыру керек. Мұндай сенім сәттілік пен тұлғалық өсуге алып келеді. Мормондар өздерінің сенімдерінің шынайылығын алға тартады. Шіркеу басшылығының айтуынша, мормондар адамдардың ішіндегі ең адамгершілігі жоғарылары деп мақтанады. Олар басқа діндерге құрметпен қарайды, бірақ басқа дін өкілдерін өз діндеріндегі өмір сүру қағидалары мен құндылықтарын қатаң ұстанбайды, олардың ешқайсысы Құран мен Інжілді толық оқымаған, бірақ өздерін сенушілерміз деп атайды деп кінәлайды, ал мормондардың ішінде ондай болуы мүмкін емес деп есептейді.

Мормондар отбасылық институтқа, отбасылық қарым-қатынастарға ерекше мән береді. Отбасының басты қызметі – балаларды тәрбиелеу. Олар көпбалалы отбасы болуға тырысады. Мормондардың отбасындағы қарым-қатынас негіздері пайғамбарлары Г. Хинклидің кітаптарында жазылған. Оны «Мейірімділік қоғамында» және жексенбілік мектептерде оқытады. «Құдай балалы болудың қасиетті күшін тек заңды некеде тұрған әйелі мен күйеуіне ғана бұйырған. Олар бір-біріне қамқорлық көрсетіп және балаларын махаббатпен өсіруі, дұрыс жолмен жүруге үйретуі, олардың рухани және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруы, оларды махаббат пен бір-біріне қызмет етуге үйретуге, Құдайдың көрсеткен жолымен жүруге және өз елінің заңын құрметтейтін азаматтары етіп тәрбиелеуі тиіс» делінген [84].

Мормондардың ілімі бойынша, Құдай Патшалығына отбасы барлық мүшелерімен кіріп, сонда бірге тұратын болады. Сондықтан да бұл қауымға адамдар барлық отбасымен тартылады, ал бұл өз кезегінде адамның жеке өзі шіркеуден шығып кетуін қиындатады. Шындығында, бұл сенімді барлық отбасы мүшелері ұстанғандықтан, отбасының бір мүшесінің бұл сенімнен бас тартуы өте қиын. Оған қоса, олар отбасы деңгейінде «Кімде кім шіркеуден кетсе, онда ол өз отбасына кесірін тигізеді, сондықтан бүкіл отбасы оның кесірінен кешірім ала алмауы мүмкін» деген принципті ұстанады. Жастар отбасын құруды өте бір биік мақсат ретінде көреді. Олар оған саналы түрде шешім қабылдауы керек. Мормондар отбасын жоспарлауды қолдайды және контрацепцияның барлық түрлерін рұқсат етеді, бірақ аборт жасауға тыйым салынады. Олардың ойынша, отбасын алдын-ала жоспарлау қажет, себебі, бала өмірге көптен үміт етіп күткен болып келуі керек, оған жақсы тәрбие мен білім берілуі тиіс.

Барлық мормондар сияқты қазақстандық мормондар да мейлі ол шіркеу басшысы немесе шіркеудің мүшесі болсын табысының он пайызын шіркеуге беріп тұрады. Бұл ондық салықтан жиналған қор жағдайы төмен отбасыларға көмекке, қарттар мен сиыну үйлерін салуға және оның қажеттіліктерін өтеуге, миссионерлердің және шіркеудің басқа да қажеттіліктеріне жұмсалады [85].

Дегенмен қауымның қаржылық қызметіне қатысты мәліметтерді анықтау мүмкін болмады, жиналыстарда ол туралы айтылмады, сондықтан осы тұста барлығы біле тұра үндемейтін қандай да бір құпия бар секілді сезімде қалдық.

Өзін-өзі дамытуда мормондар сенімі протестантизмге жақын болып келеді. Адам өзінің талантын дамытып жетілдіріп отыруы керек, бұл құдайлық іс болып саналады. Қауымдастықта өзінің талантын көрсетсе, оларға сол талантын жетілдіруге барлық жағдай жасалады: сабақ беруге, ағылшын тілін үйретуге, музыкамен, спортпен айналысу, ән айту, сурет салу, іс-шаралар мен мерекелерді ұйымдастырушы бола алады. Мормондардың ұстанымы - адам адал жолмен мансапқа ұмтылып, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

Алматылық приходтағы қарым-қатынас келушілердің жасына қарай, түрлі топтарда ұйымдастырылады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, алғашқы бастауыш топта 3-12 жас аралығындағы балаларға ойын мен музыка арқылы сенімнің негіздері мен жүріс-тұрыс нормалары түсіндіріледі.

Содан кейінгі топ – жас жігіттер мен жас қыздар қауымы. Анығында бұл топтың іс-шараларына жасына қарамастан шіркеудің шоқынған мүшелері қатыса алады. Бұл топтағы қауым ағымдағы істермен айналысады. Бұл жерде сабақтардың тақырыптары талқыланады, мерекелерге дайындық және т.б. жасалады. Ал, мейірімділік қоғамына барлық әйелдер (шоқынған, шоқынбаған, жаңадан келген) қатыса алады. Бұл ұйымның сабақтарында, өмір сүру нормалары, құндылықтар мен сенімнің адам өміріндегі түрлі аспектілері қарастырылады.

Сонымен қатар, біздің байқағанымыз, жасөспірімдер өздерінен кіші келушілерге қарап жүреді. Балалар үлкендердің сөзіне үлкен құрметпен қарайды. Ал үлкендер болса, басқа балаларға да өз балаларындай қамқорлық жасайды. Үлкендер үнемі жастардың жүріс-тұрысын бақылауда ұстайды, қажет болса

ескертулер жасайды, бірақ дауыс көтермей достық пейілмен айтады. Жалпы шіркеудегі адамдар арасындағы қарым-қатынасты жайлы және достық қалыпта деп бағалауға болады, байқағанымыздай олар өздерін бейне бір отбасында жүргендей сезінеді. Мұндай қатынас шіркеу ішіндегі жайлы атмосфераны қалыптастыруға көмектеседі.

Шіркеудің әрбір мүшесінің тегін атқаратын қызметі болады, олар ерікті түрде бір міндетті мойындарына алады. Бұл жұмыстар әркімнің қабілетіне қарай бөлініп беріледі. Олардың қатарына жексенбілік мектепте немесе мейірімділік қоғамында сабақ беру, гимндарды үйрететін музыкант немесе дирижер міндетін атқарушы болу, келушілердің қатысуын белгілеп отыру жатады. Кез-келген мұндай қызметтің жүктелуі, әрбір адам шіркеуге өзінің қажеттілігін сезіну болып табылады.

Алматыдағы шіркеу үшін шіркеуге келіп, жиналыстарға қатысу – үлкен мәселе. Қазіргі кезде шоқынған 120 шақты адамның тек 40 – 50 ғана тұрақты түрде шіркеуге келіп тұрады. Олардың басым бөлігі бұрыннан шіркеуге мүше болып келе жатқандар. Шіркеу президентінің айтуынша, келушілер санының өспеуінің бір себебі «Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңының «Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар» атты 9– бабына енгізілген өзгерістерге байланысты екен. Бұл заңда «Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) таратуға жол беріледі» делінген [1]. Сондықтан миссионерлер өздерінің діни әдебиеттерін бұрынғыдай көшелерде немесе үйлерді аралап тарата алмағандықтан, соңғы жылдары келушілер саны өспеген. Дегенмен де миссионерлер шіркеуге жақын жерлерде, көшелерде, қоғамдық көліктерде «Бесплатная практика английского языка» және «Воскресное богослужение» деген жазулары бар мекен-жайы, уақыты көрсетілген визиткалар таратып жүргені анықталды. Нақтырақ айтсақ, шіркеуге жақын жерде орналасқан «Dostyk Plaza» ойын-сауық орталығында осы шақыру қағаздарын алып шіркеуге келген адамдарды кездестірдік. Осындай шақырумен келген жастардың көпшілігі шақырушылардың миссионерлер, ал бұл ұйымның шіркеу екенінен хабарсыз болып шықты.

Шіркеу мүшелерінің сөздеріне қарағанда, айналасындағылардың оларға деген көзқарастары кейде оларға кедергі келтіреді. Айтуларына, кейбір адамдар оларға сектант деп теріс қараған кездері де болған. Соның бәрі қауым мүшелерінің бойында реніш пен әділетсіздік сезімін туғызады екен. Еліміз әрбір адамның дін ұстануда ерік бостандығы бар зайырлы мемлекет болғанымен мұндай жағдайлардың кездесіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз.

Осы секілді шаралар айта берсек көп, ең бастысы мормондар қазақ жерінде өз ілімдерін таратуда жан-жақты жұмыс жасауда.

Қазақстандық шіркеуге барып жүрген жастардың қауымның көмегімен шетелде білім алуға, яғни мормондардың Бригам Янг университетіне барып оқуға мүмкіндіктері бар. Ол университет туралы алдыңғы тарауда жазылған болатын. Оған қоса, қазақстандық мормондар миссионерлікпен айналысқысы келсе, Солт-Лейк Ситидегі миссионерлер дайындайтын орталықта тіл үйренуіне

байланысты 3 аптадан 3 айға дейінгі дайындық курстарынан өтеді. Орталықта дайындықтан өткен соң шіркеу басшылығы жіберген елге миссионерлік міндетін атқаруға кетеді. Шіркеу мүшелерінен шетелде миссияда жүрген қазақстандықтардың да бар екенін естіп білдік. Бұл біздің жастарымыздың шетел асып уақытша немесе біржола елден кетуіне мормондар шіркеуі де септігін тигізіп отырғанын байқатады.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуіне негізін салушылар мен пайғамбарларының күнәдан пәк болуы, тірі пайғамбарларға сену, рухани элитарлық, прозелитизм, діни маркетинг сияқты секталық белгілер тән екендігі анықталды. Бірақ та бұл сипаттардың азаматтардың психикалық және физикалық денсаулығына қауіп төндіргенін байқамадық. Ресейлік дінтанушы А.Л. Дворкин мормондар ұйымын теологиялық тұрғыдан алғанда, саяси қызметпен белсенді айналысатын, милленаристік (хилиастік) көзқарастағы синкреттік, оккульттік, неопұтқатабынушылық сектасы ретінде сипаттайды [86, 25 б.]. Оның классификациясы бойынша мормондар ұйымы Ресейде тоталитарлық секта деп танылса, біздің елімізде отандық дінтанушы Н.Ж. Байтенованың жетекшілігімен шыққан оқу құралдарында дәстүрлі емес діни ағымдардың қатарына жатқызылады [87, 294 б.].

Шіркеу мүшелерінен толықтай шіркеу басшылығына бағыну талап етіледі, есесіне олардың кейбір маңызды қажеттіліктері қанағаттандырылады. Біріншіден, қауіпсіздікте сезіну қажеттілігі қанағаттандырылады. Шіркеуде келушілерге өздерін қауіпсіздікте сезінетіндей психологиялық ахуал қалыптастырылады. Екіншіден, адамдардың махаббат пен сүйіспеншілікке деген қажеттілігі қанағаттандырылады. Қауымда адам өзіне деген басқа адамдардың махаббатын сезінеді, ол шынайы түрде жүзеге асады, қауым ішінде адамдар бір-біріне махаббатпен, мейірімділікпен қарайды. Үшіншіден, шіркеулік ұжымның мүшесі бола отырып, қазіргі жаттанған қоғамда өзіне деген жетіспеген құрметті сезінеді. Сонымен қатар, шіркеу мүшелері бір-бірін жақын танып, көп уақыттарын бірге өткізіп, бір-біріне көмектескен соң араларындағы жатсынушылық жойылады, демек, келушілердің шынайы қарым-қатынасқа деген қажеттіліктері қанағаттандырылады. Төртіншіден, құрмет пен статусының өсу қажеттілігі қанағаттандырылады. Шіркеу мүшелері топ ішінде өздерінің позициясын өзгертуіне немесе көтеруіне болады, ал бұл өз кезегінде олардың зайырлы өмірдегі әлеуметтік статусына да әсер етеді. Шіркеу қабырғасында әсіресе, балалар мен жасөспірімдер өз қатарластарына қарағанда салауатты жағдайда, үлкендердің жетекшілігімен әлеуметтену процесінен өтеді. Бесіншіден, ең бастысы, шіркеуге келген әрбір адам өзінің діни қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл жердегі басты артықшылық Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуі аясында өмірдің заманауи нормаларына қайшы келмей-ақ өзінің діни сезімі мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға болатындығы.

Алматы қаласында жүргізілген іштен бақылау қазақстандық мормонның портретін жасауға мүмкіндік берді. Ол – 17-25 жас аралығындағы жас қыз немесе жігіт және 30-55 жас аралығындағы әйел немесе ер адам. Бұл топтардың екеуі

де культтік және зайырлы шіркеулік іс-шараларға қатыса отырып, діни қарым-қатынаста айтарлықтай белсенділік танытады. Қазақстандық мормон әдетте жоғары білімі бар қызметкер немесе студент, табыс табу деңгейі қазақстандық өлшемдер бойынша орташа. Жас мормон ағылшын тілін өте жақсы меңгерген, біліктілігі жоғары деңгейде. Қазақстандық мормондар мемлекетке және саясатқа лояльды қатынаста және ол рухани ізденістерін әлеуметтік жетістіктермен үйлестіруге ұмтылады [88].

Ресейлік дінтанушы әрі журналист Роман Лункин өзінің орыс мормонизміне қатысты мақаласында былай деп жазады: «Мормондар идеологиясы – оның отбасы, еркіндік, сәттілік культімен бірге американдық мәдениеттің қарапайым көрінісі. Заманауи мәдениетте осы идеялар өзінің орнын таба алды. Мормондықтағы «Американдық арман» бейнесі адамдар үшін өте жарқын әрі қызықтыратындай болды» [89]. Мормондар шіркеуінің жаңа адептілері үшін қызығушылық тудыратын тұстарын қарастырған кезде, шіркеудің әртүрлі мемлекеттердегі дамуы әртүрлі екендігін аңғарамыз. Шіркеу мүшелері санының артуы осы ұйымда өте жақсы жолға қойылған миссионерлік жұмыс есебінен болып отыр. Мұны 2 кестеде көрсетілген статистикалық есептерге қарап түсінуге болады. Одан көретініміз, миссионерлер санының көбеймесе азаймайтындығы. Жыл бойы миссиясы біткен миссионерлердің орнын жаңа миссионерлер толықтырып отырады, сондықтан миссионерлік қызмет үздіксіз жұмыс істеп тұрады.

Шіркеу мүшелері санының өсуі кейінгі кезде африкалық елдер, Азия және Латын Америкасының елдері есебінен артып отыр:

2017 жылы Солтүстік Америкада – 9 253 590, Оңтүстік Америкада – 4 038 045, Азияда – 1 155 764, Африкада – 578 310, Тынықмұхиттық аралдарда – 552 825, алайда бұл көрсеткіштер еуропалық мемлекеттерде айтарлықтай төменірек – 516 003. [90]. Шіркеудің Қазақстанда пайда болуынан бастап (1999 жылдан) шамамен 300-ге жуық адам шоқынған, олардың негізгі үлес салмағы Алматы мен Астана қаласына келеді.

Біздің ойымызша болашақта Қазақстанда мормондар шіркеуінің қарқынды сандық өсуі болжанбайды. Оның әртүрлі себептері бар:

а) қазақстандық қоғамда дәстүрлі болып табылатын ислам мен православие діндерінің позицияларының нақтылығында;

б) елімізде діни плюрализм тәжірибесінің болмауында. АҚШ – протестанттық мемлекет, онда бір уақытта көптеген протестанттық шіркеулер, католицизм, православие, ислам, жаңа діни қозғалыстар мен секталар, және т.б. бірге тіршілік ете берген. Осындай тарихи көптүрлілік американдық қоғамның моральдық ұстанымдарына түбегейлі қарама-қайшы келмесе, айналасындағылар мен адептердің, өздерінің денсаулығына зияны тимесе, онда ол ұлттық болмыстың тағы бір көрінісін игеру түрі ретінде қабылданады. Ал жалпы посткеңестік елдерде, оның ішінде біздің елімізде дін саласындағы барлық жаңашылдықтар мен дәстүрлер көбінесе мемлекетке қатысты бір қауіп ретінде қабылданады.

в) адам психологиясы саласында:

- Қазақстандықтардың белсенді діни қызметке дайын болмауы. Егерде қатты қажеттілік болмаса қазақстандықтардың басым көпшілігі үйреніскен өмір салтын өзгертпейді;

- ұлттық көзқараспен сабақтас діни көзқарастар тұрғанда таныс емес дінді қабылдаудың ешқандай қажеттілігі болмайды;

- мормондар шіркеуінің адамдарды тартатын бір себебі – шіркеудегі жайлы психологиялық атмосфера.

Бақылаудың және де жекелеген сұхбаттарды талдау нәтижесінде шығатын қорытынды, қазақстандықтардың Мормондар шіркеуін таңдаудың негізі:

а) прагматикалық қызығушылық, яғни шіркеу ресурстарын өз пайдасына қолдану. Оған осы шіркеу арқылы ағылшын тілін тегін үйрену мен Америкаға оқуға бару мүмкіндігін мысалға келтіруге болады;

б) жеке адам өміріндегі тазалық пен киелілік ұстанымдарының тартымдылығы;

в) тұлғаның төменгі бірақ базалық болып табылатын қажеттіліктерін қанағаттандыру (бұл жөнінде алдыңғы тарауда Абрахам Маслоудың қажеттіліктердің классикалық пирамидасы бойынша түсіндірілген);

г) сирек жағдайда рухани ізденістер көрініс табады.

Үшінші бөлімді қорытындылай келе айтарымыз, Қазақстанда мормондар қауымы бар, ол баяу болса да өсу динамикасына ие. Миссионерлер өз қызметтерін барынша атқаруда. Діни сенім бостандығы, халықтың рухани ізденуі мен кейбір азаматтардың дәстүрлі діндерге қанағаттанбаушылығы мормондықтың қазақ жерінде пайда болуының негізгі себептері ретінде айтуға болады.

Алматыдағы Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің қауымдастығында жүргізілген алғашқы зерттеу қазақстандық мормонның портретін, оның әлеуметтік мәртебесін, білімін және мәдени деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, алматылық мормондар қауымының этникалық және жастық құрамы, оның мүшелері санының өсу динамикасы анықталды. Алматылық колледждерде оқытушы болып жұмыс жасайтын «Мейірімділік қоғамының» жетекшісі Людмила мен түрлі әлеуметтік жобалардың авторы әрі журналист Марианна сияқты студент жастармен және қоғаммен тікелей жұмыс жасайтындар өз орталарында мормондар туралы қалыптасқан стереотиптерді жойып, оң көзқарастың қалыптасуы мен шіркеу мүшелерінің санының артуына септігін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның тәуелсіздік алып өз алдына мемлекет болып қалыптасуы қоғамның мәдени-рухани, соның ішінде дін саласындағы терең өзгерістердің орын алуына алып келді. Коммунистік идеологияға негізделген мемлекеттік атеизм тарихи сахнадан түскен соң, еліміз діни ренессанс үдерістерін бастан өткізді. Қазақстан халқының діни идентификациясында басты орын алатын ислам мен прасвославие діни жаңғырудың бағыты мен сипатын айқындауға талпынды. Сонымен қатар, осы уақыттарда еліміздегі әртүрлі этностардың арасында дәстүрлі протестанттық және тағы да басқа конфессиялық ағым өкілдері де 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңына сай діни бірлестіктер ашып, діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік алды. Дегенмен, халықтың басым көпшілігінің діни сауаттылығы төмен болды және осы уақыттарда елімізге шет елдерден түрлі діни ағымдар ағылып келе бастады. Атеизм құрсауы мен идеологиялық қысымнан енді босаған халыққа рухани кемелділік жолы мен қайырымдылық қолын ұсынған жаңа діни ағымдар тез арада кең тарала бастады. Нарықтық қоғамдағы бәсекелестікте әбден шындалған әрі қомақты материалдық-қаржылық ресурстарға ие болған бұл діни ағымдардың әрекетіне ұзақ уақыт қоғамнан алыстатылған дәстүрлі діни бірлестіктер бірден тойтарыс бере алмады. Бұл азаматтарымыздың осы ағымдарға конверсиялануына түрткі болды. Соның нәтижесінде Қазақстанның конфессионалдық кеңістігінің сегментациялануы орын алды. Ал бұл өз кезегінде, дін мен қоғам, мемлекет пен дін, дін мен жеке тұлға қарым-қатынасын реттеуді қажет етеді. 2011 жылы қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы» осы қажеттіліктен туындады. Қазіргі уақытта еліміздегі 18 конфессияға тиесілі 3500 жуық діни бірлестіктер осы Заң аясында өз қызметтерін жүзеге асырып келеді. Осыған орай еліміздегі діни қауымдастықтар мен бірлестіктердің тарихын, діни доктринасы мен культтік және культтен тыс қызметтерін ғылыми зерттеу қажеттілігі туындады.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

- Диссертациялық зерттеуде Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуін зерттеу жұмысының тақырыбы ретінде ала отырып, бұл ұйымның бүкіл әлемде және біздің елімізде белсенді қызмет етуінің себептерін анықтауға әрекет жасалды. Ол христиан діни дәстүрінен, соның ішінде неопротестанттық бағыттан өрбігендігіне қарамастан ежелгі архаикалық және көне өсиеттік сенім элементтерінде қамтиды.

- Мормонизм теоретиктерінің өздерін қарапайым христиандар ретінде ғана емес, христиан фундаменталистері ретінде көрсетуге тырысқан көптеген әрекеттеріне қарамастан, мормондардың діни ілімінде қазіргі американы адамзатты азат етудің рухани көшбасшысы ретінде жарнамалауға бағытталған американизм идеясымен сәйкес келетін тұстардың да бар болуы.

- Бригам Янг және басқа да шіркеу жетекшілерінің қауымның әлеуметтік өмірін ұйымдастыруындағы ұтымды менеджменті мен маркетингтік ұстанымдары қауымның қазіргі заманғы ірі деноминацияға ұласуына ықпал етіп, «діндер нарығында» сұранысқа ие болуын қамтамасыз етті.

- Қалыптасуының алғашқы күндерінен бастап қазірге дейін шіркеу өзі таралған барлық елдерде өзінің жағымды имиджін қалыптастыруға талпынады және осы мақсатта барлық мүмкіндіктерін ұтымды қолданады. Айталық шіркеу жарасымды отбасы, салауатты өмір салты, мейірімділік пен қайырымдылық идеяларын шіркеу имиджін қалыптасуына икемді жүзеге асырады. Сонымен қатар өмірдің түрлі салаларында саясатта, іскерлікте, ғылыми және өнер шығармашылығында жетістікке жеткен шіркеу мүшелерін үлгі аларлық тұлғалар ретінде таныстырады және осының бәрін құдайдың рақымы мен шапағатының көрінісі ретінде сипаттайды.

- Өздерінің таралу аймақтарына қарай мормондық шіркеу миссионерлік қызметтің әртүрлі амал-тәсілдерін қолданады. Олардың бірқатары шіркеудің барлық елдердегі миссионерлік қызметіне тән жалпы миссионерлік тәсілдер болса, әр елдің мәдениетіне, салт-дәстүріне, ұлттық мейрамдарына сай жасалатын ерекше миссионерлік тәсілдері де болады.

Диссертациялық жұмыс аясында қазақстандық мормондардың осы шіркеуді таңдауы мен оған конверсиялануының себебін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін талдау барысында, келесі тұжырымдар жасалды:

а) мормондар шіркеуінің этникалық құрамының басым бөлігін орыс ұлтының өкілдері, ұлттық тамырынан айрылған қазақтар және басқа да ұлттан шыққан азаматтар құрайды;

б) қазіргі Қазақстандағы үлкен қоғамдық сұранысқа ие ағылшын тілін үйрену қажеттілігін кейбір Қазақстан азаматтарының мормондар шіркеуін таңдауына ықпал ететін фактор ретіне қарастыруға болады, сонымен қатар шіркеу өз мүшелерінің шіркеудің ішкі стратификациясында вертикалды мобильділікке де назар аударады. Яғни мормондар қауымдастығында шіркеу доктринасы мен қызметіне ынта танытқандарды көтермелеу, әртүрлі қолдау көрсету тетіктері қарастырылған;

в) америкалық өмір салтына қызығушылық, жетістікке жету мен табысты болу қазіргі жастардың рухани-әлеуметтік бағдарлануында маңызды орын алады. Бұл ұстанымдар жастар тарапынан жанашылдыққа қабілеттілік ретінде қабылданады, ал жаңа нәрсе қашанда, әсіресе жастардың қызығушылығын туғызатыны белгілі;

г) Мормондар шіркеуі қауымның әлеуметтік-психологиялық көңіл күйіне ерекше назар аударады және осы мақсатта өз қызметтерінде әлеуметтік коммуникацияның құралдары мен тәсілдерін кеңінен қолданады. Шіркеу адамдардың шынайы қызығушылығын тудыру үшін түрлі конкурстар, спорттық жарыстар және ұлттық мерекелерді ұйымдастырады. Оған тегін ағылшын курстарына келіп тіл үйренгісі келгендерді және шіркеу мүшелерінің таныстарын шақырады. Оларды бұл шараларды тек тамашалауға ғана емес, бірге

атсалып қатысуға шақырады. Мұндай іс-шаралардың соңында дастархан жайылып (фуршет), қонақтар мен шіркеу мүшелерінің емін-еркін араласуына, пікір алмасуына жағдай жасалады;

д) Қазіргі қоғамдағы табыстылықтың негізгі алғышарттарының бірі – білім алу. Адамдардың, соның ішінде жастардың осы қажеттілігін шіркеу өз мақсатымен ұтымды ұштастырады. Мормондардың арнайы дінге тарату әдістерінің бірі – ол өздерінің діни оқу орнына әр елдерден студенттерді тарту. Шіркеуге барып жүрген қазақстандық жастарға мормондардың беделді оқу орны – Бригам Янг атындағы діни университетте білім алуына жағдай жасалған;

ж) тегін ағылшын курстары арқылы жастарды өз қатарларына тарту. Қазақстан қоғамында ағылшын тілін үйрену басты қажеттіліктердің біріне айналып отыр. Алайда, көптеген адамдар, соның ішінде жастардың тіл үйрену курстарынан ақылы түрде өтуге, шетелдердегі тілдік ортада ағылшын тілі дағдыларын шыңдауына жағдайы келмейді. Осы себепті де жастарымыздың жаңа діни ағымдарға өтіп кету ықтималдығы жоғары екенін ескеруіміз қажет;

з) гуманитарлық-қайырымдылық көмек көрсете отырып, мормондар өздерінің шіркеуі жайында неғұрлым көп адамның хабардар болуын қамтамасыз етеді. Мемлекет пен қоғам тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың әлсіздігі де мормондар шіркеуі сияқты жаңа діни ағымдардың таралуына себеп болып отыр.

Диссертациялық зерттеу қорытындылары Қазақстандағы жаңа діни ағымдар мен бірлестіктердің қызметін зерттеуде теориялық-методологиялық рөлге ие бола алады. Сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар қазіргі плюралистік қоғамдағы діндердің әлеуметтік ұйымдасу тәсілдері мен формаларын, қалыптасқан «діни нарық» жағдайында діндердің қызмет ету принциптерін түсінуге жол ашады.

Мормондар шіркеуі сияқты діни ұйымдардың діни доктринасы мен құлшылық-ғибадаттарын, миссионерлік әдіс-тәсілдерін білу еліміздің рухани тұтастығын қамтамасыз етудің жолдарын теориялық-практикалық тұрғыдан пайымдап, тұжырымдауға және конфессияаралық толеранттылықты қамтамасыз етуге игі ықпалын тигізеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысы аясында алынған нәтижелерден келесі қорытындыларды шығара аламыз:

1-тарау бойынша: мормондар ілімінің пайда болу тарихы зерттелді және алғашқы қауымдарына шолу жасалды, мормондардың киелі кітаптары мен мәтіндеріне қатысты шетелдік зерттеушілердің сыни тұрғыда жазылған еңбектері қарастырылды, діни ілімі мен ғибадаттары зерттелді.

Америка Құрама Штаттарында әлеуметтік-қоғамдық және діни қатынастардың даму тарихы жаңа діни топтардың пайда болуын алдын-ала анықтады, ал ұлы жаңғыру - ривайвельдер - қазірдің өзінде бар протестанттық деноминацияларды нығайтуға және христиандықтың жаңа модификацияларының ХІХ ғасырда Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелер шіркеуінің пайда болуына тікелей әсер етті.

2-тарау бойынша: Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің құрылымы мен ұйымдарына, миссиясы мен қазіргі миссионерлік қызметіне дінтанулық талдау жасалды.

Мормондар шіркеуінің өсу феноменінде оның экономикалық саясаты маңызды рөл атқарады. Иса Мәсіхтің соңғы замандағы әулиелер шіркеуін табысты корпорациямен салыстыруға болады, онда барлық шығыстар мен кірістер реттелген. Шіркеудің басшылығы оның мүшелерінің жоғары білімді, коммерциялық жағынан табысты болуына тікелей мүдделі. Шіркеу қайырымдылыққа, құрылысқа, оқу орындарына және басқа да шығындарға, мысалы, нарықтық экономика орналасқан елдердің студенттері үшін бизнес-білім беру бағдарламаларына айтарлықтай қаражат жұмсау арқылы, әр түрлі қайырымдылықтарда және, атап айтқанда, мүшелерінің табысының 10% төлемінің арқасында қызмет етеді; білім алуға несие береді және т.б. XX ғасырдың бірінші жартысында қабылданған шіркеу мүшелерінің әл-ауқатын көтеру бағдарламасы 1930-шы жылдардағы Ұлы Депрессия кезінде ғана емес, сонымен бірге жаһандық дағдарыс кезінде жаңа адептерді, әсіресе Латын Америкасында, Азия, Африка, Тынық мұхиты аймақтарында адамдарды белсенді түрде тартатын оң мысал болып табылады.

Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің белсенді қайырымдылығы әлемдегі мормондар ұйымының имиджіне оң әсер ететін тағы бір фактор болды. Бұл мормондардың құндылықтары үшін адамның жалпыға ортақ адами ұмтылыстарына және жақынына көмектесу процесінде психологиялық қанағаттану сезіміне бөлейтін фактор болып табылады.

3-тарау бойынша: Жалпы Қазақстандағы діни ахуал және мормондықтың таралуы зерттелді, еліміздегі мормондық шіркеулердің миссионерлік, қайырымдылық және ағартушылық қызмет бағыттарына талдау жасалды. Сонымен қатар, қазақстандық мормондардың осы шіркеуді таңдауы мен оған конверсиялануының себебін анықтау мақсатында әлеуметтанулық іштен бақылау әдісі жүргізілді.

Жақын арада Иса Мәсіхтің соңғы замандағы Әулиелері шіркеуінің Қазақстанда елеулі сандық өсуі күтілмейді. Бұған Қазақстан қоғамын ислам және православиелік діндермен байланыстыратын мәдени, тарихи және діни дәстүрлерге негізделген әр түрлі себептер бар. Сондай-ақ психологиялық себептер, яғни қазақстандықтардың діни белсенділікке дайын болмауы, жаңа нәрсені қабылдаудағы консерватизм, өзін-өзі моральдық және әртүрлі тыйым салатын қатаң талаптармен шектеу және т.б.

Біздің байқауымыз бойынша, қазақстандық мормондарды екі топқа бөліп көрсетуге болады: 1) 30 жасқа дейінгі жастар; 2) 40-55 жастағы әйелдер мен ерлер. Алғашқы топ сенушілері өз жасына байланысты қызығушылық танытып, отбасында, достық қарым-қатынаста түрлі себептермен жетіспейтін қолдау мен қамқорлықты шіркеуден табады; екінші топ өкілдерінде бос уақыттары бар, жас келген сайынғы қажет болу сезімін осы шіркеуде қанағаттандырады. Американдық қоғамға және атап айтқанда, американдық мормондарға тән отбасын бірінші орынға қою, еркіндік және әл-ауқат, кейбір азаматтарымызға

жақын болды, бірақ біз айтып кеткендей, қазақстандықтардың көпшілігі үшін бұл құндылықтар рухани және діни ізденістермен тікелей байланысты емес, сондықтан рухани салада дәстүрлі діндердің позициялары күшті болып қала береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483> (Дата 08.12.2017)
2. Скотт К. Мормонизм стремительно распространяется в Латинской Америке: [Электронный документ] (<http://www.blagovest-info.ru/index.php?...p:id=25623>)
3. Альбаниз Кэтрин Л. Религиозное многообразие в ранний период истории Америки: [Электронный документ]
4. Кислова А.А. Религия и церковь в общественно-политической жизни США первой половины XIX века. М.: Наука, 1989.-С.7.
5. Учение и Заветы. Драгоценная Жемчужина.-Солт-Лейк-Сити: Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, 1995.-442 с.
6. Макдауэлл Дж. Обманщики: во что верят приверженцы культов. Как они заманивают последователей: Пер. с англ. / Дж. Макдауэлл, Д. Стюарт. М.: Протестант, 1993. С. 45
7. Диккенс Ч. К великому соленому озеру//?//Свобода совести в России: Исторический и современные аспекты.Сборник статей. Выпуск 6.-М., СПб., 2008.-С.32-42.
8. Иаков 1:5 <https://www.bible.com/ru/bible/400/JAS.1.SYNO>
9. Стивен К. Харпер Первое видение: описания, данные Джозефом Смитом // URL: <https://history.lds.org/article/first-vision-accounts-synthesis?lang=rus>, 20.03.2016.
10. Хинкли Г. Б. Чудесное основание нашей веры // URL: https://www.lds.org/general-conference/2002/10/the-marvelous-foundation-of-our-faith?lang=rus&_r=1, 20.03.2016.
11. Weber M. Prophet // Gesamtausgabe / Max Weber. Im Auftr. Der Kommission für Sozial- und Wirtschaftsgeschichte der Bayerischen Akademie der Wissenschaften. Hrsg. Von Horst Baier..., Abteilung I: Schriften und Reden, Band 22-2 - Tübingen: Mohr Siebeck, 2001. p. 188.
12. Учения президентов церкви: Джозеф Смит. Глава 4: Книга мормона: ключевой камень нашей религии // URL: <https://www.lds.org/manual/teachings-of-presidents-of-the-church-joseph-smith/008?lang=rus>, 21.03.2016
13. Антоненко С. Г. Мормоны в России: Путь длиной в столетие. М.: ООО «Родина», 2007. С. 27.
14. Книга Мормона. Еще одно свидетельство об Иисусе Христе. Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, Солт-Лейк-Сити, штат Юта, США, 2011. С. VII-VIII
15. Кривошеенко О. Ю. Церковь Иисуса Христа Святых последних дней как конфессиональный феномен. СПбГПУ им. А. И. Герцена. СПб. 2009. С. 34
16. Bushman C.L. Contemporary mormonism. Latter-Day Saints In Modern America. Westport, 2006. – 293 p.

17. Учения президентов церкви: Джозеф Смит. Глава 46: Мученическая смерть: Пророк запечатывает свое свидетельство собственной кровью // URL: <https://www.lds.org/manual/teachings-of-presidents-of-the-church-joseph-smith/050?lang=rus>, 21.03.2016.
18. Элтаева Н.С., Затов Қ.А. Мормондар қауымының зерттелу тарихы. ҚазҰУ Хабаршысы. «Философия, Мәдениеттану, Саясаттану» сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - № 1(55) – 34-42 бб.
19. Гюрэ Ж. Христиане многоженцы. С. 11
20. Баллард Рассел М. Чудо Библии// Свобода совести в России: Исторический и современные аспекты. Сборник статей. Выпуск 6.-М., СПб., 2008.- С. 12
21. Элбакян Е.С. «Церковь Иисуса Христа Святых последних дней». / Словарь-справочник «Религии России». — М.: Энциклопедия., 2014 – 23 б.
22. Tanner Jerald., Tanner Sandra. The changing world of Mormonism: [Электронный документ] http://www.utlm.org/onlinebooks/change_contents.htm
23. Книга Мормона сегодня <http://mit.irr.org/kniga-mormona-segodnya>
24. Драгоценная Жемчужина.-Солт-Лейк-Сити: Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, 1995,-С.IV-V.
25. Символы веры
<https://www.churchofjesuschrist.org/study/scriptures/pgp/a-of-f/1?lang=rus>
26. Времена и сезоны. 15 августа 1844. - с. 613-61
27. Кураев А. Ранее христианство и переселение душ: [Электронный документ] (http://kuraev.ru/index.php?option=com_remository&Itemid=54&func=fi!einfo&id=17).-С.153.
28. Ориген. О началах: [Электронный документ] (<http://khazarzar.skeptik.net/books/origenus/arche.htm>).-С43.
29. Основы Евангелия.- Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, 1997.-С.1.
30. Григоренко А.Ю. Эсхатология, милленаризм, адвентизм: история и современность.- СПб: Европейский дом, 2004. -С. 44-46
31. Верой сильны. Евангельский справочник.- Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, 2004.-С.33.
32. Altayeva N.S., Zatov K.A., Bishmanov K.M., Bagasharov K., Mukan N.The ontological characteristics of the Church of Jesus Christ of Latter-day Saints. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities (ISSN 0975-2935) Indexed by Web of Science, Scopus, DOAJ, ERIHPLUS, Vol. 12, No. 1, January-March, 2020. 1-10
33. Основы религиоведения. Учебник/ Под ред. И. Н. Яблокова.- М.: Высшая школа, 1994.-55-56
34. Семья: Воззвание к миру// Во имя нравственной силы молодежи. Выполнить наш долг перед Богом.- Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, 2002.-С.42.
35. Кондратьев Ю. История и вероучение секты мормонов: [Электронный документ] (<http://www.antimormon.narod.ru/>)

36. Кто такие мормоны? <https://www.mormonnews.kz>
37. 2019 Statistical Report for April 2020 Conference <https://newsroom.churchofjesuschrist.org/article/2019-statistical-report>
38. COVID-19 мешает построить первый на Ближнем Востоке храм мормонов https://www.ng.ru/events/2020-04-14/11_485_temples.html
39. Церковь Иисуса Христа святых последних дней в России <https://ru.cerkoviisusahrista.org/%D0%BE-%D0%BD%D0%B0%D1%81>
40. Факты и Статистика <https://novosti-kz.cerkoviisusahrista.org/%D1%84%D0%B0%D0%BA%D1%82%D1%8B-%D0%B8-c%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0/country/%D1%83%D0%BA%D1%80%D0%B0%D0%B8%D0%BD%D0%B0>
41. Храм мормонов [Электронный документ] <http://www.vinchi.ru>
42. Мормоны намерены купить расположение властей Кыргызстана [Электронный документ] <https://www.sedmitza.ru/text/289673.html>
43. В Узбекистан прибыл гуманитарный груз из США [Электронный документ] <https://t.me/iadunyo/5392>
44. Статистический отчет за апрель 2020 года <https://newsroom.churchofjesuschrist.org/article/2019-statistical-report>
45. Мехтиев А. В кризис лучше быть мормоном. Мормоны лучше переносят тяготы мирового кризиса, чем остальное население США: [Электронный документ] (<http://www.portal-credo.ru/site/?act=news&id=67896&type=viewv>)
46. Понд Э. Портрет мормонов США: [Электронный документ] (<http://pewforum.org/docs/?DocID=429>)
47. Заботиться о стаде. Обучение молодежи навыкам руководства// Лиахона.- Июнь, 2008. -С.13
48. Hinckley Gordon B. Why These Temples?: [Электронный документ] (<http://www.lightplanet.com/mormons/temples>)
49. Маслоу А. Теория человеческой мотивации// Мотивация и личность.-СПб.: Евразия, 1999. С.77-105
50. Диденко Ю. Почему я ушла из общины мормонов: [Электронный документ] (<http://eparhia.onego.ru/mormon.htm>)
51. Чемикосова Т. Мормоны в России: реальное и виртуальное существование//Вестник Евразии.- М., 2003 №2.-170.
52. Дремова Г. Тайна золотых листов// Наука и религия.-1991, №8.-С.3-4. Женщина Церкви Святых последних дней. Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, 1997. - С.4
53. Креонский М.//Форум миссионерского портала диакона А.Кураева: [Электронный документ] (http://kuraev.ru/index.php?option=com_smf&Itemid=63&topic=25327.40).
54. Обязанности и благословения священства. Издано Церковью Иисуса Христа Святых последних дней, 1997.-С. VIII

55. Altayeva N.S., Zaton K.A. Mormons church structure and service. ҚазҰУ Хабаршысы. «Дінтану» сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. - № 2 – 16-22 бб.
56. Официальный сайт Церкви Иисуса Христа Святых последних дней на русском языке: [Электронный документ] (<http://www.latter-daysaints.ru>).
57. Отчет Департамента аудиторских проверок Церкви, 2017 год: [Электронный документ] <https://www.lds.org/general-conference/2018/04/church-auditing-department-report-2017?lang=rus>
58. Әлтаева Н.С., Затов Қ.А. Мормондар қауымының құрылымы мен миссионерлік қызметі. ҚазҰУ Хабаршы. Философия. Мәдениеттану. Саясаттану сериясы. – 2017. - № 2 (60) – 80-87 бб.
59. 2019 ж. Статистикалық мәлімет <https://newsroom.churchofjesuschrist.org/article/2019-statistical-report>
60. Межрасовые отношения www.mormonnews.kz/статья/межрасовые-отношения
61. Священство Аароново <https://www.churchofjesuschrist.org/study/scriptures/gs/aaronic-priesthood?lang=rus>
62. Священство Мелхиседеково. <https://www.churchofjesuschrist.org/study/scriptures/gs/melchizedek-priesthood?lang=rus>
63. Provo Missionary Training Center <https://www.mtc.byu.edu/themtc.htm>
64. Әлтаева Н.С. Мормондардың миссионерлік қызметі «Мәдениетаралық және дінаралық сұхбат – заманауи қоғамның тұрақты даму кепілі» атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік онлайн-конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 84-88 бб.
65. Проповедовать Евангелие Мое: Пособие по миссионерскому служению. <https://www.lds.org/manual/preach-my-gospel-a-guide-to-missionary-service?lang=rus>
66. Кондратьев Ю. Уровни посвящения в секте мормонов http://www.kistine.ru/sects/mormonism/mormonism_kondratiev-3.htm
67. Религиозные объединения в Республике Казахстан, прошедшие перерегистрацию [Электронный ресурс]. Управление по делам религий города Астаны: <http://din.astana.kz/index.php?id=45> (дата обращения: 12.12.2017)
68. Бәйтенова Н.Ж., Затов Қ.А., Рысбекова Ш., Борбасова Қ.М., Бейсенов Б.Б., Мейрбаев Б.Б., Құрманалиева А.Д. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар. – А.: Қазақ университеті, 2010 – 147 б.
69. Мормоны построят первый храм в России https://www.gazeta.ru/social/news/2018/04/03/n_11369558.shtml
70. Әлтаева Н.С., Затов Қ.А. Қазақстандағы мормондар шіркеуі. // Хабаршы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №4 (62). 2017. – 219 б.

71. Факты и статистика [Электронный ресурс].
<https://www.mormonnews.kz/phakty-i-statistika/country/kazakhstan>
72. WikiLeaks files: U.S. envoys helped Mormons worldwide [Электронный ресурс].
<http://archive.slttrib.com/article.php?id=52659325&itype=CMSID> (дата обращения 17.12.2017)
73. Рассел М. Нельсон поздравил Касым-Жомарта Токаева с избранием на пост президента Республики Казахстан <https://novosti-kz.cerkoviisusahrista.org/article/rassel-m-nel-son-pozdravil-kasym-zhomarta-tokayeva-s-izbraniyem-na-post-prezidenta-respubliki-kazakhstan>
74. Представители Церкви приняли участие в Съезде лидеров мировых и традиционных религий <https://novosti-kz.cerkoviisusahrista.org/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F/predstaviteli-tserkvi-prinyali-uchastie-v-syezde>
75. Әлтаева Н.С., Қазақстандағы мормондық шіркеудің қызмет бағыттары. Профессор Т.Х. Ғабитовтың 70-жылдық мерейтойына арналған «Дәстүрлі қазақ мәдениеті және қазіргі кезең» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. А; Қазақ университеті, 2017. – 161-162 бб.
76. Мормоны намерены сотрудничать с правительством РК в части укрепления семейных ценностей <http://meta.kz/novosti/kazakhstan/1160098-mormony-namereny-sotrudnichat-s-pravitel-stvom-rk-v-chasti-ukrepleniya-semeynykh-tsennostey.html>
77. С кем Нурлан Ермекбаев собрался «укреплять семейные ценности»? <https://camonitor.kz/29506-s-kem-nurlan-ermekbaev-sobral-sya-ukreplyat-semeynye-cennosti.html>
78. Благотворительная служба Церкви приняла участие в республиканском семинаре по обучению принципам реабилитационной помощи <https://novosti-kz.cerkoviisusahrista.org/article/tserkov-prinyala-uchastiye-v-seminare-po-obucheniyu-printsipam-reabilitatsionnoy-pomoshchi>
79. Әлтаева Н.С., Затов Қ.А. Распространение мормонской церкви на территории РК «Өзгермелі әлемдегі мәдениетаралық коммуникация және интеграция мәселелері» ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы; Қазақ университеті, 2017. – 25-32 бб.
80. Мормоны Алматы приняли участие в мероприятии «Живая библиотека» <https://www.mormonnews.kz/>
81. Әлтаева Н.С., Затов Қ.А. Мормоны в Казахстане. X Халықаралық ғылыми конференция «Человекознание». «Гуманитарный трактат» журналы. Кемерово: «Плутон» баспа үйі, 2017. - №10 - 42-46 бб.
82. Библия Онлайн. Послание к Римлянам, Глава 6. <https://www.bibleonline.ru/bible/rus/52/06>
83. Глава 23. Причастие [Электронный ресурс].
<https://www.lds.org/manual/gospel-principles/chapter-23-the-sacrament?lang=rus>

84. Учения Президентов Церкви. Гордон Б. Хинкли [Электронный ресурс]. <http://media.ldscdn.org/pdf/scripture-and-lesson-support/teachings-of-presidents-of-the-church-gordon-b-hinckley/2017-01-00-teachings-of-presidents-of-the-church-gordon-b-hinckley-rus.pdf?download=true>
85. Десятина <https://www.mormonnews.ru/десятина>
86. Дворкин А. Л. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. Изд. 3-е, пераб. и доп. Нижний Новгород.: «Христианская библиотека», 2007. – 830 с.
87. Бәйтенова Н.Ж., Затов Қ.А, Рысбекова Ш., Борбасова Қ.М., Бейсенов Б.Б., Мейрбаев Б.Б., Құрманалиева А.Д. Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер. – А.: Қазақ университеті, 2013 – 294 б.
88. Altayeva N.S., Zatov K.A. Mormon Church in Kazakhstan. Mormon Church in Kazakhstan. Global Media Journal (ISSN 1550-7521), Volume 16, Issue 31 Nov 1, 2018. [Электронный документ] <https://www.globalmediajournal.com/open-access/mormon-church-in-kazakhstan.php?aid=87283>
89. Лункин Р. Мормоны в России: земная святость для русского человека: [Электронный документ] (<http://portal-credo.ru/site/?act=news&a...35&cf=>)
90. The Mormon Ghurch Statistics: [Электронный документ] <https://www.mormonnewsroom.org/facts-and-statistics>

Америкадан келген гуманитарлық жұп Тайлорлар отбасы және «Үміт»
саңырау мүгедектерге жәрдемдесу орталығы» қоғамдық қорының
директоры Аманбике Өсербайқызы



Қоштасу кешінде гуманитарлық жұп Тайлорлар отбасына
қазақша шапан кигізілді



Тайлорлар отбасын шығарып салуға жиналған жұрт



Гуманитарлық жұп Тайлорлар отбасын шығарып салуға арналған мерекелік іс-шара



Мормондардың Алматы приходындағы конфирмация рәсімі



Миссионер Диксонның жетекшілігімен бастапқы гимн айтылуда



Америкадан келген миссионер қыздармен



Америкадан келген миссионер жігіттермен



Гуманитарлық жұп Тайлорлар отбасы «Мейірімділік қоғамының» конференциясында

